

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

5/2015 МАМЫР

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СУЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
А.САҒЫМОВА.	Мемлекеттік тілді меңгертудегі компьютерлік оқыту технологиясының маңыздылығы.....	3
Ғ.ШӘРІПЖАНОВА.	Жұрт алдында сөйлеу мәдениетіне машықтандыру.....	9
С.АХМЕТЖАНОВА.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану..	14
	<i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Ә.АХМЕТОВА.	Грамматикалық сатылай кешенді талдаудың тиімді жолдары.....	23
Ш.БАЛТАБАЕВА.	Диалогтік оқыту тәсілін қолдана отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу мәдениетін дамыту.....	28
Ғ.ЩЕПАРЕВА.	Жеке тұлғаның даралығын дамыту тәсілдерінің оқу-тәрбие үдерісінде қолданылуы.....	33
	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Б.КӨЛБАЕВА.	Қазақ тілін оқытудағы жаңа бағыттар.....	37
В.СҰЛТАНҚЫЗЫ.	Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының «Инсерт» әдісін қазақ тілі сабағында тиімді қолдану.....	42
Т.МҰҚАШЕВА.	Білім беруде Кембридж тәсілдерін қолданудың тиімділігі.....	48
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Қ.ҚАДЫРҚҰЛОВ,	Әдебиетті оқу мен оқытудағы	
Р.ҚАДЫРҚҰЛОВА.	кереғарлық.....	57
Қ.ТАГИМАНОВА.	М.Жұмабаев. «Батыр Баян» поэмасы.....	65
Н.ЖҰМАШЕВА.	Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы.....	71
	<i>Білікті маман тәжірибесі</i>	
З.ДӘУРЕНБЕКОВА.	Қазақстанның Қызыл кітабы.....	85
Д.АБДРАХМАНОВА.	Ел бірлігі.....	89
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
А.ІЗБАСОВА.	Алманың пайдасы қандай?.....	95
Л.САДЕНОВА.	Туған жерімнің табиғаты.....	97
Н.ҚАЙДАРОВА.	Оңтүстік Қазақстан.....	103
К.ДӘУЛЕТБЕКОВА.	Көктемгі еңбек.....	107
Ә.КӨРІМОВА.	Мұхамеджан Тынышбаев.....	109
Г.МАЛИКБАЕВА.	Зат есім, сын есім, сан есімдерден өткенді қайталау.....	112
Г.ТҮРСЫНОВА.	Бір күн мемлекеттік тілде сөйлеймін.....	115
Ш.МАЛЫШУБАЕВА.	Мақал-мәтелдер.....	117
Ә.ГАЛЕЕВА.	Менің отбасым.....	122
Г.НАУХАНҚЫЗЫ.	Асырмалы шырай.....	127
	<i>Сыныптан тыс шара</i>	
Ж.ЖҰЛҚАШЕВА,	Өмірі өткен күнде,	
А.НАЛИЕВА.	Өлеңі бізбен бірге.....	132
	<i>Білім сынағында</i>	
А.АЙШИКОВА.	Қазақ тілі пәнінен 8-сыныпқа арналған нәтиже сабақ тапсырмалары.....	138
	<i>Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл!</i>	
М.ЗЕЙНЕЛҚАНҚЫЗЫ.	Ана деген – алтын қазық, алтын бақ!.....	141

Ғылыми ойлар отауы

ӘОЖ 81:002

А.САҒЫМОВА,
мемлекеттік және шет тілдер кафедрасы,
Алматы Технологиялық университеті

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада мемлекеттік тілді меңгертудегі компьютерлік оқыту технологиясының маңыздылығы туралы айтылады. Білім алушының қызығушылығын арттыратын компьютерлік технологияның оқыту үдерісіндегі рөлі мен қызметі сарапталған.

Түйін сөздер: компьютер, интернет, ақпараттық технологиялар.

Қазақстан Республикасындағы оқу мен тәрбие жүйесін техникаландыру мен автоматтандыру тенденциясының болашақ қарқыны мен қадамдарын іздеу және компьютерлік жүйені оқу-тәрбие үрдісіне енгізу тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қазіргі замандағы білім беру жүйесінің жаңа технологияларымен қамтамасыз етілуі міндеттелген.

Компьютерлік технология – оқытудың арнайы жиынтығы мен әдістемесін, әдісін және тәрбие құралдарын анықтайтын технологиялық-педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Соңғы жылдары қазақ тілін оқытуда және білім беруді компьютерлендіруде ақпараттық технологияны пайдалану туралы мәселеге баса назар аударылуда. «Қазіргі ақпараттық құралдар – бұл тек спутниктік және кабельді теледидар, бейне және дыбыстық жүйелер, электрондық ойындар емес, сонымен бірге тілді оқытудың жаңа жүйесі, ерекшелігі және тәсілін атқаратын негізгі бағыты болып табылады (И.Г.Гальперин).

Осы мақсатты іске асыру барысында, яғни, мемлекеттік тілді оқытуда пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсатында дәстүрден тыс әдістер мен тәсілдерді іздеуде. Себебі қызығушылық дегеніміз – үйренушілердің шығармашылық және ойлау қабілетін арттыруға септігін тигізетін ынталылық.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын әдістер мен Интернет секілді қазіргі тәсілдер жеке бағдарламалық бағытта көмегін тигізеді, курсанттардың қабілетіне қарай оқытудың дифференциациясын қамтамасыз етеді және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Бүгінгі таңда адамзат өмірінде компьютердің қолданылмайтын жері жоқ. Әр салада компьютерлік технология белсенді қолданылуда, ал интерактивті бағытта оқытушы мен курсанттарға көмекші құрал болып табылуда.

Психологиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда компьютермен оқытудың тиімділігі мол. Оқу-әдістемелік жұмысының тиімділігін, практикалық сабақтың қызығушылығын қамтиды. Егер компьютерлік бағдарлама сауатты құрылса, онда ол оқытушыға уақыт үнемдеуге және үйретудің кейбір тиімді сәттеріне назар аудартуға көмегін тигізеді. Компьютерлік технологияның тиімділігін арттыру үшін бағдарламада әр түрлі жаттығулар мен ойын элементтері мен ән-музыканы қолдануға болады.

Аталмыш технология практикалық сабақты жүйелі ұйымдастыруда маңызды. Ол әдістердің негізгі функциясы –

болжамдық болып есептеледі және негізгі қызметі – жобалау, себебі жоғары білікті мамандарды даярлауда жалпы мақсатты және нәтижелерді, негізгі кезеңдерді білім-тәрбие үдерісінің тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын жоспарлайды.

Компьютерлік технологияларға әр түрлі ғылым мен практикалық басқа салалардың арнайы жаңа ақпараттық әдістері, тақырып бойынша лексика-грамматикалық жаттығулар жатады.

Компьютерлік технология арқылы сөздерді таңдау, іріктеу мәселесімен айналысуға және әр түрлі тапсырмаларды бақылауға болады. Оқушылар түсініктерін кеңейтіп, сөздерді дұрыс қолдануға дағдыланады және тақырып бойынша ойларын жеткізуге осындай компьютерлік технология пайдалы.

Бұл технологияның ерекшелігі – сөздерді есте сақтап, тез меңгеруге және байланысты лексика-грамматикалық материалды арнайы компьютерде дайындау қажет.

Ең алдымен компьютер оқытушыға оқушылардың өз бетінше жұмысын ұйымдастыруына жәрдем береді. Ол үшін мынандай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдерді қолдану ұсынылады.

1. Сұрақ-жауап диалогы.

Оқушылар сұраққа құрылған лексика-грамматикалық материалдар негізінде сұрақтарға жауап беруі керек.

2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. Компьютерде жауап беру үшін оқушы ұсынылатын нұсқалардың бірін таңдауы қажет.

3. Еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түзету.

4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар.

Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады. Сөздерді аудару үшін көмекші құрал ретінде беріледі, немесе компьютер ұсынған жауаптардың нұсқалары ішінен қажетті сөздер мен сөз тіркестермен толықтырылады.

5. Сөздік меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Бұл жаттығуларды орындау кезінде төмендегі нұсқалар пайдаланылады:

- сөздердің синонимдік пен антонимдік қатарын тауып алуға көмек;
- грамматика мен орфографияны тексеруге жаттығулар беріледі.

Соның нәтижесінде асықпай компьютермен еркін жұмыс істей отырып, өз бетімен ойлануға дағдылануы, оқу қабілеті артып, білім нәтижесінде көз жеткізеді. Кәсіби бағытта оқу-әдістемелік үдерісін, ой-санасын, іскерлік қабілеті мен біліктілігін арттыруға ықпал етеді де сабаққа деген ынтасын және белсенділігін күшейтеді.

Демек, бұл бастама біраз ізденістерді қажет ететіні сөзсіз. Әрине әр практикалық сабақта компьютерлік технологиямен білімді жетілдіру мақсат емес, бірақ оқу-әдістемелік жұмысында кездесетін түрлі ұйымдастыру жұмыстарына жауапкершілікпен қарауға осы бастан бейімделу қажет.

Компьютердің үлкен әрі кең мүмкіншіліктерінің бірі — ИНТЕРНЕТ жүйесі екені белгілі.

Жалпы, интернетті қазақ тілін оқытуда қолдану жолдарын зерттеу — болашақтағы үлкен міндетіміз десек те болады. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытуда интернет жүйесін қолданудың тамаша үлгісі деп Қ.Қ.Қадашева, Э.Д.Сүлейменованың интернетке қосылған қазақ тілін үйрету бағдарламасын айтуға болады. Сонымен бірге Л.Құрышжанованың еңбегі де осы мақсатқа лайықталған үлкен жетістіктердің бірі болып табылады. Орыс тілін компьютер арқылы оқыту мәселелерін зерттеген ресейлік және қазақстандық әдіскерлердің еңбектері де осы бағытта, яғни, тілді оқыту бағытындағы құнды қорға енетін зерттеулер болмақ.

Сонымен бірге интернет арқылы қазақ тілін өз бетімен үйренушілер мен үйретушілер арасындағы хат жазысу ісі қалыптасып, соның нәтижесінде қазақ тілін оқыту-әдістемелік нұсқаулары мен құралдары құрастырылуда. Интернеттің дидактикалық мүмкіншіліктері, әсіресе, электрондық пошта арқылы кеңейе түседі. Электрондық пошта арқылы түрлі мәлімет алу, ақпарат алмасулар жүріп жатады. Осы қызметті қазақ тілін тиімді оқыту ісінде жоспарланған түрде пайдалану арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болатыны анық. Интернет арқылы қазақ тілін оқытуда оқу материалы адамның сезім мүшелеріне толық дерліктей әсер етіп қабылданатындай суреттер, дыбыс, анимациялар сияқты интернеттің мүмкіншіліктерін тиімді пайдаланады.

Білім алушы өзіне қазақ тілі туралы грамматикалық анықтағыштар, қазақ тілінің дыбыстық және лексикологиялық жүйесі туралы материалдар, қазақ тілінің тарихы туралы материалдар, кейбір қысқаша сөздіктер арқылы білімін шыңдайды.

Қазақ тілін мәтіндер арқылы оқытуда, ол мәтіндерді компьютер арқылы меңгертудің дидактикалық аспектісін қарастыруда дидактиканың қазіргі заман концепциялары алынды. Дидактиканың дамуында үлкен орын алған инновациялық-авторлық мектеп авторлары: Ш.А.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, С.Н.Лысенкова, Қ.Бітібаева, Қ.Құсайынов. Қазақстандық жаңа педагогикалық жүйелердің оқу-тәрбие үрдісіне енуіне теориялық және практикалық негіздеме жасаған Ж.Дараев, Қ.Қабдолқайырұлы, Н.Нұрахметов, Ф.Ш.Оразбаева, К.А.Абдығалиева, Т.Т.Галиев, Г.К.Нұрғалиева, Қ.Қадашева, М.Р.Көпжасарова, М.М.Жанпейісова, Г.Д.Әуелбекова, Р.Шаханова, К.Жақсылықова, Н.Құрманова, т.б. ғалымдардың зерттеулері болды.

Мультимедияның өзіне тән мүмкіндіктерін бай әрі мол етіп қолдана отырып, мәтінді оқытуда оны түрлі әдіс-тәсілдер

арқылы кеңейте аламыз. Қазақ тілін оқытуда компьютерлік диск (CD) арқылы оқу материалын оқушыға жеткізу -көрнекіліктің жаңа сатыдағы түрі. Дербес компьютер (ДК) қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгертуде оқушыға өз бетімен жұмыс жасауға, ізденуге, қазақ тілін жеке үйретуге мол мүмкіншіліктер жасайды.

Ойымызды жинақтай келгенде, қазақ тілін оқытуда компьютерді қолданудың өзекті тұсы – интернетті сабаққа алып келу деп ойлаймыз. Осы үлкен мәселенің жан-жақты ерекшеліктерін әлі де терең тани, талдай түсу керек.

Әдебиеттер:

1 Елубаев С. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. Жалпы бөлім. Алматы, 2006.

2 Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий, М.,2001.

3 Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану. ИФМ, 1994.

4 Сарыпбеков Ж.С. Білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру инфраструктурасы. // Қазақстан жоғары мектебі. 1995. №1. 37-41-б.

5 Сариева К. Жаңа технологияны қолдану жолдары. // Әдістеме. 2001. №7.

Значительность компьютерных технологий в процессе усвоения государственного языка

В данной статье рассматривается вопрос об использовании компьютерных технологий в процессе обучения казахского языка.

Анализируется роль и место компьютерных технологий в процессе обучения, способствующий усилению мотивации и интереса студента к изучаемому языку.

Ключевые слова: компьютер, интернет, информационные технологии.

Importance of technology on to master state cut on slices computer educating

This article discusses the use of computer technology in the process of learning the Kazakh language. The role and place of computer technology have contributed to increasing the motivation and interest to barn the language.

Key words: computer, internet, information technologies.



ӘОЖ 37.013.8

Ғ.ШӘРІПЖАНОВА,

доцент, ф.ғ.к.,

Алматы энергетика және байланыс университеті

ЖҰРТ АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ МАШЫҚТАНДЫРУ

Мақалада жұрт алдында сөйлеу мәдениетіне машықтандыру, мәтінді дұрыс құрау және дамыту жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: жұрт, мәдениет, мәтін, машықтану.

«Қазақ тілі» пәнін зерделеу мамандарды базалық даярлаудың құрама бөлігі болып табылады. Берілген пән қазақ тілін объект ретінде емес, базалық білімді меңгеру құралы ретінде пайдаланып, қазақ тілін аса терең зерделеуді болжайды. Пәнді зерделеудің мақсаты қазақ тілінде сөйлесудің коммуникативтік дағдыларын, берілген мамандықтың қазақ тіліндегі базалық категориялы-түсініктік аппаратын қалыптастыру және осы мамандық бойынша студенттерді кәсіптік бағдарлы тілдік дайындау болып табылады /1/.

Кәсіби қазақ тілін оқытуда тілді кәсіби коммуникация құралы ретінде меңгеріп алу мақсаты көзделсе, оқыту объектісі ретінде аудиторияның деңгейіне сай іріктелген

мамандандырылған мәтіндер алынады. Тіл – адамның логикалық ойын білдіру түрі. Бағдарлама бойынша студенттердің ойын қазақ тілінде жеткізіп, кәсіби лексиканың құрылуына, коммуникативтік дағдыларының бекітілуіне мүмкіндік туғызу керек /2.324-б./.

Қазіргі таңда тілдік құзыреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматика тұрғысынан қарастырылуда. «Ана тілінен басқа тілдің тілдік бірліктерімен, сөздерді тіркестіру заңдылықтарымен, сөйлем құрау, сөйлемдегі сөздердің орналасу заңдылығымен, сөйлемнің түрлерімен таныстырмай, бірден сөйлеуге үйрету мүмкін емес. Бірақ тілдік жаттығуларда тілдік бірліктер жеке таныстырылмайды. Анығырақ айтсақ, олар сөйлеудегі қызметінде, яғни, сөйлеудегі қолданысымен бірге үйретіледі, сөйлеуде тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға жаттықтырылады» /3.60-б./

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы орыс тілді аудиториядағы студенттердің басым көпшілігі өзіміздің қара көздер екендігін және олардың көпшілігі ана тіліне жетік болмаса да, сөйлеу мүмкіндігінің басымдығын ескерсек, тілдік жаттығулардан гөрі сөйлеу жаттығуларына баса мән берілгені жөн. Осыған орай бағдарлама бойынша берілген тілдің функционалдық стильдерінен кейін сөйлеу әрекетінің тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым қағидатына негізделген сөйлеудің функционалдық-мағыналық түрлеріне үйрету үдерісі жүзеге асырылады. Біз қарастырғалы отырған тақырыпқа сәйкес монологтық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда шешендік өнерге, яғни, жұрт алдында сөйлеуге үйретудің маңызы зор. Ол үшін сөйлеудің функционалдық-мағыналық түрлері сипаттау, пайымдау, әңгімелеу, хабарлау, түсіндіру әдістері қолданылады. Сонымен, орыс тілді аудиторияда студенттерді жұрт алдында сөйлеуге үйретуде оқытушы жүйелі жоспар құрып, түрлі тақырыптар таңдалуы тиіс. Ол студенттердің материал жинап, айтып беруіне ыңғайлы, қызықты, таныс болғаны

жөн. Ол үшін шешендік өнер, оның түрлері, дамуы, би-шешендер туралы аңыз-әңгімелер және әлемдік шешендік өнердің қалыптасуы туралы теориялық материалдармен таныстырған дұрыс. Содан кейін шешен сөйлеудің негіздері, яғни, сөздің қызықты, ақпараттық маңызы бар, сөз өнерінің жандандыратын қасиетін, сендіре білу, әрекетке шақыру сияқты мақсаттарымен таныстырылады. Шешен осылардың қайсысын басым мақсатта қолданатынын айқындап алады. Дегенмен студентке, ең алдымен, айтылатын мақсатқа сай тақырып таңдау, содан кейін сөйленетін сөздің маңыздылығы түсіндіріледі. Сөздің жазбаша нұсқасы маңызды рөл атқаратынына баса мән берілуі тиіс. «Жазылмаған ақпарат – жоғалған қазына» деген қағиданы ұстану қажет. Осы негізде студенттерге 4-5 минуттық хабарлама жасауға арналған тақырыптарды, үгіт жүргізуге арналған тақырыптарды, құттықтау сөз сөйлеуге арналған бірнеше тақырып және оны бағалау сұлбасын ұсынып отырмыз. /4. 537-б./.

Студенттерге жұрт алдында сөйлейтін тақырыптар негізінен публицистикалық стильде даярланатынын және тиісінше көрнекі құралдарды (сұлба, сурет, слайд, бейне материалдар, т.б.) пайдалану ұсынылады.

Хабарлама жасауға арналған тақырыптар:

- Еліміздегі болып жатқан оқиғалар.
- Шет елдерде болып жатқан оқиғалар.
- Ғылым мен техника жаңалықтары.
- Қаламыздың мәдени өмірінің жаңалықтары.
- Спорт жаңалықтары.
- Әдебиеттегі жаңалықтар.
- ЭЭМ жүйелері.
- Университеттегі жаңалықтар.
- Емтихан қорытындылары.
- Наурыз мерекесі, т.б.

Үгіт-насихат жүргізуге арналған тақырыптар:

- Кітаптар мен мақалаларды оқыңыз.
- Кинофильм, спектакльдерді көріңіз.

- Газеттер мен журналдарға жазылыңыз.
- Концертке барыңыз.
- Спортпен шұғылданыңыз.
- Көрмеге қатысыңыз.
- Шешендік өнеріңізді шыңдаңыз.
- Ата-аналарымызды ардақтайық.
- Қоғамға жат әрекеттерден аулақ болайық!
- Бала тәрбиесі – адам тәрбиесі, т.б.

Аталған тақырыптарды таңдаған соң, сөйлеуге қойылатын талаптар тағы да бір рет пысықталуы тиіс, яғни, алдымен сөйленетін сөз кімге арналады, аудиторияның көңілін аудару, сөзді аяқтауды қалай ұтымды ойластыруға болады және сөйленетін сөздің жоспарын жасап, оны аудиторияға баяндап жеткізу ескертіледі. Сөйленетін сөз назар аударатындай, қызығушылық туғызатындай, шешеннің мүддесін анықтайтындай етіп сұрыпталуы тиіс. Негізгі бөлім тақырып бойынша белгіленген жоспар негізінде аудитория құрамы мен жағдайды ескере отырып дамуы керек.

Соңғы бөлімде қойылған мақсат тағы бір рет анықталып, алғашқы сатыға тыңдаушылардың қызығушылығы көтеріледі. Сөйлеудің мәні айрықша атап көрсетіліп, аудиторияға тиісті көңіл-күй сыйлау үшін қолдан келгеннің барлығы жасалады. Мәтін құрастыру барысында баяндау әдістерінің тиістісін (хабарлау, әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) қолдану, термин сөздерді, көркемдегіш сөздер мен эмоционалды-экспрессивті лексиканы және омоним, антоним, синоним сөздерді қажетінше қолдануды, сөйлеу барысында орфоэпиялық ережеге сай, дұрыс интонацияны қолдану, сөйлеу мәдениетіне баса көңіл бөлу талап етіледі.

Сөйленетін сөзді дайындау барысында студенттер мына қағидаларды есте ұстағаны жөн:

- 1) Тақырып пен мақсаты қызықтыра ма? Өзектілігі қандай?
- 2) Сөйленген сөз басқаларды қызықтыра ма?

Тыңдаушылардың назарын аударатын тәсілдер қолданылды ма?

3) Негізгі бөлім бойынша жоспар ойластырылған ба? Барлық материал тақырыпқа сай келе ме? Мысалдар жеткілікті ме? Мазмұны нақты ма? Мақсатына жетті ме?

4) Қорытынды бөлімі анық па? Айтылған мәселелер тұжырымдалды ма?

5) Мәтін бойынша айтылу (баяндау) барысында сөйлеуші өзіне сенімді болды ма? Сөйлеу барысында өз денесін игеруі, тұрысы дұрыс па? Бет-ауыз бен қолының қимылдары сөйленген сөзбен сәйкес келе ме? Сөйлеу қарқыны сәтті болды ма? Бірсарынды (монотонно) емес пе? Аудиториямен байланыс болды ма? Сөйлеу кезінде қателер болды ма?

Әдебиеттер:

1 Типтік оқу бағдарламасы. Жоғары білім. Бакалавриат. 5В073100 – Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мамандығы. – Қарағанды, 2015 ж.

2 Тұрсынова Г.Т. Кәсіби қазақ тілі: оқулық. Жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарына арналған. Алматы, ҚазҰТУ, 2010, 324-б.

3 Шаханова Р. Оқулықтардағы мәтіндердің мамандыққа қатысты берілуі. // Қазақ тілі мен әдебиеті, №2, 2003, 60-б.

4 Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Риторика и культура речи. Ростов н/Д: Феникс, 2008. 537-с.

Навыки публичного выступления

В данной статье рассмотрены средства связи предложений в тексте искусство выступления перед публикой и развитие речи.

Ключевые слова: публика, искусство, текст, навыки.

Skills of live performance

In this article communication of suggestions means are considered in text before public art of performance before public and development of speech.

Key words: public, art, text, skills.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Мақалада қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолданудың жолдары көрсетілген. Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын, олардың түрлері, маңызы туралы айтылады.

Түйін сөздер: элемент, технология, ойын, қолдану.

«Инновация» деген сөз латынның «novus» жаналық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаналық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни, инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде «инновация» әр түрлі анықталады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым «жаңаша білім беру» деп түсіндіріледі.

Зерттеулер бойынша, «инновация» - педагогикалық категорияға жатады және мектептегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын, әдіс-тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемнің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау, мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарына сәйкес оның дамуының қажетті және табиғи шарты. Бір жағынан құндылықтардың сақталуына ықпал етсе, екінші жағынан, олар барлық екі нәрседен бас тартып, әлеуметтік қайта жасалымдардың негізін өздері алады. Осыдан келіп, оқу үрдісін қазіргі деңгейде жүргізуге талпынғандарға арналған ерекше талаптар туындайды.

Инновациялық іс-әрекет – дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид қызметінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады.

Білім берудегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде кездейсоқ ашылған жаңалықтар болып табылады.

Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үрдісін технологияландыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Технология мен әдіс-тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады.

Бастауыш сыныптарының басты талабы – сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу. Осы мақсатта бастауыш сынып мұғалімдері сабақ өту әдістерін толықтырып, әр уақытта ізденісте болады. Қазіргі уақыт талабына сай мен

де өз сабақтарымды жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынып отырамын.

Сабақ өткізу барысында оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеп, оқушылардың сабаққа қызығуын арттырып, сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдаланып келемін. Мен қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнын, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы саяхат сабақ, ертегі сайыс сабақ, ойын, жарыс сабағы, аралас сабағы, тест әдісімен өткізіліп келеді.

Күнделікті жоспардағы сабақтан гөрі мұндай сабақтар оқушының есінде ұзақ сақталады, ой-өрісі кеңейеді. Ойлау қабілеті дамиды, сабаққа қызығуы, белсенділігі артады. Мысалы, математика пәнінен өзім өткізген «Дамытпалы саяхат сабақ», «Математика әлемінде» сабағын алайын. Мұнда оқушылардың ойлау қабілетін дамыту барысында ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын меңгерту көзделеді. Сабақ қосу, азайту, көбейту, бөлу тәсіліне арналады.

Математикалық фокус, викториналар, ребустар, логикалық есептер, қызықты шаршы құрастыру, сөзжұмбақтар шешу баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеудің нәтижесін, оның қызық та қиын екендігін, көп іздену керектігін дәлелдейді. Оңайдан қиынға, ауырдан жеңілге ұстанымын сақтап, алдымен жеңіл ребус, сөзжұмбақтар, т.б. құрастырып, бірітіндеп күрделендіре түсемін.

Қай сабақта болсын тест әдісін өте жиі қолданамын. Оған оқушылардың жасаған 1-ден 10-ға дейінгі сандарын пайдаланамын. Мысалы: 1) Кім? Кімдер? 2) Қанша? Неше? 3) Не істеді? Неғылды? 4) Қандай? Қай?

Қазақ тілі пәні сабақтарын ойын түрлері арқылы оқушыларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, ой белсенділігін арттыруға бағыттаймын. Мәселен, қазақ халқының киелі сандарымен таныстыру: 3, 5, 7, 9, 12, 30, 40. Бұл сабақта 7 санының қасиетті екенін түсіндіріп, ұқыптылыққа, сыпайылыққа, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу көзделеді. Сабақ көрнекілігіне 7 басты жылдан, аты жазылған

көргішкелер, 7 жолақ, ғажайып алау барабаны, жануарлар суреті пайдаланылады.

Алдымен сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндірілді және бұл әдеттен тыс ойын сабақ болатынын, септіктерді қайталау, пысықтау керек екенін айтамын.

1. 7-ге байланысты: жеті жетім, жеті қазына, жеті жұт, жеті ата, жеті теңге беру туралы әңгімелеу.

2. «Айдаһарды өлтіру» ойыны.

3. Поэзия минуты. Өлеңдер оқылып, кімнің өлеңі екенін айтады. Асты сызылған бір сөзді 7 деп есептейді.

4. Сергіту сәті. 7 күнді атау. Сол күнді септеу.

5. «Жеті жолақ» ойыны арқылы жаттығулар орындалады.

6. «Ғажайып алаң» ойыны. Үй жануарларын септеу.

7. «Адасқан септіктер» ойыны. Септік атаулары жазылған 7 бала тақтаға шығады. Сөздеріне қарай оқушылар қай септік екенін табады.

Бұл сабақта көрнекіліктерді көру арқылы балалардың есте сақтау қабілеті артады, әрі көп бала сабақта белсенділік танытады. Сабақты кестеде жазылған септіктерді оқыту арқылы қорытындылаймын. Әрине, әр жылдың мезгілдеріне байланысты ойындарды өзгертіп түрлендіруге болады. Үндемес бағдаршам, оң қол, сол қол ойындары, т.б. Бұл ойындардың балалардың пәнге деген ынтасын арттыратыны даусыз.

Жалпы білімдік пәндер бойынша В.Ф.Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек-конспект, диаграмма, график, логикалық тірек-сызба арқылы теориялық материалдарды блокпен оқытып, дамыта оқыту технология бойынша оқушылардың әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасап оқыта отырып дамытуға, екіншіден, өз бетінше білім жинақтауға, шығармашылықпен жұмыс істеп өмірге бейімделуіне ықпал жасаудамыз.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау

қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Искерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Дайындық (рөлдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын-ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

2-кезең. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

3-кезең. Қорытындылау (проблемаларды шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Искерлік ойындардың дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, (әлеуметтендірушілік) маңызы зор екенін ескерсек, ретіне қарай әр түрлі пәндерден дәстүрлі емес сабақ түрлерін көбірек өткізу қажет. Дәстүрлі емес сабақтардың психологиялық, педагогикалық ұйымдастыру және өткізу жолдарын жан-жақты зерттеп, колледж, жоғары оқу орындары оқушылармен өткізілетін сабақтар жүйесі жасалынуы қажет.

Соңғы кезде оқу үрдісінде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр. Олар мыналар: Лысенкованың алдын ала оқыту, Хазанкиннің есептер шығару, Шаталовтың интенсифікация оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің ірі блоктап оқыту, мәселелік оқыту, оқытудың белсенді әдісі, т.т.

Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы мектептерде қолданылып отыр. Егер осы жұмыстарда қарастырылған оқытудың педагогикалық технологиясын оқу-тәрбие үрдісіне оқытудың жаңартылған жүйесінің жобасы ретінде енгізетін болсақ, онда білімді демократияландыруға және ізгілендіруге, оқыту сапасын арттыруға; басқару сапасын жетілдіруге; оқушылардың дамуына бақылау жасауға; соған сәйкес бағалауға болатыны ғылыми негізде дәлелденіп

отырғаны ақиқат. Мектептерде жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Мәселен, Л.В.Занков, Д.Б.Элконин, В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады.

1. Жоғары деңгейдегі қиындықты оқыту.
2. Теориялық білімнің жетекші рөлі.
3. Оқу материалын жетелдете оқыту.
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.
6. Л.В.Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Д.Б.Элконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқу әрекеті және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталған. Оның құрылымы мынадай: оқу-танымдық мотивтер, оқу тапсырмалары, оқу амалдары, оқу операциялары.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы- мұғалім» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы.

Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуғағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп, беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория – Л.С.Выготскийдің «оқыту үрдісінде оқушының ақыл-ойының дамуы «актуальды даму аймағынан «жақын арадағы даму» аймағына ауысуы» туралы теориясы. Ендеше оқушылардың білім, білік дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік ұстанымдарының талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабаққа арналған жаңа тұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет.

Бұлар – әнгімелесуші-оқулық бойынша оқушылар жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама мен ережелерін өзі шығарады. Қарапайым жаттығу – мысалдармен оларды бекіткеннен кейін жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді. Дегенмен, оқушылардың өз бетімен білім алу үрдісі «басқаруға ыңғайсыз» делініп, сыналып жүр. Сондағы айтантындары: «оқушы осы кезеңде өз білгенін істейді, оның іс- әрекеті, көбінесе, қате болады» дейді.

Біздіңше, оқытудың жаңа технологиясы жағдайындағы оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып, ондағы барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты

мазмұндалған болса оқушыларда ынта пайда болады. Мұндай жаңа технология бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдер үзіліс кезінде де оқушылардың сабақтан бас алмайтындығын айтады. Өйткені оқушылар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус, математикалық басқатырғыштар сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешуге ұмтылатыны даусыз. Бұл жерде «үлгерімі кейіндеп қалып, өз құрбыларын белгілі бір себептермен қуып жете алмайтын оқушылармен қалай жұмыс істеуіміз қажет?» деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де оңды шешуі қарастырылған. Олар мыналар: - барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған оқушылар үлгірмеушілерге көмектеседі;

- сыныптың басқа оқушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалімнің үлгерімі төмен оқушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады.

Бұл қалайша жүзеге асырылады? Енді аз-кем соған тоқталып өтейік.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат – сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту, сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады. Сондай-ақ деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Демек, қандай оқушы болсын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан «оқушылық міндетті», яғни, бірінші деңгейдің жұмысын орындаудан бастайды. Нәтижесінде бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы талаптарына сай міндетті бірінші деңгейді толық игеруін жүзеге асырады.

Ұсыныстар: 1. Дарынды оқушылармен жасалатын жұмыс түрлерін белсендіру, оқушылардың шығармашылықтарын арттыру; 2. Мұғалімдер кәсіби шеберлігін үнемі әдістемелік әдебиеттерді, жаңа технологияны пайдалана отырып шығармашылық деңгейін көтеру; 3. Мұғалімдердің ғылыми ізденіс жұмыстарын жандандыру; 4. Шығармашылық ұстаздар тобы өз жұмыстарын жалғастыру; 5. Мұғалімнің кәсіптік

денгейін көтеруге арналған курстарға қатысу; 6. Авторлық жұмыспен айналысатын мұғалімдер жұмысын жалғастыру; 7. Оқушыларды қалалық олимпиадаға, ғылыми жұмыстарға бағыттау; 8. Бағдарлап оқытуды жалғастыру.

Әдебиеттер:

1 Маманов Ы. Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту. Алма-ата, 1977, 71-бет.

2 Жолымбетов К. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, Қазақ университеті, 1991. 20-бет.

3 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, «Рауан», 1993, 154-б.

4 Савин Н.В. Педагогика. Алма-ата, «Мектеп», 1983, 336-б.

5 Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. Алма-ата, 1959.

6 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алма-ата, 1978, 56-б.

7 Қайырбекова А. Қазақ тілі. 4-сынып. Алматы, «Атамұра», 2003.

8 Дүйсебаев С., Байтилеуова Г., Кошқари А., Боранбаева Г. Қазақ тілі. 8-сынып, «Мектеп», 2008.

9 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М., Педагогика. 1989. 190-б.

Применение элементов новой технологии на уроках казахского языка и литературы

В данной статье рассмотрены методы применения элементов новой технологии и виды деловой игры на уроках казахского языка и литературы.

Ключевые слова: элементы, технология, игры, использовать.

Application of elements of NT on the lessons of Kazakh and literature

In the article the methods of application of elements of NT and types of the Business playing the are considered lessons of Kazakh and literature.

Key words: elements, technology, games, to use.

Тиімді әдіс – баршаға ортақ

Ә.АХМЕТОВА,

№9 гимназия.

Қарағанды қаласы.

ГРАММАТИКАЛЫҚ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілі – оқушының өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы.

Қазақ тілін оқытудың мақсаты – тек баланың сауатын ашу, қазақ тілі пәнінің ғылыми негізін білдіру ғана емес, сондай-ақ оларды игі қасиеттерге, тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге тәрбиелеу. Сондықтан грамматикалық, лексикалық, орфографиялық және тіл дамыту материалдарын меңгерудің дұрыс әдісін табуға көп мән бар.

Заман талабына сай қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын жаңартып, сапалы білім беру, әр сабақта ұтымды ұйымдастыру ұстаз қабілеті мен шеберлігіне тікелей байланысты.

Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерінің бірі – кешенді талдау.

Оқушы теориялық білімін жаттығу жұмысы арқылы практикамен ұштастырып, тереңдете түседі. Талдау түрлерін деңгейлеп үнемі беріп отыру баланың қызығушылығын арттырып, өз бетінше ізденуге, өткен тақырыптарды жадында жаңғыртып, сауатты жазуға үйретеді.

Кешенді талдау оқушының нені білуге, үйренуге тиісті екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушы нені игеруі тиіс?

- Дыбыс, буын және олардың түрлері мен Үндестік заңын (фонетикалық талдауды) үйрену;

- Сөздердің мағыналарын (лексикалық талдау) ажырата білу;
 - Сөз құрамына (морфологиялық талдау) талдау жасау;
 - Сөйлем және оның түрлерін (синтаксистік талдау) ажырата білу;

- Сауатты жазуға және мәдениетті сөйлеуге үйрену;
 - Орфографиялық ережелерді саналы түрде меңгеру, күнделікті жаттығу жұмыстарын орындауда сол ережелер бойынша дұрыс, қатесіз жазуға төселу.

Қазақ тілінен берілетін білім негізінен мынадай мақсаттарды көздейді:

«Тіл материалдарын меңгерту барысында оқушының ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, ауызша сөйлеу және жазбаша тілін жетілдіру, сауатты жазу, әдеби тіл нормасында тіл мәдениеттілігін арттыру», - деп көрсетеді.

Олай болса, бұл міндеттерді іске асыру үшін оқушыларды жаттықтыру мен дағдыландыру керек. Ол үшін қазақ тілінен ауызша да, жазбаша да жаттығу жұмыстары орындалады.

Жазуға үйрету, соның ішінде жаттығу жүргізу сабақтарында педагогика мен әдістемеді ұстанатын басты ұстанымдардың бірі- оқушыларға грамматикалық материалды саналы түрде меңгерту.

Сонымен, кешенді талдау қазақ тілі материалдарына орай берілген теориялық білімді бекітуде, дұрыс жазу емлесі мен дұрыс сөйлеу нормасын қалыптастыруда аса зор септігін тигізеді. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарының бір-бірінен айырмашылығын, бірімен-бірінің байланысын, жасалу жолдарын, өзіндік ішкі белгілерін, анықтамасы мен ережелерін қайталап, пысықтап бекіту үшін де қолданылады.



Педагогика ғылымдарының кандидаты Н.А.Оразақинованың сатылай кешенді талдау әдістерін пайдалана отырып, сол талдау жолдарының кестелі үлгісі дайындалды.

Кестелерде дыбыстар, сөздердің мағыналары, сөз құрамы, сөйлем және оның түрлері, т.б. тақырыптар қамтылады. Кестелерді оқушылар толтырады. Бұл кестелердің ерекшелігі оқушылардың теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Мысалы:

1-кесте. Фонетика

Мысал	Дауысты дыбыстар						Дауыссыз дыбыстар		
	Жуан	Жі-ңішке	Ашық	Қысаң	Еріндік	Езулік	Қатаң	Ұяң	Үнді
ө		+	+		+				
й									+

2-кесте. Фонетика

Мысал	Буын түрлері			Буын үндестігіне бағынады	Буын үндестігіне бағынбайды	Дыбыс үндестігі	Дыбыс саны	Әріп саны
	Ашық	Тұйық	Бітеу					
Әке	2			+			3	3
Кітап	1		2		+	+	5	5
Ою	2			+			3	2

3-кесте. Фонетика

Дыбыс			а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я	
	Дауысты	Тілдің қатысына қарай		
		Жақтың қатысына қарай		
		Еріннің қатысына қарай		
Дауыссыз				

4-кесте. Тасымал

	Сөз	Тасымал	Тасымалданбайтын сөздер
1	оқушылар	оқу-шы-лар	әке, кг, ҚарМУ
2	Қазақстанда		
3	М.Әуезов		

5-кесте. Лексика

Мысал	Сөздің мағынасы		Синоним	Омоним	Антоним
	Тура	Ауыспалы			
Жылы	жылы су	жылы жүз	мейірімді	2009 жылы	жылы-суық
Қара	қара көйлек	қара жұмыс	ауыр жұмыс	суретке қара	қара-ак

6-кесте. Лексика

Түбір сөз	Тура мағына	Ауыспалы мағына	Синоним	Омоним	Антоним
Қара Қой Жаз Көрші Ара					

7-кесте. Морфология

жақ	тәуелдік жалғаулар			
	дауыстыдан кейін		дауыссыздан кейін	
	жекеше	көпше	жекеше	көпше
I жақ				
II жақ				
сыпайы т.				
III жақ				

8-кесте. Синтаксис

Мысал	Жа-лаң	жайыл-ма	жақ-ты	жақ-сыз	толым-ды	толым-сыз	атау-лы
Абайдың бұл ауылдан кеткісі келмеді.		+		+	+		
Мен 10-сыныпта оқимын.		+	+		+		

9-кесте. Синтаксис

Сөйлем мүшелерінің таңбалары	Мысалдар
/—/ /~/ /- -/ /=/	Балнұр алтыншы сыныпта оқиды.
/-./ /---/ /=/ !	Сыныпқа тез кіріңдер!

10-кесте. Синтаксис

Тапсырма: Мына сөздерден сөйлем құра	Сөйлемдер	Сөйлемнің түрлері
Қандай, бүгін, ауа райы.	Бүгін ауа райы қандай?	Сұраулы сөйлем
Есіл, Астана, өзенінің, бойында, орналасқан.	Астана Есіл өзенінің бойында орналасқан.	Хабарлы сөйлем. Жай сөйлем, жақты, толымды, жайылма.

11-кесте. Салалас құрмалас сөйлем

№1	Ыңғайлас	Қарсылықты	Сөйлем-салдар	Кезектес	Талғаулы	Түсіндірмелі
Мен үндемедім, бірақ бұған іштей қарсы болып тұрдым.		+				
Еңбек адамды көрікті етеді және ойды тазартады.		+				
Мен ол күні келе алмадым, өйткені көлік болған жоқ.			+			

Синтаксистік талдау. Талдау реті:

1. Сөйлем мүшелеріне талда. Біз Қожа Ахмет Йасауи кесенесін тамашаладық, бұл ғимаратты Ақсақ Темір 1396-1404 жылдары салғызған екен.

2. Сөйлемнің түрін анықта (жай немесе құрмалас сөйлем).

Құрмалас сөйлем: жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем.

Не істеді? – тамашаладық, салғызған екен – баяндауыш.
Кім тамашалады? Кім салғызған екен? – біз, Ақсақ Темір – бастауыш. Нені тамашалады? – Қожа Ахмет Йасауи кесенесін – тура толықтауыш. Нені салғызған екен? – ғимаратты –

тура толықтауыш. Қай ғимаратты салғызған екен? – бұл – анықтауыш. Қашан салғызған екен? – 1396-1404 жылдары - пысықтауыш.

3. Сөздердің байланысу түрлерін тап.

Біз тамашаладық – қиысу, кесенесін тамашаладық – меңгеру. Ақсақ Темір салғызған – қиысу. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі – матасу. Ғимаратты салғызған – меңгеру.

Оқушыға тиянақты білім беру, оның сабаққа деген қызығушылығын арттыру, теория мен практиканы біріктіру, білімді терең ұғыну, оқуда білімді өз бетінше ізденуді дамытудың биіктігіне шығар жолдың бірі- кешенді талдау деген болар едім.

Оқушы сөйлемге кешенді талдау жасағанда, әр сөздің не сөйлемнің жазылу емлесі, сөйлемнің түрлері туралы ережелерді ойына түсіріп, соған сүйенеді, оны іс-тәжірибеде қолданады және сауатты жазады.

Егер оқушы сөйлемге кешенді талдау жасай алса, ҰБТ тапсыру да жеңіл болады.

Әдебиеттер:

1 Ысқақов А. «Қазақ тілі». Морфология. А., «Ана тілі», 1991.

2 Жеткізген Ж. «Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері» әдістемелік құрал. А., «Кітап», 2007.



Ш.БАЛТАБАЕВА,

№20 дарынды балаларға арналған лицей.

Талдықорған қаласы.

ДИАЛОГТИК ОҚЫТУ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ

Білімді меңгеру – тек қана оқу материалын, ережелерді, заңдылықтарды, грамматикалық ұғымдарды есте сақтау

арқылы емес, оны оқушылардың өзі логикалық талдау жасай отырып, орынды пайдалана білу арқылы жүзеге асырылады. Қазақ тілі сабағында оқушыларға өздігінен орындалуына берілетін жұмыстар ойлау қабілетін арттыруға, берілген тапсырмалар бойынша өз бетімен шешім қабылдауға талпындыратындай болуы тиіс. Бүгінгі таңда оқушылардың үзіліссіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай мектеп мұғалімдерінен олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын тәрбиелеу талап етілуде. Мәселені шешу мақсатында диалогтік оқытудың тәсілдерін сабақ барысында қолдана отырып, белсенділігі төмен оқушыларды жазбаша және ауызша шығармашылыққа бағыттау арқылы өз ойларын еркін жеткізуге топпен, жұппен ынтымақтастықта жұмыс жасауға жетелей отырып, сонымен қатар механикалық жаттандылықтан арылтып, өз бетінше жұмыс жүргізуіне жағдай жасадым. «Диалогтік оқыту» - мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы арасындағы шығармашылықпен өтетін, өз пікірін негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін, әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдістері (МАН, 98-бет) болғандықтан менің оқытудағы тәжірибеме ыңғайлы көрінді. Диалогтік оқытудың әдістерін қолдана отырып сабақта бірнеше мәселені шешуге болады. Мерсер мен Литлтон көрсеткендей диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады. Қазіргі сабақтардың көпшілігінде қалыптасқан мұғалімнің түсіндіруі, әңгімесі, яғни, біржақтылық оқушыларды зеріктіреді. Нәтижесінде тақырыпты меңгеру, сабаққа қызығушылық, білім сапасы төмендейді. Жоғарыда аталған әдістерді қолдансақ, біржақты болмай оқушы-оқушы-мұғалім арасындағы диалогты қолдасақ осы мәселелердің шешілетіні сөзсіз. Оқушы диалог құру арқылы білім алады деген Выготскийдің жорамалымен толығымен келісемін. Оқушы-оқушы арасындағы диалог тақырыпты терең меңгеруге көмектеседі. Диалогтік оқытудың - оқушылардың

сабақта ойлауын, өз бетінше қорытынды, тұжырым жасау, мәселені шеше білу, пікірталас жүргізе білу, басқалармен қарым-қатынас жасай білу, көпшіліктен қысылмай сөйлей алуы, ойын қорғай білу қабілетін дамыта алатындығы белгілі. Сол себепті де диалогтік оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігі мол болмақ. Сабақта балаларды диалогқа тартудың бірден-бір жолы – әңгіме. Александер тұжырымдағандай оқушылар әңгімеге тартыла отырып, бірге білім алады, білім алып қана қоймайды сөйлеу қабілеттері, өз ойларын жеткізу қабілеттері де артады. Әңгімені дамыту, оқушыларға бағыт-бағдар беруде мұғалімнің рөлі үлкен. «Ашық», «жабық» сұрақтар беру арқылы әңгімені жандандырып немесе бағытын өзгертіп отырады. Осы модульдің әдістері арқылы оқушылардың бойына белсенділік, сыни және шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, алған білімдерін тәжірибеде пайдалана алатындай тұлғаны қалыптастыру қазіргі заман талабынан туындап жатыр. Сонымен бірге бұл модульдің шеңберінде басқа да әлеуметтік-сындарлы тәсілдер, оқытуды дамыту үшін бағалау, сын тұрғысынан ойлауға үйрету, ақпараттық- коммуникативтік технологияны тиімді қолдану, дарынды балаларды оқыту сияқты бағдарламаның басқа да модульдері шоғырланып жатқандықтан диалогтік оқытудың қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі өте маңызды. Адам өз ойын сөйлеу арқылы жеткізеді. Ал ол үшін сөйлеу қабілеті, сөздік қоры жеткілікті болып, өз ойын тұжырымдауды, не айтқысы келіп тұр соны нақтылай білуі керек. Осыған байланысты мен оқушының пәнді терең түсінудегі қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамытуды диалогтік оқыту тәсілдері арқылы жүзеге асыруды көздедім. Ынтымақтаса оқу жағдайында оқушылар сыныптастары мен қарым-қатынас жасауға, өз ойын ашық айтып, дәлелді пікірмен қорғауға үйренеді. Әр түрлі идея алмасуға, сынға, жаңа көзқарасқа ашық болып, белсенді жұмыс жасауы қалыптасады.

Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, оқушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында

болады. Көптеген сыныптарда оқушылардың әңгімеге қатысуға құқықтары шамалы. Мәселен, мұғалімге: «Бұл көзқарас қызықты екен» деп айтады-ау деп оқушылардан күтуге болмас. Зерттеу көрсетіп отырғандай, мұғалім сұхбатты бақылап, маңызды сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі оқушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамыта алмайды.

Диалогтік оқыту. Оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім арасындағы диалогты дұрыс жолға қою үшін, ең алдымен, сұрақ дұрыс болуы қажет. «Төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды дұрыс қою арқылы оқушыларды ойландыруға, жауаптарын түзеуге болады»- деп, мұғалімге арналған нұсқаулықта жазылғандай, оқушылардан дұрыс жауап алғысы келсе мұғалімнің өзі де дұрыс сұрақ қоя білуге тиісті. Дәстүрлі сабақтарда көбінесе төмен дәрежелі сұрақтарды пайдаланып келіпін. Жаңа үлгідегі сабақтарда біртіндеп өзім де, оқушылар да «дұрыс» сұрақ қоюды үйрене бастады. Осы жеті модульдің ішіндегі диалогтік әдіс-тәсілдерін сабақ барысында қолдану оқушының шығармашылық қабілетінің артуына жетеледі. Осы орайда диалогтік оқытудың басты міндеті – мұғалімнен өз сабақтарында оқушының идеясын, білім-біліктілігін дамытуға ықпалдастырып ұйымдастыруды талап ету. Оқушыға білімді меңгертуде философ Конфуцийдің «Естідім - ұмыттым, көрдім - есте сақтадым, қолдандым - үйрендім» деген қағида оқушылар үшін үлкен негіз болды, себебі диалогтік оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдаланып өткізген сабақтар барысында оқушылардың өз бетінше білім алуы маңызды болды. Мысалы, «Табиғат аясында демалу» тақырыбында өткізілген сабақты қарастырсақ тақырыпты өздері оқып, сұрақтар құрастырды, топта жұптасып бір-бірінен сұрады, түсінбегендерге өздері түсіндірді. I топ- Қазақстан табиғаты, II топ- Табиғат аясындағы демалыс, III топ- Көкшетау өңірінің ерекшелігі.

Әрине, мұғалім рөлінде болып, түсінбеген оқушыға түсіндіру олар үшін керемет сияқты болып көрінді. Түсіндіру

барысында олардың ауызша сөйлеуі қалыптасқан сияқты. Келесі сабақтарда да әр оқушы тезірек түсініп алып біреуге түсіндіргісі келіп тұрғанын байқадым. Сонымен қатар оқушы оқушының айтқандарын қарапайым тілмен түсіндірген соң тез ұғатын сияқты. Осындай «Мен – саған, сен – маған» тәсілі арқылы «мұғалім – оқушы» рөлінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артқан сияқты. Олар әр тапсырманы тағатсыздана күтіп отырды. Орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарланған төрт сабақ бойы жиналған деректерді қарай отырып, оқушылардың сөздік қоры мен сөздерді байланыстырып сөйлеуі мен сөздік қорлары қалыптаса бастағанын байқадым. Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта: «Үш білім саласының қиылысу ортасында технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білім (ТІМБ) орналасқан» - дегенді алғаш рет 2006 жылы Мишра және Келер қарастырды. Олардың айтуынша, егер жаңа технология оқуды жақсарту жағын өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда *жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай түсінетінін біле отырып, осы білімдердің ықпалдасуын қамтуы керек деген тұжырымы іс жүзінде жүзеге асатынын байқадым.* Оның үстіне, Мишра мен Келердің пайымдауынша «...барлық үш білім саласы арасында өзара байланысты іске асыруға қабілетті мұғалім жоғары деңгейдегі кәсіпқой болып табылады» (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 59-бет) деп берілуінің өзі де менің тәжірибеме өзгеріс енгізуге септігін тигізді. Сабақтарымды жоспарлаған кезде мен Блум таксономиясын негізге алдым. Жоспарлаған іс-әрекеттерімің ішінен сәтсіз болып, жүзеге аспай қалған сәттері де кездесті. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Осы ойлы сөздің дәлелін өзім сабақ беретін 7 Б сыныбында тәжірибе ретінде 7 модульдің мәнмәтініндегі мүмкіндіктерін пайдалану кезінде түйсіне алғандаймын. Блум таксономиясымен құрылған сабақтарым оқушыларды жоғары

ойлауға, өз білімдеріне сыни көзбен қарауға, сараптама жасау қабілеттерін дамытуға үлес қосты деп ойлаймын.

Диалогтік оқыту тәсілдері бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылар тиісті деңгейде:

1. Өз бетінше тұжырым жасауға, қорытынды пікір айтуға;
2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білуге;
3. Проблеманы шеше білуге;
4. Өз ойларын жазбаша, ауызша жеткізуге белгілі бір деңгейде қалыптасты деп айтуға болады.

Оқушыларды Мерсер зерттеген диалогтік оқытудың әңгіме-дебат және зерттеушілік әңгіме бөлімін өз тәжірибемізге енгізе отырып, мазмұнды, дәл, жүйелі, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын қалыптастырсақ, болашақта біздің оқушыларымыз талдай, жүйелей, сұрыптай білу арқасында еліміздің жауапты, ойы дамыған азаматы бола алады деген сенімдемін.



Г.ЩЕПАРЕВА,
№5 гимназия.
Рудный қаласы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАРАЛЫҒЫН ДАМУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мақсаты: өзін оқыту үшін жауапты және қазіргі замандағы білім берудің барлық жағдайларына бейімделе алатын толық дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеті: білім берудің сапасын арттыру, шығармашылық жеке тұлғаның табысты дамуына ықпал ететін, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін зерттеу.

Жеке тұлғаның даралығын дамыту – жаңа атау болғанымен, оның Шаталов, Лысенкова және тағы басқалардың педагогикаларынан аса айырмашылығы жоқ. Іс-әрекеттердің арнайы реттілігі де жоқ. Жеке тұлғаның даралығын дамытудың негізі – дәстүрлі сабақтар мен оқытудың күнделікті мазмұны көлемінде жеке тұлғаның даралығын дамыту мүмкіндіктеріне анализ жасау. Күнделікті сабақта тақырып төңірегінде басқару субъектісі – мұғалім. Ал объектісі кім? Бұл әрине жеке тұлға болуы керек тәрізді. Бірақ олай емес. Жеке тұлға педагогикалық басқару объектісі бола алмайды, өйткені жеке тұлға ішкі және сыртқы күштер әсерімен өсіп дамиды, жетіледі. Сондықтан басқару объектісі жеке тұлғаның даралығы емес, жеке тұлғаның дамитын жағдайлары мен мүмкіндіктері. Егер адамның өзінің талпыныстарын, бағыт-бағдарын оқу барысында өзгертуге қажеттілігі болса, бұл жерде жеке тұлғаның даралығын дамыту орын алады. Бұл дегеніміз, жеке тұлғаның даралығын дамыту, ең алдымен, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға қажеттілігін күшейту деген сөз.

Мұғалім қоғам тәжірибесі көрсететін оқыту мен оқушы тәжірибесі көрсететін оқу бірлескен педагогикалық технологияны өзі жасайды.

Педагогикалық технологияның мазмұны, әдістері мен тәсілдері, ең алдымен, әр оқушының субъектілік тәжірибесін ашып, қолдануға бағытталуы қажет, тұтас оқыту жұмысын ұйымдастыру арқылы танудың өзіне маңызды тәсілдерінің пайда болуына көмектесуі қажет. Осыдан мақсат туады: Оқушының қажеттілігін дамытуда педагогикалық көмек көрсету.

1) өзін-өзі танып білуге, өзінің «меніне», өзінің мүмкіндіктерін, өзінің қызметінің қорытындысына қажеттілік - «Өзінді танып біл» бағытында көрсетілген (өзін оқу қызметінің субъектісі ретінде тану: мен жасай аламын ба? бұған әлім келмесе? не жасай аламын деген сұрақтарға жауап)

2) өзін-өзі анықтауға қажеттілік-өзін дамыту мақсатында жұмыс түрін, ұстанамын, қатынасын, таңдауға қажеттілік – «Өзінді таңда» бағытында оқу мақсаттарын, міндетін,

тапсырмаларын және оқу жұмысының түрлерін өз бетінше түсініп таңдау: бұл бағытта да мақсатыма жетемін деген сенім.

3) өзінің шығармашылық, өзінің ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыру ретінде өзін-өзі жүзеге асыруға қажеттілік-«Өзінді айқында» бағытында көрсетілген.

4) басқа адамдармен бірлесіп дамуға, басқа адамның дамуы арқылы өзін дамытуға қажеттілік - «Бірлесіп әрекет ет» бағытында көрсетілген (оқушының өзін басқа адамдарды дамыту көзі деп, ал басқаларды өз дамуының көзі деп қабылдауы)

5) өзін-өзі реттеуге, өзінің физиологиялық және психологиялық жағдайын реттеуге, өзін-өзі бағалауын реттеуге қажеттілік - «Өзінді өзін үшін өзгерт» бағытында.

Өзін-өзі тану мүмкіндіктерін туғызуда қолданылатын тәсілдер. Мысалы, берілген тақырып бойынша білімдік картасын жасау арқылы оқушылар өздерінің алдағы жұмыстарын болжап алады.

Не білемін?	Не білгім келеді?
-------------	-------------------

Тағы бір мысал-Етістік шақтарын қайталауда мұғалім оқушыларға тестік тапсырмаларды береді. Орындалған жұмысты үлгі бойынша тексеріп, өздерін бағалау ұсынылады. Бағалау барысында оқу жұмысы деңгейін ерікті таңдау мүмкіндіктеріне ие болады: грамматикалық тақырыпты меңгерулеріне қарай топтарда таңдаулары бойынша «Тілектер тізімін» (Бұйрық рай), «Кері кенестер» (Қалау рай), «Қорқынышты оқиғалар» (Шартты рай) ойлап құрастырады.

Өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін жасау (оқу материалы оқушы тапсырмаларды орындауда таңдауға мүмкіндігі болатындай ұйымдастырылуы қажет, әрине «оңай-қиын» деген түсінікте емес, материалын түсінуге маңыздылығы жағынан, әр тапсырманың сөздік, графикалық, көрнекілік шешімі болуы қажет, ал оқушы солардың ішінен таңдайды, әсіресе жоғары сыныптарда).

Мысалы, Балалар дүкеннен азық-түліктер сатып алды. Олар үйге келген соң мұғалім оларға: Сатып алған тағамдарыңнан бутерброд жасаңдар. Топтарға бірігіңдер, жасаған бутербродтарыңның жарнамасын жасаңдар.

Бұл бағытта оқушыларға тағы да басқа көптеген тапсырмалар беруге болады. Мысалы, 9-сыныпта «Отбасы» тақырыбын өткенде мынадай жағдайды қарастыруға болады. Көріспегендеріне 15 жыл болған екі құрбы кездеседі. Оқушыларға Сараның әңгімесі мәтін ретінде беріледі. Оқушылар мәтінді оқып аударды. Содан соң оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынылады. 1. Сараның өзінің отбасы туралы әңгімесін қайталап айтып бер. 2. Сараның құрбысы Майраның атынан соңғы 15 жыл ішінде өміріндегі өзгерістер туралы әңгімелеп бер. 3. Екі құрбының достығы туралы әңгімеле.

Осы тапсырмаларды таңдау барысында топтар пайда болады. Өз бетімен жұмыс қиындықтары туған жағдайда оқушы-ларға топпен жұмыс жасау мүмкіндіктері пайда болады.

Өзін-өзі жүзеге асыруға тапсырмалар - мазмұнында шығармашылықты талап ететін тапсырмалар.

Өзін өзгертуге, жетілдіруге және дамытуға талпынысын дамыту – «Өзінді өзін үшін өзгерт». Мұндай тапсырмалар – өте қиын қадам. Мұнда ең басты ұстаным – жұмысты орындаудың еріктілігі, жұмыстың бағамен бағаланбауы.

Әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастыруы, оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруы керек. Әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп.

Б.КӨЛБАЕВА,
№24 жалпы орта мектеп.
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру – маңызды мәселелердің бірі.

Білім беру жүйесін қазіргі уақытта одан әрі дамыту, әлемнің алдыңғы қатарлы беделді елдерімен бірдей жұмыс жасау, қазақ тілін дамытуда өзіндік үлес қосу әр ұстаздың алдындағы тұрған міндеттері деп айтсақ та болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда көптеген ғылыми зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылуда.

Жас мемлекетіміздің болашағы-бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің, басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, ақырында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Бүгінгі таңда дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, ізгілікті – тұлғалық технологиясы, оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы және басқа да көптеген білім беру технологиялары кеңінен танымал.

Солардың ішінде, елімізде Ә.Жүнісбековтың, Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

Дәстүрлі сыныптық сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесідей педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануда. Мысалы: Ойын технологиялары, проблемаларды оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Енді, ойын технологиясы туралы айтатын болсақ:

Ойын – балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы: «Мен оқушымын», «Мен кәсіпкермін», «Мен сатушымын», т.б. ойындар. Мұндай ойын түрлерінің ерекшелігі – жоғары көңіл-күйде ойналатын рөлдер шынайы сезімге, ойға, ниетке толы болады және балалар үлкендер сияқты дәрігер, эколог, жол көрсетуші болғысы келеді. Бұл ойындарда балалардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, қажеттілікті, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ойын арқылы келесідей міндеттер: баланың қоғамдық ортаға бейімделуін, жалпы мәдени құндылықтары мен әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруін; баланың адамгершілігіне мүмкіндік беретін іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Мұғалім ойын технологияларын пайдалана отырып, баланың әр қырынан көрінуіне (интеллектуалдылық, шығармашылық, эмоционалдылық, коммуникативтік) және оның мінез-құлқында, қарым-қатынасында, оқуында пайда болатын әр түрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Орыс мектептерінде оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуіне, өз ойын басқаға жеткізе білуіне, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу.

Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін кірістіре отырып, оқушылардың шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мұғалімнің міндеті деп білемін.

Оқушыларға өмірден нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың алған білімінің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады және оқушылар біліміндегі кемшілік элементтерін жояды.

Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу үдерісінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, оқушылар түсінетіндей, қабылдайтындей етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді түрде жүзеге асыруына тиіс.

Оқушылардың біліктілігін, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең қолайлы жолының бірі — сабақта ойындарды көбірек қолдануы. Оқушының негізі - білім, еңбек екенін, оның ойын арқылы табылуын көрсете кеткен де жөн болар. Ойын – әрқашан кішкене болса да баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және көңіл көтеру деп ойлайтындар қателеседі. Кейбір педагогтар мен психологтардың мектеп жасындағы балалар ойын жасынан өтіп кетті,- деуі бекер. Ойындағы азғантай болса да элементтер, сабаққа әр түрлі нәр береді, сабақты қызықты етеді, оған эмоциялық әсер енгізеді.

Оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, тексереді, қателерін түзейді. Оқушылар ойынның барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдамырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық оқушылар алға бір сағат болса да жылжиды. Білімдері терең

оқушылардың тежелмеуін, білімі төмен оқушылардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді деуге де болады.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабақтарында ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірлесетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Осындай сабақтардың жиі өтілу нәтижесінде оқушылардың бір-бірімен сөйлесу мәдениеті, тәртіптілігі, сыныпқа және бір-біріне жауапкершілігінің болуы, менмендігі және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасуы айдан анық.

Ұстаздардың ең басты мақсаты — сабақ мақсаты мен қолданылатын ойынның мақсатын мұқият ескере отырып, сабақтар мен сыныптан тыс шараларда, оны дұрыс қолдана білуі. Мұғалім мен оқушылардың ойынға деген ынталары болған жағдайда ғана, ойын жүруі мүмкін. Қандай да болмасын ойынды шартты түрде ойнауға болмайды. Ойынды ойнау шарттарымен қатар соған байланысты қосымша жаттығулар да жасата білуі қажет. Оқушылардың басты назары біріншіден соған ауады, ал ойын барысында ойынның білім беру мақсатының қалай орындалатындығы сезілмей қалады. Сондықтан да, сабақтарда өтілетін ойындар оқушыларға жәй сабақ ретінде емес, қызықты жұмыс ретінде берілуі тиіс. Ойынды өткізудегі мұғалімнің ең маңызды рөліне тоқталсақ: Ойынның идеясын көбінесе мұғалім құрастырады. Әрине, оқушылардың ойынды ойлап-құрауы өте пайдалы, өйткені қандайда да бір тақырыпқа ойын ойлап табу үшін, сол тақырыпты оқушы терең білуі керек. Ал, тақырыпты терең білу үшін, мұғалім сол тақырыпты нақты түсіндіріп, оқушының жан-дүниесіне жететіндей жұмыс жасауы қажет. Сондықтан, мұғалім, әсіресе осы жұмысты орындаған оқушының еңбегін марапаттап, бағалауы тиіс.

Мұғалім әрбір сабаққа, тақырыпқа және әр сыныптың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын тандай білуі қажет. Сонымен қатар оқушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын тандай білу керек.

Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

Өзара қатынасқа және сөйлесуге құрылған оқыту оқу үдерісінде белсенді формаларды қолдану арқылы іске асырылады деуге болады. Олардың түрлері:

Топтық, жұптық, ұжымдық.

Оқытудың бұл формалары жалпы немесе құрылымдық деп аталады.

Бұдан басқа нақты немесе арнайы формалары бар: семинар, оқу конференциялары, диспут, топтық пікірталас, т.б.

Оқу үдерісін жандандыру құралдарының ішінде ойын, ойын арқылы оқыту ерекше орын алады. Қазіргі кезде педагогикада оқыту мен ойынды топтастыруға көбірек қадам жасалуда және еңбек негізінде оларды қосу туралы болып отыр.

Оқу ойыны – бұл оқуды ойын арқылы ұйымдастыру. Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, оқушылар ойынға қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алады.

Дидактикалық ойындар-оқытудың маңызды құралы болып табылады. Дидактикалық ойындар байқампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады. Оның мақсаттары мен міндеттері: Жаңаша білім беру мазмұнына көшу, нақты іс-әрекет жүргізу, ізденушілікпен жұмыс істейтін оқушыларды тәрбиелеу. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, іскерлік ойындар ұйымдастыру, теория мен практиканы жиі-жиі ұштастыру. Ал енді, мұғалімнің іс-әрекетіне тоқталатын болсақ: Оқушыларды бақылайды, бақылау нәтижелерін өңдейді, алған нәтижелерді хабарлайды. Оқушылардың іс-әрекетіне келсек: Оқуға бар ниетімен қарау, жаңаны танып-білу, өз жетістіктерін өздері бақылау.

Іскерлік ойындар: ұжымдық іс-әрекет, симпозиум.

Іскерлік ойындардың құрылымы: оқушылардың талдауына мәселелер жасау, оқушыларды топқа бөлу, мәселелерді талдау, сынып алдында шешімдерін айту.

Қазақ тілі сабағында оқытудың жаңа технологиялары, көбінесе интерактивті әдістерді жиі қолдануы. Басқа ұлт өкілдерін оқытуда даралай және деңгейлеп оқыту әдістерін қолдану тиімді деу керек. Инновациялық әдіс-тәсілдерді ендіру арқылы мұғалім оқушылардың қызығушылығын, қабілеттілігін, белсенділігін, сабаққа деген сапасын көтереді.

Осындай тәсіл – тілді үйрену үдерісіндегі ең белсенді әдістемелік тәсілдерінің бірі. Оны тиімді қолдана білген ұстаз, оқушыларының білімі мен тәрбиесін беруде үлкен табыстарға жетеді, сол арқылы шәкірттерінің бойында ойын өзгеге жеткізу қабілеті мен дағдысын қалыптастыруға, монолог түріндегі ойын дамытуға, диалогтық қарым-қатынас негізіндегі сөйлеу тілін бағыттауға ықпал етеді. Өзімнің ұстаздық ету тәжірибемде осындай жағдайларды жиірек қолданудамын және де осы тәсілдердің арқасында оқушыларымның қала бойынша әкеліп жатқан жеңістері мен жетістіктеріне куәмін деуге де болады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, Абай ағамыз айтқандай, ұстаздың еңбегі өте зор. Еңбектеріңіз жана берсін!- демекшімін.



В.СҰЛТАНҚЫЗЫ,

**А.С.Мақаренко атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектеп.**

Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ «ИНСЕРТ» ӘДІСІН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Өркениетке ұмтылған қазіргі қоғам талабына сай Қазақстан Республикасының дамыған елдермен иық тіресіп тұруы және еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді,

зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау – ұстаздардың міндеті. Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек ету арқылы оқушыны адамгершілік рухқа тәрбиелеуді басшылыққа алуда технология пәнінің орны ерекше. Қай пәннің болмасын білім сапасын көтерудің бірден-бір жолы білім беру технологиялары мен оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа түрлерін қолданысқа енгізу. Осындай талапқа қол жеткізу үшін мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін үнемі толықтырып, үздіксіз ізденіс, өз мамандығын барынша жетілдіруі және осы саладағы жаңалықтар мен озық тәжірибені үнемі пайдалануы тиіс. Өр шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына білім сапасының артуына ұстаздың өткізген әр сабағы шешуші рөл атқарады деп білемін. Білімнің сапалы болуы ұстаздың дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияларды тиімді пайдалана білуіне, яғни, кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Білім беру сапасын арттырудың бір көзі – жаңа технологияларды қолдану арқылы сабақты түрлендіріп өткізу. Қазақ тілін оқытудағы жалпы мақсат – оқушыларға ана тіліміздің ғасырлар бойы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін, лексикалық байлығын таныту, қазақ тілінің қуатын, құдіретін, шешендігін жас ұрпақ бойына дарыту, ана тілімізді қуатты әдеби тіл қатарынан түсірмей, мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеру. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы тиімді әдістердің бірі – сыни тұрғыдан ойлау. Сыни тұрғыдан ойлау әдісін сабақтарда кеңінен қолдану арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығына ықпал болады деп есептеймін. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған шешім. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің басты мақсаты – оқушылардың сөйлеу, түсіну дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, қазақ тілінде сөйлеуіне жағдай туғызу. Бұл орайда, қазақ тілін оқытудың

озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы. Өз тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойылған мақсатым – оқушыны оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай жасау. Өз сабақтарымда оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуге назар аударамын.

СТО жобасының көптеген стратегияларын қолданып келемін. Олар: Венн диаграммасы, ББУ, ЭССЕ, ЖИГСО, семантикалық кесте «Кубизм», «Тірек сөздер», «Галереяға саяхат», «Үш қадамды сұхбат», «Блум таксономиясы», «Инсерт», т.б. Бүгін сіздермен INSERT немесе түртіп алу стратегиясы туралы ой бөліскім келеді. INSERT немесе түртіп алу стратегиясының басқа стратегиялардан айырмашылығы жалпыға бірдей қолданатын белгілері бар: «V» - «білемін», «-» - «білмеймін», «+» - «мен үшін жаңалық», «?» - «мені таңғалдырады». INSERT әдісін қазақ тілі сабағында қолдану себебім көптеген мақсат-міндеттерді шешуге мүмкіндік жасайды. Оқушылардың өз бетінше түсініп оқуға өте үлкен көмек береді. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды еске сақтау, мәнін жете түсіну күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау жиі кездеседі. INSERT әдісін қолдану арқылы оқушыларға мәтін немесе тапсырмалардың мағыналарын түсіндіруде, кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Оқушылар тапсырманы орындау кезінде білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни, байланыстар құруға дағдыланады. Кесте толтырады.

Аты-жөні	Тақырып	«V» - «білемін»	«-» - «білмеймін»	«+» - «мен үшін жаңалық»	«?» - «сұрақ пайда болды»

Мысалы мәтінмен жұмыс жүргізу. 6-сынып.

«Екі дос»

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі ортада тұрып қалады.

Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «**Өлген адам сияқты жерге бетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін**» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оның иіскелей бастағанда демін жұтып, демалмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді. Сонда досы: «**Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігін айтты**» дейді.

1. Оқушылар мәтінді оқып шығады. 2. Әркім өзі жеке-жеке оқиды. 3. Оқып болған соң топ болып кестені толтырады. 4. Өзара топ ішінде талқылайды. 5. Бірінің білмегенін бір-біріне айтады.

«V» - «білемін»	«-» - «білмеймін»	«+» - «мен үшін жаңа жаңалық»	«?» - «сұрақ пайда болды»
Біз әңгімені білеміз.	Аю өлген адамға тимейді дегенді білмейміз	Ауру баланың тапқырлығы	Достар! Осындай жаманды жасауға болама?

Сабақ тақырыбы: «Табиғат»

Оқушылармен 2-3 сабақ бойы табиғат туралы әңгімелестік, толық мағлұмат берілді.

Сабақ аяғында алған білімдерін бекіту кезеңінде осы инсерт әдісін қолдануға болады. Тапсырма. Ақпарат алдыңыздар. Осы білімдеріңізді кесте арқылы көрсетіңіздер.

«V» - «білемін»	«-» - «білмеймін»	«+» - «мен үшін жаңалық»	«?» - «сұрақ пайда болды»
Табиғат туралы	Мәселені шешу жолдарын	Балық шаруашылығы туралы ақпарат алдым.	Экологияны қорғау

Осы кестеде көрініп тұрғандай, оқушылар табиғат туралы қазақ тілінде өз ойларын айта алады, оқығандарын түсінеді. Қазіргі кезде табиғат мәселесі күрделі екенін түсініп, бірақ оның шешу жолдарын білмейтіндерін баяндап отыр. Оқушылар мәтінді оқыған кезде алған жаңа ақпараттары, балық шаруашылығы туралы болса, табиғатты, қоршаған ортаны қалай қорғауға болады деген сұрақ пайда болғанын да көріп отырмыз. INSERT немесе түртіп алу стратегиясы – түртіп алу әдісі арқылы оқушылар өздеріне мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеп алуға мүмкіндіктері бар және өз бетімен ізденіп жұмыстанады. Сөйтіп, оқушы тек өз бетімен жұмыстанбай, қазақ тілінде берілген мәтінді толығымен түсініп, мазмұнын айта алады. Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде INSERT немесе түртіп алу стратегиясын қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбей, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады деген тұжырымдамамен келісемін. Әр сабағымда диалогты, мәтінді, тапсырмаларды орындату барысында оқушыларымды сыни тұрғыдан ойлауға жоғары деңгейлі сұрақтар арқылы жетелеп отырамын. Оқушылар өздеріне түсініксіз немесе түсінікті тапсырмаларды белгілеп қойып отырады. Бұл белгілер мұғалімнің де жұмысын жеңілдетеді. Кейде осы белгілерді ауызша тапсырмаларды орындауда да қолданамыз. Мысалы мәтін оқылды, мазмұны кімге түсінікті деген сұраққа жекелеп жауап алғанша, оқушылар осы белгілер арқылы түртіп көрсетеді. Мен өзім 20 жыл орыс сыныптарында қазақ тілінен сабақ беріп келемін. Мен сабағымда тек INSERT немесе түртіп алу әдісімен шектеліп қоймаймын. Міндетті түрде сабақ барысында жоғарыда айтылғандай басқа да стратегиялармен жұмыстанамын. Мысалы «Миға шабуыл», «Кластер» әдістерін де қолданып жүрмін. Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау әдісінің өте тиімді, әрі қызықты әдіс екеніне көзім толық жетті деуге болады. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары

артып, тапсырманы тез орындап, келесі тапсырмамен жұмыс істеуге құлшыныстары арта түсті. Өзімнің де сабақты өткізуге деген қызығушылығым да арта түсті десем де артық болмас. Сыни тұрғыда ойлауға оқыту – жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде қолданып, кейін ұмытып кетуге болмайды. Сыни тұрғыда ойлауға апаратын қатаң реттелген қадамдар тізімі жоқ. Дегенмен сыни тұрғыда ойлауды дамытатын оқу шарттары бар екенін естен шығармау керек. Олар төмендегідей:

1. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
2. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
3. Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтау.
4. Сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету.
5. Кез келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру.
6. Сыни тұрғыда ойлауды бағалау.
7. Тиімді сыни тұрғыда ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек. Қорыта келгенде, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау менің тәжірибемде оң нәтиже бере бастады. Әрине, алғашқы сабақтарымда уақытты жеткізе алмай жүрсем, кейінгі сабақтарымда мен де, оқушылар да уақытты үнемдеуге үйрендік. СТО – білім берудің сапасын арттыруда өте тиімді. Ол үшін ұстаз сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, оның ой-өрісін дамытуда аянбай еңбектенуі қажет. Неміс педагогы А.Дистерверг «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзінің ізденуіне жетелейді» деген болатын.

Т.МҰҚАШЕВА,
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

БІЛІМ БЕРУДЕ КЕМБРИДЖ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әрбір адам сүйікті болғысы келеді және өз отбасы, жұмысы, үйі, достары, ақшасы болғанын қалайды. Бұлардың барлығына қол жеткізу үшін кейбіреулері қолдауды қажет етеді, ал кейбіреулері өз күштерімен қол жеткізіп, басқаларға қолдау көрсетеді. Өз ойын толық жеткізе алатын, өзгелерге үлгі бола білетін адамдарды көшбасшы деп атайды. Ал біздер – мұғалімдер сабақта осы міндетті атқара аламыз ба? Біздің мамандық – бірегей мамандықтардың бірі. Оның бірегейлігі сол, ол біздерге балалардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Әрі көшбасшы бола қоймаған балалардың көшбасшылық қабілеттері мен талабын дамытуға өз әсерін тигізе ала ма?

Менің ойымша, жоқ. Олай болса, мұғалім көшбасшы болып табылады және ол үнемі өзінің көшбасшылық қасиеттерін дамытып отыруға тиіс деген қорытындыға келеміз.

Мұғалім – көшбасшылардың міндеті оқушылардың өзін-өзі анықтауына қолдау көрсету. Біз әлдеқашан білім беру деген түсініктің мағынасынан өте алшақ кеттік, өз білгенімізді өзгенің санасына таңып қоямыз. Бұл курс маған білім беру мәселесін қайта ой елегінен өткізуге септігін тигізіп, сенімділік пен күш берді: мен неғұрлым көп білсем, соғұрлым өз жұмысымды нәтижелі орындау үшін құралдарым да көп болады. Бұл шешімнің толық мағынасын мен мектептегі машық кезінде және одан кейін түсіндім.

1974 ж. Ноуле айтуы бойынша, мұғалім оқытудың қарапайым түсінігінен кәсібиліктің кешенді әдіс-тәсіліне жетуге тырысу керек. Көшбасшылық та оқыту сияқты, үнемі дамытуды қажет ететін негізгі адами қабілет болып табылады. Барлық өзгерістердің негізінде аутентикалық білім беруге қол жеткізу жатыр. [Frost, 2011] («Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012 ж. III басылым, 87-бет). Мектепте өткен машықтың нәтижесін талдай отырып, оқытудағы өзгерістерді басқару оңай болмағанын байқадым. Оқытудың түп негізі – бұл оның жоғары нәтижелілігі болып табылады. Бұл қорытындыдан шығатыны, оқушының оқуға деген ішкі мотивациясы, топтық іс-әрекеттер ықпалымен оның тұлғалық қасиеттерін өзгерту, оқу барысында оқушының өз бетімен алған біліктілігі мен дағдылары – бұның барлығы аутентикалық білім берудің көрсеткіштері.

Машық барысында біз оқушыларды емес, өз - өзімізді оқыттық. Бұл мен үшін үлкен нәтиже. Бізді сабақ жоспарын дайындау, оның мақсаты мен міндетін қою барысында: бұл сабақта неліктен осы мақсатты, неліктен осы міндетті қоямыз, неліктен осы жұмыс түрін пайдаланамыз? деген сұрақтар алдымен мазалайды.

Міне, осындай теориялармен мектепке келдім, өз сабағымды беріп жұмыстанатын сыныбымды анықтадым. Алғашқы машық күні мен жай сабақ өткіздім, себебі, біріншіден, өзім дайын болмадым, екіншіден, ата-аналардың келісімін алмаған едім. Бағдарлама талабы бойынша біз ата-аналарды алда болатын бақылаулар мен фото-бейне түсірілімдер туралы хабардар етуіміз қажет. Алайда, жақсы оқитын оқушылардың ата-аналары сабақты бейнетаспаға түсіруге жазбаша түрде теріс көзқарас танытты. Олардың ойынша, оқу үрдісінің өзі оқушыларға қатты күйзеліс тудырады. Ал, сабақты бейнетаспаға түсіру қосымша жайсыздық тудыруы мүмкін. Оларды алдымен әңгімелесуге,

содан кейін сабаққа қатысуға шақырғаннан кейін фото және бейне түсірілімге рұқсат алдым. Менің бұдан түсінгенім біз, мұғалімдер, ата-аналарға өз балаларын тәрбиелеуді үйретуді білеміз, оларды ата-аналар жиналысына келмейді деп кінәлаймыз. Ал өзіміз ше? Өзіміз педагогтік этиканы жетік білмейді екенбіз. Ата-аналармен кері жақсы байланыс орнату үшін алдымен, өзіміз оларға жылулық сыйлап, ықыластық танытуымыз қажет.

Айта кету керек, сыныптағы атмосфера өте ауыр болды, барлық оқушылар таңдап алынғанымен, оқушылар арасындағы тығыз қарым-қатынасты байқамадым. Сынып жекелеген топтарға бөлініп, достық қарым-қатынастары шамалы. Бұл сынып ұжымы 7-сыныптан бері физика-математикалық бағыттағы экспериментальды сынып болып құрылған. Шынын айтсам, бұрын маған бұл сыныпта сабақ беру қиынға соғатын еді. Өйткені, олар сабақ үстінде күбірлеп сөйлеп, немқұрайлылық танытып, кедергі келтіріп отырды. Сонымен қатар сабақта орындаған жұмыстарына жоғары бағаны талап етеді. Машық кезінде сабағыма кіріспес бұрын мен мектеп психологынан оқушылардың темпераментін анықтау үшін тест өткізуін сұрадым. Психолог бұл бағыттағы тестті өткізген болып шықты. Тест нәтижесімен танысқаннан кейін мен өз-өзімді реттеуге тырыстым. Мен оқушылар туралы қате пікірде болғанымды, оларға дұрыс қарамай келгенімді байқадым. Бұл жағдайдан өзіме екі қорытынды жасадым:

1) әр оқушының жеке ерекшелігін ескеру;

2) сабақта әр оқушының жақсы жақтарын дамытуға және жаман жақтарын жеңуге үйрететін жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыру.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізгеннен кейін менің бұл сынып ұжымына көзқарасым өзгерді.

Сабақты бейнетаспаға түсіруге рұқсат бергенше, сабақты топқа бөліп жұмыс жасау қағидасын жасадым, үш өлшемді

күнделік бастадым, рефлексия парақтары (Нені білемін? Нені білгім келеді? Нені білдім?), стикерлермен жұмыстар түсіндірілді. Осы аптада Мария, Арнур, Сабина деген оқушыларды бақылауға таңдап алдым.

Екінші аптада сабақтар орта мерзімді жоспар бойынша өткізілді. Мен бейнеге түсіру функциясы бар фотоаппаратты тауып, ата-аналардың келісімін алғаннан кейін өз сабағымды беруге кірістім. Толқып жүріп, фотоаппаратты қуаттауды ұмытып кетіппіз, сондықтан сабағымның тек 15 минутын ғана таспаға түсіріп үлгердік. Түсірілген сабағымды қарауға кірістім, сондағы өзімді көрдім де қатты шошыдым. Бұл мен бе? – деп таңдандым. Бұрын өзімді сырт көзбен басқаша көріппін. Ал таспадан өзімді балалардың алдында өктем ұстайтындығымды көрдім. Ешбір бала тік отырып, көзіме тура қарай алмайды екен. Олар сабақта жауаптарын дауыстарын шығармай, жайлап айтады, сабаққа ынталары жоқ. Бұдан кейін сабақта мүмкіндігінше аз сөйлеуге тырыстым, керісінше, оларды сөйлетуге, өз ойларын нақты дәлелдермен жеткізу дағдыларын дамытуға тырыстым. Бірнеше сабақ өткізгеннен кейін әр екінші оқушының топтасып жұмыс істегісі келетінін байқадым. Бір күні мен олардан сабақ өткізудің бұл түрі ұнай ма деп сұрадым. Олар бірден «иә» деп шулап қоя берді. Толығырақ айтқанда, олар тақырыпты жақсы түсіне бастапты, оларға өз ойларымен бөліскен ұнайды және топтасып жұмыс жасағанда шаршамайтындықтарын жеткізді. Соңғы аптада олар үй тапсырмасын, бағалау шарттарын түсінді ме, жоқ па деп бір-бірінен қайта-қайта сұрады. Бұның бәрі мені қатты қуантты.

Мен осыған дейін сабақ берудегі мақсатты дұрыс қоймаппын. Ең басынан бізді білімді оқушыға дайын күйінде беруге үйретті, ал қазір сабақта оқушылар білімді өз бетімен іздейтіндей етіп ойластыру қажет. Бұл, мен үшін күтпеген жағдай болды. Біз машық барысында мына нәрселерге: сабақты оқушылармен бірге бастауға; олармен бірге қай

жұмысқа қанағаттанарлық, жақсы, өте жақсы баға қою керектігін шешуге; тақырыпты меңгерудегі қиындықтарды бірге өткеруге; бірге мақсат қойып, оған бірге жетуге тырыстық.

Машық барысында ең қиын болғаны – өз ұстанымымызды қайта өзгерту, яғни, бұған дейін оқытып келген әдісіміздің дұрыс еместігіне келісу қиын болды.

Дегенмен, бірінші сабақтан-ақ алғашқы ілгерілілікті көргеннен кейін, басқарушылықты бірнеше рет қарап шығуға тура келді. Өз ұстанымымызды өзгертудегі ең басты рөл атқарғаны – оқушылардың оқуға деген мотивациясының оянуы. Олар қазақ тілін түсінбегендіктен (өзге ұлт өкілдері), бұл пәнді ұнатпай келген еді. Ал енді әр сабаққа ықыласпен келіп, біздер жанаша жұмыстанамыз ба деп сұрайды.

Сабақта интербелсенді такта қолдану оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттырады. Мен оқушылардан аталған тақырып бойынша сабақта тағы не істеуге болатынын сұрадым. Сонда бақылауға алған төмен деңгейлі Сабина есімді оқушым мектеп асханасын таспаға түсіруді және асхана меңгерушісінен сұхбат алуды, содан кейін түсірілген бейнеподкастты «Асхана болашақта» тақырыбында постер құруға жеңіл болу үшін сабақта көрсетуге ұсынды. Оның пәнге қызығушылығының немқұрайлылығын және сабаққа дайындығының жүйелі еместігін біле тұра, сұхбат болмай қалып, бәрі босқа бола ма деп қорықтым. Алайда, тәуекел еттім. Ол маған тек бір рет жақындап, нені және қай жерде таспаға түсіру керектігін сұрады. Оның сұрауына мен сұрақпен жауап бердім: сен нені көрсеткің келеді? Белгілі болғандай, ол тек біздің асхананы көрсетіп қана қоймай, асхана қызметкерлерінен «қалай дұрыс тамақтану керек», «қандай гигиеналық талаптарды сақтау қажет», «асханада нені өзгерту керек және өзгертуге болады» деген сұрақтарға жауап алу мақсатында сұхбат алғысы келеді екен. Осы тақырып бойынша, өзімнің басты аспектілерімді

айта отырып, мен одан сабақтың 20-25 минуттық көлеміне дайындалып келуін сұрадым. Сабақтың қалған бөлігі тақырыпты бекітуге, яғни, постер құруға арналады. Бұл сабақ оқушыларға көбірек ұнады. Сабинаның өзі роликтің көлемін қысқартқанын айтты, неге екені белгісіз дайындап келген материалын енжар айтып берді. Ол тілші болудың қиын екендігін, сонымен қатар қызықты екендігін мойындады. Рефлексия кезінде оның сыныптастары оған «5» деген баға қойып, қызықты және пайдалы ақпарат әкелгені үшін алғыстарын айтты. Сабақтан кейін біз оның нәтижесін талдадық. Оның іс-әрекетін бақылау мен үшін қызықты болды, өйткені ол өзін ашық сабақ берген мұғалім сияқты ұстап, менен тапсырманы қалай орындағаны жөнінде сұрады. Оқушының бұл сабақты өткізгісі келген ынтасы – сыныпта балалардың әр түрлі деңгейдегі дарындылығы мен талаптарын дамыту үшін жағымды атмосфераның құрылғаны деп ойлаймын.

Сабақ жоспарын дайындау барысында оқушылармен өзара диалогты дамытуға көп көңіл бөлінді. Диалог оқушылардың ойлау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Олар дұрыс жауап бермеген кезде, мен өзімнің сұрақты дұрыс қоймағанымды түсініп, тақырыптың негізгі мағынасын түсіндіремін. Бұл менің мектептегі он жылдық тәжірибемнен кейін дидактика мен әдістемені қайта қарауыма әкелді. Сабақта мәселелік жағдаяттарды туғыза отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзімнің интеллектуалдық деңгейімді арттыруға тырыстым. Қазір бағдарламаның оқу модульдерін енгізу бойынша тәжірибемді талдай отырып, мен әр сабақта жеті модульді пайдаланамын деп тапсырмаларды шектен тыс көп бергенімді байқадым. Топтағы жұмыстың талқылау барысын тыңдай білмеппін, алайда сабақ берудің әдістемесін өзгертіп отырдым. Үшінші кезеңде бізге сұрақтар қойды. Осы сұрақтар арқылы біз өзгеріс енгізудің, талдау жасаудың қажеттігін

түсіндік. Осы жерде менің ең басты түсінгенім машық кезінде көп нәрсені дұрыс жасамаппын. Өз курстастарымды тыңдай отырып, олардың қателерін көре отырып, мен бұл бағдарламаның қалай жұмыс жасайтындығын түсіндім. Бұл курс бізді мұғалім – көшбасшы болуға үйретті. Көшбасшы – бұл өзінің жеңістері мен жеңілістеріне бірдей дәрежеде қарай білетін адам. Мұғалім – кәсіби қиындықтарды жеңе білетін, барлық орын алған мәселелердің түйінін таба білетін адам.

Әр оқушының жеке тұлғалық өсуін бақылау өте маңызды. Бақылауға алған оқушыларымның өзгерістерін байқай бастадым: үнемі кешігіп жүретін Мария сабаққа уақытында келетін болды, ол қазір топтың көшбасшысы. Арнур өз жұмысына сыни көзбен қарай бастады, өзіне талапты күшейтті. Сабина былтырғы оқу жылында оқығысы келмей, мені біраз алаңдатып еді, қазір ол мүлдем өзгерді: байқағыш, керек кезде қол ұшын созады, тек кішкене ұялшақтау. Бұндай бақылаулар мен үшін үлкен маңызға ие. Қазір оқушылар трансформацияға дайын. Барлық қорқыныштарды жеңу, сабақтың жетістігімен шабыттанып, оқушылармен жүргізілетін жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін табу, олардың шығармашылықпен жұмыстануына, креативті ойлауына мүмкіндік туғызу, олардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру – бұның барлығы мектепте атқарылатын үлкен жұмыс. Енді біздің міндетіміз оқушыларды білімді өз бетімен табуға үйрету. Осылайша, олардың өз білімдерін үнемі жетілдіріп отыру қажеттіліктерін дамыту.

Екінші бетпе-бет кезеңінде, әріптестерімізбен жұмыстана отырып, мен бұл бағдарламаның мағынасын терең түсіне бастадым. Нашар және жақсы оқитын оқушылардың жұмыстарын бағалай отырып, олардың тұлғалық өскенін байқадым. Жақсы оқитын оқушылардың оқуға деген тәкаппарлығы жоғалды, нашар оқитын оқушылардың оқуға

сенімділігі пайда болды. Сыныптағы атмосфера да өзгерді, оқушылар бір-бірін сүйемелдеп алға тартады, әділ баға алуға тырысады, жұмыстың жақсы түрлерін ұсынады.

Өз байқағанымнан шығарған қорытындым, оқуға деген қабілеттілік оқушылардың қызығушылықтары арқылы артады, сондықтан сабақ барысында шығармашылық тапсырмаларды көп қолдану қажет. Сабақта балалар әлеуетін пайдалану сабақты тиімді әрі қызықты етіп қана қоймайды, сонымен бірге олардың таланттарын үнемі дамытып отырады.

Екінші бетпе-бет кезеңінде мен мынадай ойға келдім: төрт апта бойғы машық біздің педагогикалық құндылықтарымызды басқа жағынан ашты. Біздің презентациялар өзімізді жарнамалауға, сабақты көрудегі өз көзқарастарымызда қалуды үйретті. Өз ой-санамызды дамытуда үлкен орын алған – бұл рефлексия. Рефлексивті форматтағы есептерді жазу өзімді мұғалім, адам ретінде дамытуда өз ізін қалдырды.

Біз алғашында қалай болар екен деп қорықтық, алайда алға қадам бастық, бізбен бірге оқушылар да алға жүрді. Барлық жағынан (машықта, есепте, сабақ талдауында) жеті модулдің өзара тығыз байланысын байқауға болады. Оқушылардан тапсырманы орындауды талап ете отырып, біз өзіміз де орындаушы болдық. Оқушылардың бойында сыни ойлау дағдысын қалыптастыра отырып, біз күрделі деңгейлі тапсырмалармен және сұрақтармен жұмыстандық, проблемалық жағдайлар туғыздық. Мұғалім ретінде менің жұмысқа деген көзқарасым өзгерді. Енді мен сабақта нені, қалай және неліктен істейтінімді білемін. Сондықтан мектепке өзіме деген асқан сенімділікпен келемін.

Бағдарламадан маған ұнайтыны – біз өз мамандығымыз туралы көп ойланатын болдық. Бұл курс маған не берді, не үйретті дейтін болсақ, ол маған педагогикалық этика мен шеберлікті дамыту үшін күш беріп, бойыма сенімділікті

ұялатты. Қазір мен мектепке келгенде не істейтінімді анық білемін.

Мен оқыту әдістемесіне өзгерісті қалай енгізбекпін? Бәрін ой таразысынан өткізгеннен кейін алдымен сапалы сабақты дайындауды және оған мектеп әкімшілігін, әріптестерімді, мектеп көшбасшысын шақырудан бастау керек деп шештім. Меніңше, бұндай сабақ модульдерді жәрменкелеудің өзіндік бір түрі болмақ. Сыни ойлау, диалогтік оқыту, модульдерді сабақта көрініс табатындай етіп ойластыру қажет. Сабаққа қатысушылардың өздері әр оқушының қабілетін, нашар оқушылардың жақсы жақтарын көретін болады. Сабақ басталмас бұрын оларға, яғни, қатысушы қонақтарға әр модуль мен кезең бойынша бағалау формаларын үйлестіріп беремін. Онда әр модуль бойынша бағалау шарттары және тапсырманың мақсаттары қысқаша сипатталған. Сабақтан кейін қатысушылардың пікірін, яғни, олардың сабақта не көргендігін, болып жатқан өзгерістерді қалай қабылдағандықтарын тыңдаймын. Осыдан кейін ғана сабақты өзім талдауға кірісемін, нені жасай алдым, нені жасай алмадым, күткен нәтижеме жете алдым ба деген сұрақтарға жауап іздеймін. Сабақ кезеңдерінің тұсаукесерін алдын ала дайындап, бұл сабақты жоспарлауда нені басшылыққа алғандығымды түсіндіремін. Басқаша айтқанда, мен бағдарламаның жаңа әдістерімен, идеяларымен қызықтыра білуім керек. Бұл жәрменке – сабақтан күтілетін нәтиже – әріптестерімнің, әкімшіліктің, өзін-өзі басқару көшбасшыларының бағдарлама идеясын алға дамытуда қызығушылық танытуы.

Өз есебімді аяқтай отырып, курс мені түбегейлі өзгерткенін айтқым келеді. Өзінің іс-әрекетімен үлгі бола білген, бізді өз күшімізге сенуге үйреткен біздің мықты жаттықтырушымызға, Бағдарламаға рахмет! Педагогтарды оқытуда заманауи жобаны ойлап тапқан біздің үкіметке шексіз алғыс!

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

**Қ.ҚАДЫРҚҰЛОВ¹,
Р.ҚАДЫРҚҰЛОВА²,
доцент¹.**

**әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті,
аға оқытушы².**

**Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық
техникалық университеті.**

ӘДЕБИЕТТІ ОҚУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ КЕРЕҒАРЛЫҚ

Мектеп жасындағы бала көркем шығармаларды сынып деңгейіне қарай мөлшерленген көлемде өзі оқып, мазмұнын айтуға машықтанады. Мұғалім әдебиетті оқытпай, баланың өзіне оқытқызады. Шағын әңгімелердің оқиғаларын өз түсінігімен баяндауға дағдыланады. Қандай кейіпкердің жақсы, қандай кейіпкердің ұнамсыздығын ажыратуға талпынады. Өйткені көркем шығарманың түпнұсқасын оқиды. Сондықтан болар, 8-сыныпқа дейінгі әдебиет пәні - «Әдебиеттік оқу кітабы» делінеді. Бұдан соңғы кезеңде оқушы есейіп, өзі оқитын жасқа жеткенде әдебиет сабағы мұғалім тарапынан оқытылып, көркем туындыларға мұғалім тарапынан талдау жасалады. Енді «Қазақ әдебиеті» пәні әдебиет саласындағы ақын-жазушылардың шығармаларын кезең-кезеңге топтап, ғасыр-ғасырымен қамти оқытуға көшеді. Оқу үдерісі емес, оқыту үдерісі басталады. Әдебиеттің мектепке

арналған бағдарламасы бойынша М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, С.Мұқановтың, Ә.Нұрпейісовтің көлемді де күрделі шығармаларын мұғалім жік-жікке бөліп, образдың бірнеше түріне талдап, бірнеше әдіспен түсіндіреді. Көркем шығарманың бір бетін де оқымаған шәкіртіне түсіндіреді. Ештеңені түсінбей отырған оқушысына түсіндіреді. Сөйтіп, **оқыту** деген үлкен міндетінен құтылғандай болады. Ал көркем шығарманы **оқу** міндеті оқушының мойнында орындалмаған күйі қала береді. Бұның себебін мектептегі ұлттық тестілеу әрекетінің ықпалынан іздеп әрі дәл тауып жүргендер көбейді. Парасаттылыққа, инабаттылық пен сезімталдыққа баулитын, болашағына идеал болатын бейнеге еліктіретін, Отан, Туған жер,

Туған елге деген сүйіспеншіліктің қайнар көзімен сусындататын көркем шығарманы оқу міндетін шығару жолын емес, жауабын жаттайтын математика, жүз беттік көлемдегі, батырларының шегі жоқ және солардың түр-түстерін сипаттайтын сансыз сұрақтан тұратын тарих пәндерінің тест сауалдарына айырбастады. Әрине, бұл - сыныққа сылтау іздеу. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап көркем шығармамен сусындай бастайды. Сол көркем шығармамен өседі, жетіледі. Көркем шығарманы оқу арқылы азамат болады. Өзінің ертегісін, өзінің жазушысын, өзінің кейіпкерін өмір бойы жадынан шығармайды. Мынау жақсы -образ, мынау -жағымсыз образ түрінде оқытқаннан емес, өзінің оқып-түйсінуі нәтижесінде қажеттісін қалап алады. Төлегенді өлтірген Бекежанды ұнататын, Қодар мен

Қамқаны өлтіргізген Құнанбайды құрметтейтіндер болады. Көркем шығарманы біреудің айтқанымен емес, көңілінің қалауымен оқыған оқырман ғана осылай ете алады. Көркем шығарманың мазмұнын көркем фильммен баяндау, ақын-жазушының шығармасы жайлы пікірді интернеттен алу - оқырманның емес, оқушының ісі. Мұғалім көркем шығарманы меңгерту үшін ол туралы жазылған біреудің пікіріне емес, оқырманның пікіріне арқа сүйеуі керек. Жазушы шығармасын әдебиетші ғалымдарға арнап жазбайды. Көркем шығарма (егер ол шын көркем болса) біреудің мақтау немесе даттауынсыз –ақ оқырманын таба алады. Осы тұста оқу мен оқыту үдерістерінің ара салмағы алшақтай түседі. Кезінде мектеп бағдарламасына енгізілмесе де Мұқағали, Төлегеннің өлеңдерін оқырман жатқа оқып, өз ойларын өз орталарына салып жүрді. Бұрынғы *социалистік реализм* әдісімен оқытылатын көркем шығармаларды *ұлттық сипатқа* бейімдеп оқытудың өзі оқытушы үшін оңайға соқпайтыны рас. Сұлтанмахмұттың, Сәкеннің, Бейімбеттің, Илиястың шығармаларынан гөрі Шәкәрімнің, Мағжанның, Жүсіпбектің, Міржақыптың шығармаларын біліңкірейтін мектеп бітірушілері көбейді. Бір қырынан бұл – қуанарлық жәйт. Екінші қырынан, ойлануды қажет етеді. Кеңес дәуірі саясатының ықпалын әдебиетпен дәлелдетеді. Көркем шығарманы оқытудың өзін қоғамдық өзгерістің жетегіне ілестіріп қойдық. Мектеп мұғалімдерінің арнайы өткізілетін ашық сабақтарының дені репрессияға ұшырап, қайта ақталғандардың еңбектеріне арналатыны да дәстүрге

айналып келеді. Бұл тұста да оқу мен оқытудың ара салмағы тең болмай шығады. Шәкәрімнің «Қалқаман –Мамырын», Мағжанның «Батыр Баянын», Жүсіпбектің «Ақбілегін», Міржақыптың «Бақытсыз Жамалын» атап қана қоятын, бірақ мазмұнынан хабары жоқ студенттер жеткілікті. Бұрын Сәкеннің «Көкшетауын», Сұлтанмахмұттың «Кім жазықтысын?», Бейімбеттің «Раушан – коммунистін», Ілиястың «Құлагерін» оқымаған оқушы кездеспейтін. Қазіргі технологияның жетілген заманында жоғары оқу орнына келген оқушының қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларынан білетіндері кинодан көрген кейіпкерлерімен шектеліп жатады. «Көксерек» повесін оқымаған оқушы Құрмашты жетім қылып өсіреді. «Қан мен терді» оқымағандар Ақбаланы өлтіріп тынады. Өйткені оларға көркем фильмнен қызықты әрі оңтайлы ешнәрсе жоқ. Көркем шығарма да, көркем фильм де - өнер туындылары. Алайда көркем шығармасыз кино түсірілмейтінін әрі оның шектеулі уақытқа негізделетінін ескере бермейміз. Яғни, көркем шығарманың оқытылуына емес, оқылуына ерекше мән беруге тиіспіз. Әдебиетті оқудағы мақсатымыз – халықтың тұрмыс-тіршілігін, тарихын, қилы-қилы өмірін, адам баласының жандүниесін жан-жақты тани білуге талпыну. «Бәрін бірдей танып біліңдер» деп оқыту қисынға келмейді. Бұдан шығатын түйін: әдебиетті оқытпастан бұрын, оқушыңыз көркем шығарманың түпнұсқасын толық оқып шығуы керек. Ол үшін, **біріншіден**, оқырманды көркем шығарма оқиғаларымен қызықтыру мақсатында бірнеше үзінділер беріп көріңіз:

- ...*Бірақ әлі де жанын шығарғаниша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып- салып жіберіп еді (1).*

- ...*Тәрде отырған біреудің тамсанған үнін есітті. Қараса – Сара анаң екен. Сөзінің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:*

Мына да қарлар не дейді?

Жақсыдан жаман көбейді.

Ескінің асыл көзі еді,

Ұрлап та көмді Бөжейді, - деп, қатты айқайлап, қалт тоқтады (2).

- *Бөке,- дедім мен...Отты неге сөндірмедік?*

- *Неге сөндіреміз. Асудың үстінде өртеніп кетер ештеңе жоқ. Сонсоң өзі жаққан отқа өзі су құймас болар. Сонсоң... әке жаққан отты ұлы сөндірмес болар, қарт бабадан қалған талай салттың бықсып өшіп қалғаны, тапалап, таптап кеткені бір бұл емес шығар, ербимей, шаужайлай түс биені (3).*

- ...*Бұл күшігі – Құдайберген... Әкесі – Тәңірберген. Ал, ал, әнебіреулер Алдаберген...Жасағанберген...,- деп ызалы сөздер алқымына тығылғандай, үзіп-үзіп сөйледі. -Әй-әй, о несі? О несі екен?.. Абыралы аулының балаларын **Құдай** береді... **Алла** береді... **Тәңір** береді... **Жасаған** береді... Әй, сонда біздің балаларымызды кім береді екен? О несі, әй? (4).*

Екіншіден, осы үзінділер негізінде тапсырмалар жүктеледі:

- Көксеректің жағын не шайнап жатыр, оған Бейсембай / өліп қалған қасқырға/ неге соншалықты өшігеді?

- Бөжей - кім, оны ұрлап көмгені несі?

- Бөке! дегені – кім, «өз отынды өшірме» тіркесінің мәні қандай?

- Соншама ызаланудың себебі және ызаланған – кім?

Шығарманың түпнұсқасы оқылғанына көз жеткізгеннен кейін ғана оны оқытудың дәстүрлі әдістеріне (образдық талдау, шығарманың шарықтау шегі, оқиғаның шиеленісуі, көрнекіліктер, сұрақ-жауап, т.б.) көше беруге болады. Жоғарыдағы өзіміз жүйелеген әдебиеттік оқу мен қазақ әдебиеті пәндерінің оқытылуындағы айырмашылықтың шығарманың көлеміне де қатысты екені рас. Бірақ оқушының жас деңгейі мен қабілеттілігі де өзгешелеу емес пе? Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында барлық мамандық бойынша қазақ тілі мен әдебиеті оқытылып, оқырмандардың көркем шығармаға деген ынталылығы байқалып қалды. Тіл мен әдебиеттің мамандық таңдамайтыны айшықтала түсті. Оқытушылардың бәріне ортақ мәселе – сағат аздығы көркем шығарманы оқуға, құмарта оқуға кедергі жасай алмайды. Сағат оқылған шығарманы талдауға немесе оқытуға ғана бөлінеді. Бұны мектеп мұғалімдерінің өздері-ақ тәжірибелік сабақтарымен дәлелдеп келеді. Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесін оқытып тұрған мұғалім оқушыларына: «Бұл әңгіменің желісі сендерге мәлім», - дейді. Яғни,

оқушылар әңгімені оқығаннан соң барып оқытып тұр. Әңгіменің басталуындағы жайлау, көл; әңгіменің дамуындағы молдаға оқуға берілген балалардың тағдыры; әңгіменің шиеленісуіндегі қаһарлы молда мен Түйебайдың жазалануы; әңгіменің шарықтау шегіндегі Түйебайдың оқудан кетуі – бәрі оқушының «мен айтайыншы» деген өтінішімен баяндалып жатады. Бұған қоса, көркем шығарманың жаны болып табылатын тілдік ерекшелік те назардан тыс қалмай, ұлттық бояуы қанық кейбір сөздерге түсініктеме беріледі. Ал үйге берілген тапсырмасы – «Түйебай өмірін өзгертсем...» тақырыбына ойтолғау жазу. Оқушы өзі оқыған әңгімесіндегі кейіпкерінің өміріне өзгеріс жасайды. Өзі қалайтын Түйебайын, өзі аяйтын Түйебайын жасап шығарады. Бәрінің негізі - әңгіменің мазмұнын білуі (5).

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқытып тұрған мұғалім:

- Оқушылар, бүгін біз Ж.Аймауытовтың шоқтығы биік шығармасының бірі – «Ақбілек» романына шолу жасап танысамыз. Шолу деп отырған себебім, сіздер бұл шығармамен 11-сыныпта толық, жан-жақты танысып талдайсыңдар. Сабақта өздеріңмен бірге шығарманың мазмұнымен танысамыз, идеясын ашамыз, кейіпкерлермен сырласамыз. Олардың мінез-құлқын, болмысын аңғарамыз. Шығарма желісіне арқау болған оқиғаны білеміз, жазушының тіліне қанығамыз,- дейді. Әлі оқушысы оқымаған көркем шығарма туралы сабақ өтіліп, бірнеше тапсырмалар сабақ үстінде беріледі. Біздің оқу үдерісінен бұрын оқыту үдерісі басталады дейтініміз – осы.Бұдан

әрі проблемалық сұрақтар қойылады: *Мұқаш қандай адам? Қара мұрт махаббат иесі ме? Ақбілек неге ебін тауып қашып кетпейді? Балташтың Ақбілек өміріндегі рөлі қандай?*

Үйге берілген тапсырмасы – «Ақбілек» романындағы жазушының өзіне тән тіл шеберлігін табу. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаянын, шығармашылығын оқу (6). Оқушы романды оқымай-ақ, көркем шығарма түрлі әдіс-тәсілдермен оқытылып тасталды. Міне, біздің алдымыздан үнемі оқылмаған шығарманы «талдап тастайтын» оқырман шығып жатса, негізін қайдан іздеу керектігін біле жүрейік. Ұлтымызға тиесілі асылдың бәрін көркем шығармадан (мақал-мәтел, шешендік сөздер, эпостық жырлар, айтыс және шоқтығы биік прозалық–поэзиялық шығармалар) табатынымызды ұрпағымызға оқу-оқыту үдерісімен ұқтырғанымыз жөн.

Әдебиеттер:

- 1 Әуезов М. 20 томдық ш.ж. 2-том, А., «Жазушы», 1979.
- 2 Әуезов М. Абай жолы, 1-кітап, А., «Жеті жарғы», 1997.
- 3 Бөкей Оралхан. Қайдасың, қасқа құлыным. Астана, Елорда, 1999.
- 4 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер, А., «Жазушы», 1976.
- 5 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №3, 2014.
- 6 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №4, 2014.

Қ.ТАГИМАНОВА,
Төлеу Шаханов атындағы
№3 орта мектеп.
Ақмола облысы,
Ерейментау қаласы.

М.ЖҰМАБАЕВ. «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

Мақсаты: оқушылар сабақ соңында поэманың сюжетін біліп, батыр Баянға мінездеме бере алады. **Міндеттері:** 1) оқушылар М.Жұмабаевтың өмірі және шығармашылығы туралы әңгімелейді; 2) олар поэмадан үзінді оқып, түсінеді; 3) поэманың басты кейіпкеріне мінездеме береді.

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдер:** ЖИГСО2, «түртіп» оқу, «Үш шындық пен бір жалған» стратегиясы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1) Оқушыларға Көкшетау, Абылай хан суреттері көрсетіліп, сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады. (Слайд №1)

- Бұл ненің суреті?

- Бұл суретте кім бейнеленген?

- Біз бүгін қай жерде болған оқиға туралы сөйлесеміз?

- Қалай ойлайсындар, оқиға кімнің дәуірінде болған?

Сабақтың тақырыбына байланысты қандай сұрақтар туды?

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Ой шақыру.

3) М.Жұмабаев туралы тірек сөздер бойынша оқулықтағы деректен келесі мәліметтерді табу тапсырылады: (Слайд №3)

- Ол кім?
- Өмір сүрген жылдар –
- Туған жері –

- Білімі –
- Қызметі –
- Жазған шығармалары –
- Үкіметтің оған көзқарасы –

Топтан бір оқушы шығып жазғанын айтады, қалған топтағылар қосымша мәліметтері болса, қосып айтады.

IV. Мағынаны тану.

4) Оқушылар сан бойынша 4 топқа бөлінеді де, әр топ «Батыр Баян» поэмасы туралы үзінділер оқып, сұрақтарға жауап береді. Кейін өз тобына оралып, сұрақтарына жауаптарын оқиды. Поэманың сюжетін осылайша түсінеді.

1-топқа:

«Батыр Баян» поэмасында батырлардың ерлік істері мен таза махаббат сезімдерін, халқының алдындағы борышы мен жауларына деген кегін асқан шеберлікпен бейнелеген.

«Батыр Баян» поэмасының ерекшеліктеріне оның романтикалық сипаты, поэмада ауыз әдебиеті дәстүрінің кеңінен байқалуы, ондағы оқиғалардың халық аңызы желісіне құрылуы, шығарманың тарихилығы жатады. Абылай хан хандық құрған кезең сипатталған бұл поэмада Абылай бастаған батырлардың қалмақтармен шайқасы, олардың жеңіспен елге оралуы өте әсерлі сөздермен берілген. Поэманың басты кейіпкері – батыр Баян образы поэмада:

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?! – деп суреттеледі.

Сұрақтар:

1. Поэмада қай кезең туралы айтылады?
2. Абылай хан және оның батырлары елді кімнен қорғайды?
3. Поэманың басты кейіпкері кім?
4. Поэма ненің негізінде құрылған?

2-топқа:

Баян батыр бір жорықтан елге жалғыз оралмай, қалмақтың он төрт жасар аруын ала келеді. Бар әсемдікті бір бойына жинаған қалмақ қызы поэмада:

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері су сылдырап құйылғандай, - деп бейнелейді.

Баян қызды өзіне жар еткісі келеді, бірақ қыз көнбей, Баян амалсыз қызға аға болып қалуға мәжбүр болады. Қалмақ қызына батыр Баянның туған інісі Ноян да ғашық болады. Осыны пайдаланған қыз жігітті өзімен бірге қалмақ еліне баруға көндіреді. Жас Ноян қызға еріп, өз елінен қашады.

Сұрақтар:

1. Баян жорықтан кімді алып келеді?
2. Қалмақтың қызы қандай екен?
3. Қалмақтың қызы мен кімнің арасында махаббат туады?
4. Ноян қызбен қайда кетеді?

3-топқа:

Інісі Ноянның қалмақ қызымен қашқанын естіген Баянның көңіл күйі поэмада:

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді
Жаралы жолбарыстай күңіренді,
Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді,- деп баяндалады.

Ашуға тұншыққан батыр Баян «Қанды өзек» деп аталып кеткен Жолдыөзекке жеткенде,

Алыстан екі қара көрді Баян ...
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап қалды салып қолды Баян ...
Ер Баян арыстандай жаны жара.
Қалшылдап, көзі қан боп, қолын алмай,

Байланған садағынан белге сала.

Жас Ноян: «Жан көке!» - деп сөз қатқанша,

Сұлу да жетіп: «Баян аға!» -

Дегенше қалды тартып батыр Баян,

Баянның батырлығы алашқа аян.

Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті

Атынан бүктетіліп бөбек Ноян ...

Садағын сол секундта тартты тағы

Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.

Үстіне інісінің денесінің

Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Сұрақтар: 1. Батыр Баянның інісі Ноян және қалмақ қызы қазақ елінен қашады. Осы хабарды естіп, батыр Баянның көңіл күйі қандай болады? 2. Батыр Баян кімдерді өлтіреді?

4-топқа: Батыр Баянның інісі Ноян туған жерінен қашты. Батыр Баянның ақылдан ашуы жеңді. Ол бауыры мен қалмақ қызын өлтіріп, қайғыдан қан жұтты. Баян есін жинап:

Құшақтап екі жасты күңіренді ер,

Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан күңіреніп, зар жылаған батыр туған бауыры мен өзінің сүйгенін өлтіргені үшін өзін жазалайды, орны толмас ауыр қайғы мен мұңды:

Ел беті енді маған болсын арам,

Алашым, аттанамын, жауыңда өлем! – деп Көкшетаудағы ақ ордасында өзін күтіп отырған Абылай ханға келіп, жауға аттанады. Сол соғыста жау қолынан қаза табады.

Поэмадан батыр Баянның Абылай хан мен халық алдында беделінің жоғары болғанын аңғарамыз. Абылайдың ұлы жорыққа Баян батырсыз аттанбауы батырдың өр тұлғасын одан да жоғарылата түседі. Мағжан Жұмабаев ел қорғаны болып, халықты жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлау арқылы жастарға батырлықты, қайсарлықты насихаттаған.

Сұрақтар:

1. Батыр Баян інісі Ноян мен қалмақ қызын өлтірді. Бұл іс үшін Баянда өкініш болды ма?

2. Батыр Баян өзін қалай жазалайды?

3. Батыр Баянның Абылай хан алдында, халық алдында беделі қандай болған?

5) «Иә», «жоқ» арқылы әр топтың бір мүшесіне тестілеу өткізіледі, қалғандары «Үш шындық пен бір жалған» стратегиясы бойынша басқа топтағыларға жеке кәргішкеде тапсырма дайындайды.

«Иә, жоқ» тестісі:

1. Поэмада Абылай хан кезеңі туралы айтылады.

2. Поэманың басты кейіпкері – Абылай хан.

3. «Батыр Баян» поэмасы – тарихи поэма.

4. Поэма негізінде халық аңызы жатыр.

5. Батыр Баян мен қалмақ қызының арасында махаббат туады.

6. Ноян – батыр Баянның інісі.

7. Ноян және қалмақ қызы қазақ елінен қашады.

8. Баян Ноянды Отанын сатқаны үшін кешірмейді.

9. Баян жоңғарлармен соғыста қайтыс болады.

10. Абылай хан алдында батыр Баянның беделі жоқ.

6) «Иә», «жоқ» тестісі тексерілетін кезде оқушылар кәргішкелерімен алмасып, бір-бірінің тапсырмаларын орындайды.

7) Әр топқа шығармадан бір шумақ үзінді беріліп, Баян батырдың қандай мінезі туралы айтылатынын табу тапсырылады.

1. Қазақтың батырлары бәрі қыран

Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап

... Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,

Келмесе қандыбалақ Батыр Баян!

2. Ақыры ашу ерді билеп кетіп,

Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.

Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,

Боз үйден оқ жыландай шыға келді.

3. Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?

Н.ЖҰМАШЕВА,
Махамбет жалпы орта
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мақсаты: білімділік – оқушыларға Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, «Ленинградтық өренім» өлеңінің шығу тарихымен таныстыру; **дамытушылық** – өткен ғасырға үнілдіру. Оқушылардың Жамбыл өмірі мен поэзиясы туралы ұғымын кеңейту. Өлеңдерді тыңдау, оқу, өлеңдерді мәнерлеп айтқыза отырып, олардың тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларға Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиыншылықтарды, халық көтерген қасіреттерді еске ала отырып, оқушыларға Отанға деген сүйіспеншілікті ұғындыру. Оқушыларды ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдістері:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, көрнекілікпен жұмыс, түсіндіру, топтастыру, талдау. **Типі:** ұжымдық. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Жамбылдың портреті, өмірі мен шығармашылығына байланысты кезеңдерге арналған көркем суреттер, «Жамбыл» тірек-сызбасы, атақты адамдардың Жамбыл туралы қанатты сөздері, дидактикалық материалдар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, орыс әдебиеті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру:

а) оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу;

ә) оқушылардың назарын сабаққа аударту.

II. Ұй тапсырмасын сұрау.

- Қозымды қас дұшпандай қудым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қасқиып қарсы алдымда тұрдың неге?
Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,
Бір ата, бір анадан тудым неге?
Салдырып шіріп қалғыр саусақтарым
Қанымен өз қозымның жудым неге?
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
Өлмедім ішіп уын удың неге?
4. Жоқ, әлде, жоқ... жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!
Төгілер Отан десе сөз жүректен,
Емеспіз бұл ұғымды аз жыр етпен.
Осы ұғым Баян сынды хас батырға,
Ноянды өлтіруге мәжбүр еткен.
- 8) «Батыр Баян» фильмінен үзінді көрсетіледі. (Баянның інісі мен қалмақ қызық өлтіруі)
- 9) Мәнерлеп оқу: әр оқушыға поэмадан алынған үзіндіден бір жолды жатқа айту немесе оқу тапсырылады.
- Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жанын қиып, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтып,
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі, –
Ерлерді ұмытпаса, ел ұмытпас.
- V. Рефлексия. 10) «Нысана» стратегиясы арқылы сабақта оқушылардың қай жұмысты жақсы орындай алғандығын «Дартс» шеңберлеріне нөмірлерді орналастыру арқылы анықтау:
1. Сұрақ-жауап (үй тапсырмасы).
 2. Өмірбаян.
 3. Мәтінмен жұмыс.
 4. Мінездеме.
 5. Мәнерлеп оқу.
- VI. Үйге тапсырма: М.Жұмабаев өмірі туралы айту.
- VII. Бағалау.

Жамбыл Жабаевтың өмірі.

Мұғалім: - Балалар, қазір сендерге тақтадан бірнеше эпитеттерді оқып шығайын, ал сендер кім туралы екенін айтыңдар:

«Өлең – сөздің пірі», «Поэзия алыбы», «Қайта туып, қайта жасарған ақын», «Тамыры терең кәрі емен», «Жүз жасаған бәйтерек», «Қазақтың Гомері», «Феномен-Феникс», «Жыр алыбы», «Суырып салма ақын», «Айтыс ақыны».

- Бұл эпитеттер кімге айтылған?

- Жамбыл Жабаевқа айтылған.

- Ол кім?

- Ол біздің тарихымызда өшпес із қалдырған жыршымыз.

- Ол ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып атамыз.

Мұғалім: - Олай болса, бүгінгі сабағымыз өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан жырау, ерлікті, елдікті дәріптеген, халықтың жоғын жоқтап, әлсіздерді күштілердің зорлығынан арашалаған, әділдікті, бостандықты жыр еткен Жамбыл Жабаевқа арналады.

- Сабағымыздың тақырыбы: Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы.

«Жамбыл деген жай атым, халық менің шын атым!», «Ленинградтық өренім» өлеңдері оқылады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбыл:

«Менің тамырларым – туған халқым, бұтақтарым – жырларым, менің жапырақтарым – ұлдарым мен қыздарым. Мен – бар болғаны жүз жылдық терекпін, қартайғанда тапқан жарық күнімді, халқымның бақытын, ұлдарым мен қыздарымның бақытын жырлаймын. Қазақ жерінің ұлдары мен қыздары нағыз керемет істер істейді», - деп өзінің бүкіл ғұмырын халқының бақытын жырлауға арнаған.

Өткен сабағымызда Жамбыл Жабаевтың өмірімен таныстық.

Үй тапсырмасын мына жоспар арқылы мазмұндайсыңдар.

Мазмұндау жоспары:

I. Балалық шағы. (Жамбылдың жастық шағы туралы мағлұматтар)

A) Шыққан тегі.

Ә) Бозбала.

Б) Сүйінбайдан алған батасы.

В) «Жасшылық ұрындырды талай жарға...»

II. Дүлділ. (Жамбылдың ақындық өнері туралы мағлұматтар)

A) Жамбыл- айтыскер ақын.

Ә) Жамбыл- өлең сөздің даңғылы.

Б) Жамбыл- дастан.

III. Өнер. (Жамбылдың кеңес мәдениетіне қосқан үлесі)

IV. Жеңіс. (Жамбыл өмірінің соңғы жылдары туралы)

(Оқушылар өз жұмыстарымен таныстырады).

I. Балалық шағы.

a) Шыққан тегі.

Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауының баурайында, Ұлы жүздің ішіндегі шапыраштының екей руынан шыққан Жапа Ыстыбайұлының отбасында дүниеге келген. Деректерге сүйенсек, Шапырашты тайпасынан атақты тұлғалар көп шыққан. Олар: Қарасай батыр, Наурызбай батыр, Қайназар ата, Сарыбай би, Сүйінбай Аронұлы.

Қақаған қар аралас соғып боран,

Ел үрей, көк найзалы жау торыған.

Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,

Жамбыл деп қойылыпты атым содан,- деп өзі айтқандай, ақын жаугершілік заманда туған. Деректерге жүгінсек, ол кезде Қазақстанның оңтүстігі, оның ішінде ақынның туған өлкесі – Жетісу өңірі Қоқан хандығына бағынған. Қоқан ханы Құдияр қазақ ауылына көп салық салып, адамдарға төзгісіз зорлықтар жасаған. Қалың бұқараны қайыршылыққа ұшыратқан. Ел қоқандықтарға қарсы майдан ашқан Жамбылдың атасы Ыстыбай да Қазыбай, Жапа, Жадыра, Мәйке деген төрт ұлын бастап, көтерілісшілер сапына қосылған. Өкесінің аты Жапа болғанымен, ел Жабай деп атап кеткен. Мұның себебі

– ертеректе Жабай деген ержүрек батыр болған. Жапаның қоқандықтармен соғыстағы ерлігіне тәнті болған ел-жұрт «Тура Жабай сияқты соғысады екен» деп, содан Жабай атанып кеткен деп түсіндіреді.

ә) Бозбала.

А) Жауды өкшелей қуып соғысып, аттың жалы, түйенің қомында күн кешіп жүрген сәттердің бірінде Жапаның әйелі – Ұлдан ана Жамбылды дүниеге әкелген. Жамбылдың әкесі Жапа көшпелі кедей болған. Жамбыл бала кезінде тентектеу болған. Қарттарды да, әкесін де тыңдамаған. Қой баққысы келмеген, отын теруге барғысы келмеген. Оны домбыра тартып, ән салу қызықтыратын болған. Тумысынан өнерге жақын Жамбыл тіпті молдадан дәріс алуды да қаламаған. Талантты жас Жамбыл оқу оқып, білім алмаса да, қаршадайынан өлең-жырға, шешендік сөзге әуестеніп, өзінің суырып-салма ақындық өнерге икемділігін таныта бастайды.

Ә) Он үш жасында байдың қойын бағып жүрген кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қонса керек. Ол туралы ақын:

«Бір күні Жетісай жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріппін. Түсімде ақсақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?»- деген. Мен: «Өлең!»- депмін. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, оңды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, ортаға түскендей болды» деп еске алған.

Жамбылдың алғаш ақындық атын шығарған өлеңі – «Шағым». Бұл кезде ол небәрі он бес жаста екен.

«Шағым» өлеңін мәнерлеп оқу.

Оқымаймын молдадан,

Не оқытпақшы ол маған?

Бала келсе сабаққа

Жем дәметкен дорбадан.

Ақ сәлдесін төңкеріп

Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған.
Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам,
Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам,
Қинама, әке, қинама,
Болмас енді зорлаған.

Б) Сүйінбайдан алған батасы.

Жүрегіне өлең ұялаған дарынды жас он төрт-он бес жасынан бастап біржолата ақындық жолға түседі. Он беске толғанда Жамбыл атақты ақын Сүйінбай тұратын ауылға келіп, домбырасын ұстап, оның үйіне таяп келіп, әндете бастады.

Жас ақынның талантын байқап қалған Сүйінбай, оны үйіне шақырып алып, оған мынадай кеңес береді. «Балам, өлеңің жүректің терең түкпірінен жарып шығатын болсын. Жырларың жекелеген адамдарға ғана емес, бүкіл халыққа жағатын болсын. Сенің өлеңдерің адамдарға ақиқат пен әділдікті айтатын болсын. Жырларың ел ішіне кең жайылып, ауыздан-ауызға таралып жүрсін», - дейді.

Кейін қарт Сүйінбай жас Жамбылдың ақын ретінде қалыптасуына көп ықпал еткен. Ақын ол жөнінде:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай –
Сырлы, сұлу сөздері –
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап.
Қара дауыл құйындай!

Екпініме кезіккен

Кетер ме екен жығылмай!- деп Сүйінбайдан бата алғанын айтады.

В) «Жасшылық ұрындырды талай жарға....»

Жас кезінде Жамбыл ақын, әнші қыздарды жоғары бағалап, кейбіріне тіпті ғашық болған. Жамбылдың алғашқы сүйгені

Бұрым атты қыз болатын. Бұрымға деген сүйіспеншілігі онымен айтысқаннан кейін басталады. Бесіктегі кезінде-ақ басқаға айттырылып қойылғанына қарамастан, Жамбыл Бұрымды алып қашқан да, бірақ руаралық тыныштықты ойлаған, Жамбыл қызды қайтарып берген.

Екінші ғашық болған аруы – Сара Нұрбекқызы. Ол- әнші-ақын қыз. Жамбыл Сара Нұрбекқызын арнайы іздеп барып айтысады. Екі жас той-тамашаларда кездесіп жүреді. Бірақ көп ұзамай Сараның да қалың малын берген бай ұлына кетуіне тура келеді. Әйтсе де бұрынғысынша әнін айтып, топқа түсуден тартынбаған Сараны қызғаншақ күйеуі балтамен шауып өлтіреді.

Өзі ұнатқан аруларына қолы жетпеген Жамбыл алғашқыда қажылықта жүріп қайтыс болған ағасы Тәйтіннің жесіріне әменгерлікпен үйленеді. Одан бала болмағаннан кейін туыстары қырғыздың Момын деген қызына үйлендіреді. Момыннан Қожак, Қожаш, Қожамберді, сосын Күнтәй деген қыз туады. Көп ұзамай Момын дүние салады да, Жамбыл қайтыс болған інісі Қоманның әйелін алады. Одан Тоққұлы, Аққұлы деген қос ұл мен Ақбала деген қызды болады. Кейіннен бұл әйелі де өмірден озады. Соңғы үйленген әйелі – Қанымжан. Қанымжаннан ақын Алғадай, Шыныбай, Ізтілеу, Тезекбай атты төрт ұл сүйеді.

Жалпы, Жамбыл үш әйелден он ұл, екі қыз көрген.

II. Дүлділ. А) Жамбыл – айтыскер ақын.

Жамбыл алғыр, тапқыр, өжет мінезді, тілге шебер, сондай-ақ бір естіген дастандар мен ұзақ толғауларды есінде сақтағыш болған. Өлең шығарып, күй тартады, айтысқа да түседі. Шығармаларында ел өмірінің шындығын арқау етіп, ел басшыларының әділсіздігін көп жырлайды, елдің мұң-мұқтажын ескермейтін қатыгез би, болыстарды сынға алады. Жамбыл сол кездің атақты ақыны Жаныс, Бақтыбай, Бұрым, Айкүміс, Сара Нұрбекқызымен сөз сайысында шабытты жыршысы ретінде көрінеді. Жамбыл айтыс кезінде көптеген ақындарды жеңіп отырған. Айтыстарда қарапайым халық

атынын сөйлейді. Халықтың ой-пікірлері мен арман-тілектерін білдіреді.

Жамбылдың ақындық атын аспандатқан ұзақ айтыстың бірі – Құлманбетпен айтысы деп аталады. Өйткені Құлманбеттің атағы күллі Жетісу, Сарыарқа еліне кең тараған, айтысқан ақынды беттетпеген аса адуынды ақын атаған.

Жамбылдың Құлманбетпен айтысқан кездегі айтылған сөздері:

Жақсылық жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді.
Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлманбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.
Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халық үшін мәйіт болып, жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не?
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Мақтанған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

«Жамбыл-Сарыбас», «Жамбыл-Құлманбет», «Жамбыл-Шашубай»,
«Жамбыл-Бақтыбай», «Жамбыл-Досмағанбет», «Жамбыл-Ақкүміс»,
«Жамбыл- Бұрым», «Жамбыл-Сара» айтыстары белгілі.

ә) Жамбыл – өлең сөздің даңғылы.

б) Жамбыл – дастан.

Жамбыл әлемінің бір беті, оның жыршылық мектебі
Сүйінбайдың арғы атасы Күсеп ақын, жыршы, күйші болған. Жамбыл сол ақынның «Көрұғлы» жырын он бес күн жырлаған, «Мың бір түн» жырын он үш күн, он үш түн, «Шахнама» жырларын жатқа айтып жырлаған. Сонымен бірге қырғыздың «Манас» жырын, «Қыз Жібек» жырын жатқа жырлаған.
Сонымен қатар ол «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр», «Жапар туралы» дастандарын тудырған ұлы ақын. Дастандарды қағазға түсіріп, жазып алған әдеби хатшысы – Тайыр Жароков.

III. Өнер.

1913 жылы Алматы қаласының уездік әкімдері Жетісу жеріндегі халық ақындарын жинап алып, Жамбылға Ресей

патшасы-Романов тұқымының таққа отырғанына 300 жыл толуымен құттықтап,өлең айтуға жарлық береді. Жамбыл патшаны мақтаудан бас тартып, «Өстепкеде» деген өлеңін шығарады.

1919 жылы Алматы қаласында Жетісу ақындарының тұңғыш слеті өтеді. Слетке Жамбыл қатысып, барлық ақындарды жеңгені үшін бірінші бәйге, бағалы сыйлық алады.

Жамбыл 1936 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің бірінші онкүндігіне қатысып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.Мәскеуді, Ленин мавзолейін аралайды. Онкүндікте «Туған елім» толғауын толғайды.

Жамбыл 1937 жылы 92 жасында алғашқы рет Кавказға сапар шекті. Кавказда Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдық тойына барды.

IV. Жеңіс.

1938 жылы 19 мамыр күні Ленин орденімен марапатталады. Жамбыл Жабаевтың ақындық қызметінің 75 жылдық салтанатты мерейтойы Бүкілодақтық көлемде аталып өтеді.

Қоғам өміріне белсене араласқаны үшін Жамбыл 1938 жылдан бастап Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

1941 жылы Жамбыл Жабаевқа Көркем әдебиет саласындағы аса үздік еңбегі үшін ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген жоғары дәрежелі атақ беріледі.

1943 жылы – Жамбыл Жабаев атындағы Халық ақындарының Республикалық айтысы өтіп, оны Жамбыл Жабаев ашады. Байқау жеңімпаздарына Жамбыл атындағы халықаралық диплом мен медаль сыйлыққа берілді. Бұл байқаудың жеңімпазы болған Дина Нұрпейісова.

1945 жылы 22 маусымда қыр алыбы жүз жасқа қадам басқан шағында, жергілікті уақыт бойынша 7 сағат 55 минутта жүрегі соғуын тоқтатты.

1947 жылы 8 шілдеде Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында Жамбыл Жабаевтың әдеби мұрасын

таныстыру мақсатында ақынның өмір сүрген үйінен мұражай ашылды.

Ж.Жабаевқа арналған ескерткіштер Тараз қаласында, Жамбыл ауданында, Санкт-Петербуркте қойылған.

V. Өткен тақырыпты бекіту.

Сонымен, алдарыңыздағы хронологиялық кестеге назар аударайық.

Хронологиялық кесте.

1846 ж. 28 ақпанда – Жамбыл Жабаев дүниеге келді.

1860-1861 ж. – Жамбыл алғашқы өлеңдерін шығарып, Сүйінбай ақыннан бата алған.

1891 ж. – Атақты әнші-ақын Әсет сияқты серілермен, шешендермен кездеседі. Қырғыз еліне ақындығымен танылады.

1916 ж. – Патшаға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде Жамбыл елді азаттық күреске шақырған «*Патша әмірі таралды*» және «*Зілді бұйрық*» деген өлеңдерін шығарды.

1919 ж. мамыр айында – Верный қаласында Жетісу ақындарының тұңғыш слеті өтеді. Слетке Жамбыл қатысып, ақындар айтысында бағалы сыйлық алды.

1936 ж. мамырда – КСРО Орталық Атқару Комитеті Қазақстанның халқы ақыны Ж.Жабаевқа «*Еңбек Қызыл Ту*» орденін беру туралы қаулы шығарады.

1938 ж. 19 мамырда – КСРО жоғары Кеңесі Президиумының қаулысымен Жамбыл “Ленин” орденімен марапатталды.

1939 ж. – «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

1941 ж. 15 наурызда – Көркем әдебиет саласындағы аса үздік еңбегі үшін Қазақстанның халық ақыны Ж.Жабаевқа КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген жоғары дәрежелі атақ берілді.

1941 ж. қыркүйекте – Жамбыл атақты «*Ленинградтық өренім*» деген өлеңін шығарды.

1945 ж. 22 маусымда – Жергілікті уақыт бойынша 7 сағат 55 минутта Жамбыл дүниеден өтті.

1946 ж. 8 шілде – Жамбылдың мұражайы мен кесенесі ашылды.

Слайдтармен жұмыс:

(Жамбыл өмірі туралы суреттермен таныстыру)

VI. Жаңа сабақ:

Мұғалім: - Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы.

Тақырыптары	Шығармалары
1. Халықтың ауыр тіршілігін шындықпен суреттейді.	«Сараң бай мен жомарт кедей», «Жылқышы», «Кедей күйі», «Біреулер жүр».
2. Байлардың, болыстардың халыққа жасаған қиянатын, паракорлығын әшкерелейді.	«Мәнке туралы», «Қалиға», «Шалшыбайға», «Сәт сайланарда», «Есенәлі мешкейге», «Кәдірбайдың төбесі».
3. Халық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы көтеріліс жасаған кезде, патша саясатын әшкерелейді.	«Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», «Халық кегі», «Халықтың еркі кетті басынан».
4. Кенестік дәуір кезеңіндегі шығармаларында Отан ұғымын аса қастерлеп, оны ұлықтап жеткізеді.	«Отаным», «Туған елім», «Күлешка», «Бақыт ордасында», «Махаббаты өлшеусіз ана», «Ұлы көш», «Ленинградтық өренім», «Төлеген ер», «Москваға».

Сабақтың эпиграфы:

«Жүзге кеп бақыт тапқан-Жамбыл,

Дүниеге түгел кеткен атың, Жамбыл» дей отырып, жүз жасқа таяу кезде жазған және бұл өлеңімен бүкіл дүниеге аты таралған «Ленинградтық өренім» өлеңімен танысамыз.

1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат 4-те фашистік Германия тұтқиылдан Кеңес Одағына соғыс ашты. Соғыстың алғашғы күндерінен-ақ бүкіл халық жан-тәнімен өз Отанын қорғауға аттанды.

1941 жылы Ленинград жау қоршауында қалған кезде шығарылған, ақынның ерлікті жырлайтын өлеңдерінің бірі- «Ленинградтық өренім».

Бұл өлең – ел тағдыры сынға түскен ең ауыр сәтте жауынгерлерге күш, рух берген маңызды өлең. Жамбыл бұл өлеңінде ленинградтықтардың қаһармандығын көрсетіп, ауыр қиындықтарды бастан өткізген өрендерді жыр етеді.

Қала халқының әрі жау шабуылына, әрі азық-түлік тапшылығына ұшырап тұрған кезінде, Жамбылдың бұл

өлеңі Ленинградты қорғаушыларға зор қуат берді. Ол Кеңес халқының жауға деген өшпенділігін айтады, қаһарман қаланың ерлік, революциялық дәстүрін, мызғымас беріктігін жырлайды. Соғыстың қиын кезеңінде Отанға деген ыстық сезімнен туған бұл өлеңнің идеялық маңызы өте зор болды.

1-тапсырма. Оқулықпен жұмыс.

(«Ленинградтық өренім» өлеңін мәнерлеп оқу, тындау, жоспар құру.)

Оқушылар өздеріне берілген шумақты талдайды.

Оқушылардың алдарына өлеңнің мәтіні таратылады.

Өлең жоспары:

а) «Бағынбаған Ленинград».

ә) «Жүз жасаған жүректен».

«Ленинградтық өренім».

1. «Бағынбаған Ленинград»- деп бірінші бөлімді атадық. Бұл бөлімінде Жамбыл Ленинград қаласын жақсы көретінін және сол кездегі ленинградтықтардың ержүректігін бейнелеген.

Ленинград халқын неге «мақтанышым» дейді?

Ленинградтықтардың ержүректілігі мен жанқиярлығының мәні зор болған. Қоршау күндері Ленинградтық әйелдері мен қыздары үлкен ерлік көрсетті. Олар барлық жерде қорғаныс шебінде фабрикалар, заводтар, ауруханаларда болды. Аш-жалаңаш, шаршап-шалдыққан қыздар Нева өзенінен су тасыды, отын жарды, жүруге шамасы келмейтін адамдарға асханадан ас тасыды.

Жамбыл бұл өлеңінің бірінші шумағында Ленинград қаласын, оның қасында ағып жатқан Нева өзенін, Нева өзенінің көпірін, Нева өзенінің жағалауын, Ленинград қаласының архитектурасын мақтанышпен жырлайды.

2. «Жүз жасаған жүректен».

Екінші бөлімінде өзін олармен бірге санайтынын, бүкіл халық оларға қамқорлық жасайтынын білдіреді. Әдемі Ленинград қаласының жауға оңайлықпен берілмеуін сұрайды. Оның халқы тек жеңіс қуанышын көру керектігін айтады. Ленинградты, Нева өзенін қорғап, ұрпаққа үлгі болуларын

сұрайды. Ең алдымен, Ленинградты қорғаушыларға зор қуат бере отырып, оларды ынтымаққа, бірлікке шақырады.

«Ленинградтық өренім» өлеңі туралы естеліктер: Жамбылдың өлең-жырлары орталық газеттерде және майдан газеттерінде басылды. Ленинградтық ақын Александр Прокофьевтің естелігінен:

«Бұл шақта немістің қоршауында қалған Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Үйлеріне кіретін су тоқтатылды, канализация істемейді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан терезе әйнектері қирап, терезе аңырайып ашық тұрды, электр жарығы да нашар жанды. Осындай халде «Ленинградтық өренім» деген жыры газеттерден жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті қызмет атқарған бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқыды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды кездестірдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім»- деп жазады.

Ленинград қаласын қорғаушыларға осындай рухани күш берген Жамбыл жырын зор бағалай келіп, Николай Тихонов: «Жамбыл Ленинградқа келіп, оны қорғаушылардың қатарында тұрды»,- деп жазады.

VII. Жаңа сабақты бекіту.

1-тапсырма.

Жамбыл туралы білімімізді пысықтау үшін «Сандар сөйлейді» ойынын өткіземіз.

Тақтада 1 мен 7 аралығында сандар жазып тұрады. Ол сандардың артында сұрақтар бар.

1) Жамбыл кім? Жамбыл қай жылдары өмір сүрген.

Жамбыл - ақын, жыршы, суырып салма ақын, айтыс ақыны. (1846-1945)

2) Ол қай таудың етегінде туды?

Ол Жамбыл тауының етегінде, Көктерек деген жерде туған.

3) Әкесінің, анасының аттары кім? 4) Балалық шағы қалай өтті?

Балалық шағы жоқшылықта өтті. Әкесінің аты- Жапа, анасының аты – Ұлдан.

4) Жамбылдың ұстазы кім?

Жамбылдың ұстазы-Сүйінбай.

5) «Ленинградтық өренім» өлеңі кімге арналған? Қай жылы жазған?

1941 жылы Ленинград жау қоршауында қалған кезде шығарылған өлең.

6) Бұл өлең жауынгерлерге не берді?


Бұл өлең жауынгерлерге күш, рух берді.

7) Жамбыл өлеңінде Ленинградты неге теңейді?

Ленинградты өжет, ержүрек, ешкімнен қорықпайтын батыр адамға теңейді.

VIII. Шығармашылық жұмыс.

Сөзжұмбақ шешу.



Сол жақ:

1) Жамбылдың әкесінің есімі?

2) Дүниеге келген айы?

3) Ж.Жабаев қырғыздың қандай жырын жатқа жырлаған?

4) Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастарда оң тілек айту не деп айтылады?

5) Жамбыл жас ұрпақты неге шақырады?

6) Жамбыл қандай орденмен марапатталады?

Оң жақ:

1) Жамбыл қанша жасаған?

2) Жамбылдың ұлының есімі?

3) Жамбылдың алғашқы сүйіктісінің аты кім?

4) Жамбыл кім?

5) Жамбыл Ленинград қорғаушыларының несібін жырлады?

6) Алматы қаласының патшалық кезеңдегі аты?

IX. Қорытынды.

Мұғалім: - Сабағымыздың эпиграфында айтылғандай: «Жүзге кеп бақыт тапқан-Жамбыл, Дүниеге түгел кеткен атың Жамбыл»- деп, Жамбыл өз заманының тұтас келбетін жасады. Ақындықтың сарқылмас қазынасына, жырдың алтын деңгейіне, тозбайтын асылына, өшпейтін өнегесіне, ұлы мектебіне айналды. Нені жырламасын, нені толғамасын, ол шыншылдықпен, ұлылықпен жырлады, сөйтіп өзі өмір сүрген дәуірдің тұтас келбетін жасады. Ақынның ұлылығы да, оның аты бүкіл дүниеге тарағаны да – міне, осында.

Сабақты Жамалбек Ақылбайұлының «Жамбылым» өлеңімен аяқтағым келеді.

X. Бағалау.

XI. Үйге тапсырма:

1) өлеңді жаттап келу;

2) ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдерді жазу.
«Жамбыл әлемі» тақырыбына эссе жазып келу.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Табиғатты қорғау» тақырыбы бойынша алған білімдерін тиянақтау, біліктіліктерін жетілдіру, тіл байлықтарын арттыру. Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы мәліметтер беру. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгерту. Етістіктің түрлерін, олардың жасалу жолдарын тапсырмалар беру арқылы бекіту. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу. Интерактивті тақтаны тиімді пайдалану. **Міндеттері:** **білімділік** – Қазақстанның Қызыл кітабы туралы, Қызыл кітапқа тіркелген жануарлар мен өсімдіктер туралы білімдерін жетілдіру. Болымды, болымсыз, тұйық етістіктің жасалу жолдарын меңгерту. Қазақстанның қорықтарын білуі. Өткен тақырыптарда алған білімдерін қолдану біліктіліктерін дамыту; **дамытушылық** – дүниетанымдық қызығушылықтарын, өз ойларын жеткізе білу қабілеттерін дамыта отырып, оқушыларды шығармашылық жұмысқа тарту. Еркін, таза сөйлеп, өз білімдерін көрсете білуге баулу; **тәрбиелік** – Отанын, елін, жерін сүюге, елінің тарихын білуге, қастерлеуге баулу. Табиғатты сүюге, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жан-жақты, тиянақты білім алуға баулу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** сөйлесу, баяндау, әр түрлі деңгейлі тапсырмалар орындау, топтық жұмыс, жеке жұмыс, сөздік жұмысы, сөйлемдер құру,

сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, мәтінмен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, биология, тарих, география. **Көрнекіліктер:** ғаламтордан алынған, өңделген ақпараттар, суреттер. Арал теңізінің көріністері, музыкалық көркемдеу-күй.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру.

2. Оқушылардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындауы.

«Табиғат – алтын бесігіміз» интерактивті тақтада табиғат суреттері.

* Үй тапсырмасын сұрау, бағалау. Үй тапсырмасын тыңдау барысында Арал теңізі туралы ғаламтордан алынған материалмен таныстыру, Арал теңізінің экологиялық мәселесі төңірегінде ой қозғау.

* Өткен тақырыптардағы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пысықтау.

1. Актуальная проблема.
2. Непригодный воздух.
3. Очищает воздух.
4. Народное достояние.
5. Создано общество.
6. Обязанность каждого человека.
7. Проводятся мероприятия.
8. Жители города.
9. На грани исчезновения.
10. Национальные заповедники.
11. Тесно связано.
12. Окружающая среда.
13. Внес большой вклад.
14. Гражданский долг.
15. Национальная гордость.
16. Основная цель.
17. Уровень морской воды.

18. С каждым днем.

19. Экологическая опасность.

20. Со дна моря.

21. Ядерные испытания.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл кітабы».

Оқушыларды сабақтың мақсаты мен міндеттерімен, кезеңдерімен таныстыру.

Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген жануарлар, өсімдіктер әлемімен, құстармен интерактивті тақта арқылы таныстыру.

Қызыл кітаптың қызыл парағына тіркелген сүтқоректілер: қар барысы, бұғы, Түркістан сілеусіні, қоңыр аю, ақбөкен, Алтай архары.

Қызыл кітаптың қызыл парағына тіркелген құстар: бүркіт, ақ тырна, дуадақ, аққу, бірқазан.

Қызыл кітаптың қызыл парағына тіркелген өсімдіктер: Сиверс алмасы, ала күлтелі қызғалдақ, Павлов итмұрыны, Бұғы мүгі (қынасы).

Қызыл кітапқа тіркелген жануарлар мен өсімдіктерді қорғаудағы қорықтардың маңызы туралы әңгімелей отырып «Барсакелмес» және «Алматы» қорықтарымен таныстыру.

Мәтінді оқыту, аударту, дәптерлеріне жаздыру.

Біздің Қазақстандағы қорықтар

Біздің Қазақстанда қорықтар саны тоғыз. Олар: Ақсу-Жабағылы, Наурызым, Алматы, Барсакелмес, Қорғалжын, Марқакөл, Үстірт, Батыс Алтай, Алакөл қорықтары.

Барсакелмес қорығы (Қызылорда облысы) 1939 жылы құрылған. Арал теңізіндегі Барсакелмес аралында орналасқан. Аумағы – 30 мың га. Қорықта өсімдіктің 250 түрі өседі. Жануарлардың 56 түрі мекендейді. Солардың ішінде құлан, ақбөкен, қарсақ, қасқыр тіршілік етеді, 203 түрлі құстың түрі бар.

Алматы қорығы (Алматы облысы) 1961 жылы құрылған. Аумағы 73,3 га құрайды. Қорықта өсімдіктің 137 түрі,

жануарлардың 39 түрі, 200-ге жуық құстың түрі қорғалуда. Сирек кездесетіндердің қатарына Тянь-Шань қоңыр аюы, қар барысы, түркістан сілеусіні кіреді.

Қорыққа Іле өзені жазығындағы табиғи, 150 метрлік «Ән салғыш құмдар» құмды төбесі кіреді, оның ерекшелігі құм козғалғанда ерекше дыбыс береді.

Етістіктің түрлерін, олардың жасалу жолдарын пысықтау.

Етістіктің түрлерін ажырата біл!

мекендейді, қастерлеу, қорғаймын, аялау, сақтамады, демалған жоқ, құрылған емес, қоректену, өткізілмеді.

Сұрақтарға жауап берейік.

- Адамның дені сау болу үшін ең бастысы не керек?
- Біздің барлық өміріміз немен тығыз байланысты?
- Қоршаған ортаны қорғаудың дүниежүзілік күні қай күн?
- Бұл мерекенің негізгі мақсаты не?
- Ауа таза болу үшін не істеу керек?
- Біздің елімізде «Табиғатты қорғау қоғамы» қашан құрылды?
- Қазақстанның Қызыл кітабы қай жылы ашылды?
- Қызыл кітаптың қандай парақтары бар?
- Қызыл парағына не жазылады?
- Сары парағына не жазылады?
- Қазақстанда қанша қорық бар?
- Қорықтар не үшін керек?
- Біз табиғатты қорғауға қандай үлес қоса аламыз?

Сабақты қорытындап, үй тапсырмасын түсіндіру.

Үй тапсырмасы: Қорықтар туралы әңгімелеу. Етістіктің шақтарын қайталау.

Д.АБДРАХМАНОВА,
№94 мектеп-гимназия,
Алматы қаласы.

ЕЛ БІРЛІГІ

Қалалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында «Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің үшінші деңгей бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курсы аяқтап, қуанышқа бөлендім. Курс басталғанда санамыз сан-саққа жүгіріп, «Бұл қандай курс? Біз бұл курстан не алар екенбіз?»- деген сұрақтар ойымызда тұрды. Жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерген, ізденімпаз, еңбекқор кураторларымыз Арзияева Әлия Тоқтамысқызы мен Баекешева Клара Елтайқызының арқасында білімімізді шыңдап, тәжірибе алмастық.

Білім берудегі Кембридж тәсілдерін, жеті модульді сабақта қолдануды көзімізбен көріп, қолымызбен ұстап, үйрендік, шығармашылық топтарға бөлініп, тәжірибемізбен бөлістік. Шульманның «Үш көмекші» деп атаған қасиеттері ұстаздың бойында қалыптасқан жағдайда, мұғалімдер білім саласындағы өзге мамандармен өзара тығыз байланыста болып, оқытудың басты құндылықтарын сезініп, қабылдау мен тұжырымды пікірлерді бөлісуде ұтымды әрекеттер мен шынайы қарым-қатынас қалыптастыра алатынын нақты сезіндік.

Оқыту барысында мұғалімнің білім беруімен қатар, оқушылардың өз бетімен білім алу үдерісі де дамуы керек. Оқушылардың өз бетімен жұмысы жаңа білімді меңгерудің ойлау, іздеу, мақсаттар мен тапсырмаларды білу, түсіну және бағалау, тапсырманы орындауға қажетті стратегияларды білу, жаңалық ашу сияқты әдістері арқылы жүзеге асады. Сондықтан, өзін сабақ беретін сыныптарда қазақ тілі пәнінен жеті модуль элементтерін іс-тәжірибеде қолданып жүрмін. Оқушылар бұл жаңа тәсілді жақсы қабылдады, қызығушылық

танытты. Талдау, ойлау, дамыта отырып мазмұндау, баяндау оқушыны өзіндік ой түйге баулыды. Тапсырма беру, ізденіске баулу оқушыны өзінің ойлау қызметінің арқасында нені табуы қажет екеніне міндеттейді. Тапсырма мақсатты, мазмұнды, себепті айқындайды. Оқушы өз бетінше ізденіп мәселені шешкеніне, өзгенің жұмысына сыни көзқарасын білдіріп, ойын жеткізгеніне қуанды. Оқушының осы қуанышы менің қуанышым, еңбегімнің жемісі сияқты.

Осы курс маған үлкен әсер берді, тәжірибемді молайтып шабыттандырды, жаңа ойларға жетеледі.

Түрі: жаңа сабақ. Әдіс-тәсілі: іздену, әңгімелеу, сұрақ-жауап, жеке жұмыс, топтық жұмыс, талдау, ойын. Пәнаралық байланыс: тарих, география, әдебиет.			
Негізгі түсініктер: Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалар ең бастысы-тату-тәтті ынтымақтастықты, бірлікті қадірлеу.	Өткен сабақпен байланысы: Егемен елім-ай.	Бағалау: *бақылау *жұмысты бағалау (формативті бағалау) *сапалы білімді бағалау.	Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, үнтаспа, тарихи жылдар жазылған қағаздар.
Сабақтың мақсаты: оқушылардың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, жеткен жетістігі туралы алған білімдерін толықтыру. Міндеттері: білімділік – тарихи жылдарға тоқталып, Қазақстан тарихында болған елеулі оқиғаларды терең игеруге ықпал ету; дамытушылық – сұрақтар мен тапсырмаларға, ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін орындау арқылы оқушы бойында өз бетімен жұмыс істей білу, өз пікірін айта білу дағдысын жетілдіру. Оқушылардың ойлау, тілдік қабілеттерін, қарым-қатынастық біліктілігін дамыту; тәрбиелік – туған жерді, елді сүйуге, тарихын құрметтеуге, ең бастысы – тату-тәтті ынтымақтастықты, бірлікті қадірлеуге тәрбиелеу.			
Формативті бағалау нормасы: - тапсырманы орташа орындаса (қанағаттанарлық). - тапсырманы жақсы орындаса (жақсы). - тапсырманы толық, нақты орындаса (өте жақсы).			

Жетістік өлшемдері: Мәтінді оқып, мақсатын түсіне алады, сұрақты түсініп жауап береді. Өз бетінше сөздердің баламасын табады, сөйлем құрастырады. Мәтіннің мазмұнын, ойынның шартын өзгеге түсіндіре алады.			
Уақыты:	Сабақ барысы.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушы іс-әрекеті:
Басталуы: 3 минут	Сынып оқушыларымен амандасу. Оқушыларды түгелдеу. <u>Ынтымақтастық атмосферасын құру.</u> «Шаттық шеңберін» ұйымдастыру.	Сәлемдеседі, сабақты бастайды.	Сәлемдеседі, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Әнұран орындайды.
	Үй тапсырмасы: I. Білімді байқап көр.	Үй тапсырмасын тексереді, жауап берген оқушыларды бағалайды.	Интерактивті тақтада: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері жайлы тапсырмаларын көрсетеді. Презентация көрсетіледі.
	Сабағымыз мына бөлімдер бойынша өтеді. I. Білімді байқап көр. II. Біліміңе білім қос. III. Сен қалай ойлайсың? IV. Ән шашу.	Оқушыларды санау әдісімен топқа бөледі.	I топ – Отаным Қазақстан. II топ – мемлекеттік тіл. III топ – Әскер – ел тірегі.

	<p>II. Біліміне білім қос. Жаңа сабақ: Ой қозғау. - Біздің мемлекетіміз қандай мемлекет? - 16-желтоқсан қандай мереке? - Мемлекетімізде қанша ұлт өкілдері тұрады?</p>	<p>Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады. Құрметті оқушылар! 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізген мерекесі. Отанымызда талай-талай өркенді өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр.</p>	
		<p>Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз-бейбітшілік, тыныштық. Ең бастысы – тағу-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты мемлекетпіз. Тәуелсіздік мерекеміз құтты болсын!</p>	
<p>Түсіну. 10 минут</p>	<p>Бүкіл сыныптың жұмысы: 1. Сөздікпен жұмыс. Тобылғы – кустарник; Сындырды – ломал; Күш жұмсап – применять силу; Ынтымақ – солидарность, дружба; Ырыс – богатство; Тозады – устарел, изнасился; Озады – опережать,</p>	<p>Жаңа материалды оқушының қаншалықты меңгергенін тексереді.</p>	<p>Тындайды. Жаңа сөздерді қайталайды, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрайды. Дайындаған сұрақтарына</p>

	<p>обгонять, превос-ходство; Сындыра алмады – не смог сломать.</p>		<p>жауап іздейді.</p>
<p>Қолдану. 20 минут</p>	<p>III. Сен қалай ойлайсың? 2. Мәтінмен жұмыс. Ел бірлігі. Мақал-мәтелді толықтыр. 1. Отан оттан да... 2. Ырыс алды... 3. Бірлік болмай... 4. ... бар жерде, Ырыс бірге жүреді. 5 ... жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады. 7. Ынтымақ болмай, </p>	<p>Осы бөлімде орындалатын жұмыс түрімен таныстырады.</p> <p>Дұрыс жауап берген оқушыларды бағалайды.</p>	<p>Оқушылар мәтінді рөлге бөліп оқиды, көрініс көрсетеді. Жігіттер оннан алған тобылғыларын сындыра алмағандарын көрсетеді.</p>
		<p>- Қалай ойлайсындар, бұл нені білдіреді? Әсем: - Міне, ел бірлігі деген осы. Полина:- Жалғыз адамды жау алады. Әйгерім: - Көп біріксе, ешкім де жеңе алмайды. Юля: - Көп қорқытады, терең батырады. Әр топтан оқушылар шығып, мақалды толықтырады.</p>	
	<p>Тапсырма. Кім жылдам? ойыны. Берілген қима қағаздармен сөйлем құрастыр.</p>		<p>Топ оқушылары сөйлем құрастырады.</p>
	<p>IV. Ән шашу: 1. Жаса Қазақстан. 2. Атамекен. 3. Көк тудың желбірегені.</p>	<p>Мұғалім әннің не жайында айтылатынын сұрайды.</p>	<p>Оқушылар музыканы тыңдап, әннің атын, қысқаша мазмұнын айтады.</p>

	Жаңа сабақты қорытындылау: Алған білімдерін қорытып айта білуге дағдыландыру.	- Не жайында білімінді толықтырдың? - «Бірлік» дегенді қалай түсінесіңдер? - Сыныптас-тарың арасында бірлік, ынтымақтастық бар ма? Тапсырманы түсіндіреді, көмектеседі, бағалайды.	Сұрақтарға жауап береді.
Талдау. 5 минут.	Әр топтың жұмысы талданады. Топтағы белсенді оқушылар анықталады. Ең көп фишка жинаған оқушы <u>көшбасшы</u> болады.	Мұғалім тыңдайды. Көшбасшы сайланады.	Оқушылар талдайды.
Бағалау. 2 минут.	Жинаған фишкалары арқылы баға қойылады.	Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды атап өтеді, жетістіктеріне, кемшіліктеріне тоқталады.	Әр топтың жұмысын, әр оқушының жұмысын бағалауға қатысады.
	Үй тапсырмасы: 13-бет. 5-тапсырма. Ой толғау.	Үй тапсырмасын түсіндіреді.	Үй тапсырмасын күнделікке жазады.
Рефлексия. 3 минут.			Оқушы өз әсерлерін айтады. Мұғалім оқушыдан «Не білдің? Не түсіндің?»-деп сұрайды.

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

А.ІЗБАСОВА,
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

АЛМАНЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Сабақтың мақсаты: білімділік – көкөністер мен жеміс-жидектердің адам денсаулығына пайдасын, олардың құрамының дәрумендерге бай екендігін түсіндіру; **дамытушылық** – қазақша сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың ой-өрістерін дамыту; **тәрбиелік** – дәрумендерге бай тағамдарды ішіп жеуге, дұрыс тамақтануға үйрету. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, диалог, сұрақ құрастыру. **Түрі:** жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** тақырыптық суреттер, тірек-сызбалар.

Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен амандасу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Үш түрлі стикерлер (қызыл түсті – ет, ақ түсті – сүт, жасыл түсті – дәнді дақылдар) арқылы сыныпты үш топқа бөлу.

Ұн тағамдары. Сүт тағамдары. Ет тағамдары.

Үй тапсырмасын тексеру.

Жаңа сабақты түсіндіру: Мұғалімнің алғы сөзі. Көрнекілік бойынша мәтінді түсіндіру.

I. Мәтінді түсініп оқу.

II. Тапсырмалар орындау.

I топ мәтінге сұрақтар құрайды.

II топ алма туралы диалог құрайды.

III топ мәтін бойынша тірек-сызба құрайды.

III. Грамматиканы қайталау. Демеулік шылаулар. Оқушылар тірек-сызба бойынша шылауларды естеріне түсіреді.

IV. Деңгейлік тапсырмалар орындау.

I топ сөйлемдерді аяқтайды.

1. Адам ағзасына пайдалы ...

Дәрумендер негізінен алманың қабығы мен ...

Алмада 14,7 пайыз ...

Жемістің бұл түрі тамаша ...

II топ сөйлемдерді сәйкестендіреді.

Дәрумендер негізінен

алманың қабығы мен

Алмада 14,7 пайыз

көмірсутегі бар.

тамаша емдік қасиетімен

де белгілі.

құрамы аса бай.

Жемістің бұл түрі

Алманың минералдық

Сондай-ақ фосфор,

кальций, магний,

темір сияқты химиялық

заттар да баршылық.

қабықтың астындағы

жұмсақ етінде болады.

III топ сөйлемдерді керекті шылаулармен толықтырады.

Онда... , калий көп. ... фосфор, кальций, магний, темір сияқты химиялық заттар ... баршылық.

Жемістің бұл түрі тамаша емдік қасиетімен ... белгілі.

V. Оқушылар бірін-бірі тексереді.

VI. «Суреттер сөйлейді». Топтық жұмыс. Ойынның шарты:

А, В, С, Д, Е дәрумендері қандай жеміс-жидек, көкөністерде болады? Солардың суреттерін салып, топтастыру керек.

VII. Бекіту. «Өз жартыңды тап» ойыны. Сұрақ жазылған қағаздар сары түспен, жауап жазылған қағаздар жасыл түспен жазылған. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап іздейді.

1. Алманың минералдық құрамы қандай?

2. Дәрумендер алманың қай жерінде болады?

3. Алмада неше пайыз көмірсутегі бар?

4. Алманың емдік қасиеті бар ма?

VIII. Мәтіннің мазмұнын тірек-сызба бойынша әңгімелеу.

Үйге тапсырма: Мәтінді әңгімелеу. Демеулік шылауларды қайталау.

Бағалау.

ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ТАБИҒАТЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) туған жеріміздің табиғатын оқушыларға таныстыра отырып, жалғаулар тақырыбын қайталау; 2) мәтінді мазмұндауға дағдыландыру, сөздік қорын молайту, тілдерін жаттықтыру. Оқушылардың таным белсенділігін арттыра отырып, шығармашылыққа баулу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; 3) оқушыларды елін, жерін сүйетін халқының адал азаматы болуға үйрету. Елге деген патриоттық сезімдерін ояту. Табиғатты сүйетін, жауапкершілігі дамыған тұлға қалыптастыруға жағдай жасау. **Түрі:** жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, флипчарт, үлестірме кәртішкелер, суреттер. **Әдісі:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойландыру, түсіндіру, диалог. **Жұмыс формалары:** топтық, ұжымдық, жеке жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** география. **Қолданылатын модульдер:** АКТ, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, дарынды және талантты балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Күтілетін нәтиже: Туған ауданымыздың табиғатымен танысу. Жалғаулар түрлерін ажырата білу. Жаңа тақырыпты меңгеру барысында грамматикалық тапсырмаларды сауатты орындай білу. Тәрбиелік мәнін ұғыну.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: - Оқушылармен сәлемдесу;

- Балалар, бүгін сабағымызға қонақтар келіп отыр, олармен амандасайық.

Тренинг.

Бірі-бірімізге жақсы тілектер айтайық. Қонақтарға тілек білдіреді.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- Құрметті оқушылар, бүгінгі біздің тақырыбымыз: «**Туған жерімнің табиғаты**» деп аталады.

Сабағымызды «**Туған жердің жері де көрікті, елі де сүйікті**» деген мақалмен бастығым келеді.

Тест жұмысы:

1. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін білдіретін рәміздерді тап:

а) әнұран, ту, жер; ә) өзендер, теңге, шаңырақ;

б) байрақ, әнұран, елтаңба.

2. Тәуелсіздік монументі қай жерде орналасқан?

а) Астанада; ә) Қызылордада; **б) Алматыда.**

3. Сөйлемді аяқта: 22-қыркүйек – Қазақстан халықтарының ...

а) тілдер күні;ә) білім күні; б) республика күні.

4. Жатыс септігінде тұрған сөзді көрсет:

а) қаланың; ә) шеберде; б) ісмерге.

5. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?

а) 3; ә) 5; **б) 4.**

Бұл мақалды қалай түсінесіңдер? Туған жер деген не? Сендер қай елде туып өстіңдер? Туған жер, Отан тақырыбына қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Мақалдарды аяқтаңдар:

Туған жердей жер болмас (туған елдей ел болмас)

Отан оттан да (ыстық)

Отансыз адам (ормансыз бұлбұл)

Ел-елдің бәрі-жақсы, Өз елің бәрінен (жақсы)

Отанды сүю (отбасынан басталады).

- Туған жер дегеніміз не? Ол адамның туып-өскен жері, сол елдің тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, салт-дәстүрі, табиғаты.

- Ал сендер қай елде туып-өстіңдер?

III. Сөздікпен жұмыс.

1. Дұрыс айтуға дағдыландыру:

- мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;

- оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды.

2. Осы сөздерге талдау жасап, мағыналарын түсіндіру.

- сөздерді қимыл әрекет бойынша көрсету.

- сөздерді жауып, қимыл бойынша еске түсіру.

3. Жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрау.

IV. Оқулықпен жұмыс.

1. Мәтінді оқып, аудару.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Туған жерімнің табиғаты

Менің туған жерім қандай әсем! Қандай тамаша! Айнала биік таулар, жасыл жазықтар, әдемі қызғалдақтар, сарқырап аққан бұлақ суы. Табиғаттың әсемдігіне қарап таңғаласың.

Туған жер! Мен үшін сенің әрбір тасың,әрбір аң-құсың, әрбір гүлің ыстық әрі қымбат. Мен үшін сенің көкте күлген күнің қымбат, мен үшін сенің көк аспаның қымбат. Алысқа кетсем, сені сағынамын, көруге асығамын.

Мен сенің гүлденген көктемінді, жасыл жазыңды,сары алтын күзінді, ақ мамық қысыңды сүйемін. Сол себепті мен туған жердің табиғатын көркейтуге көмектесемін.

2-тапсырма. Мәтіннен жіктік жалғаулы сөздерді тауып,астын сызыңдар.

4-тапсырма. Деңгейлік тапсырмаларды орындандар.

III деңгей. 1. Берілген сөздерді аударыңдар. Суша, пустыня, заповедник, равнины, территория, дороги.

2. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар. Біздің еліміз – қай жағынан да бай мемлекет.

II деңгей. 1. Берілген сөздерден, сөз тіркестерінен сөйлемдер құрандар. Үлгі: Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Отан, атамекен, туған жер, жасыл қала, жас қала, егемен ел, бас қала, үлкен ел.

2. «Менің туған жерім» деген тақырыпқа диалог құрандар.

Үлгі: - *Сенің туып-өскен жерің қай жер? - Менің туып-өскен жерім-... .*

- *Сен қандай қалада тудың? - Мен ... қаласында тудым.*

I деңгей. 1. Көп нүктенің орнына қажетті жіктік жалғауын қойып, сөйлемдерді толықтырындар.

Сен Атыраудансың ба? - Жоқ, мен Шымкенттенмін.

Мен дәрігермін. Сіздің мамандығыңыз кім?

Біз оқушымыз. Ал сіздер ше?

Мен он екідемін. Сен он үштесің бе?

Ол мұғалім. Мен студентпін. Сіз заңгерсіз.

Біз 6-сынып оқушысымыз. Олар 7-сынып оқушылары.

Мен біріншімін. Сіз үшіншісіз.

Біз сабаққа келеміз. Сендер мектепке ерте келесіңдер.

2. “Тәуелсіз Қазақстан” туралы шағын шығарма жазындар. Оқушылардың жазған шығармалары.

1. Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Ол – тәуелсіз мемлекет. Қазақстан тәуелсіздігін 1991 жылы алды. 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 24 жыл болады. Оның өз рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақстанда көп ұлт өкілдері тұрады. Олар тату. Әр халықтың өз салт-дәстүрі, ұлттық тағамдары, ұлттық ойындары бар. Қазақстанның табиғаты әдемі. Біз Отанымызды мақтан етеміз.

2. «Отан отбасынан басталады». Осы мақалда менің ойымша отбасына ғана емес, Отанға деген сүйіспеншілік туралы айтылған. Мен кішкентай отбасымды сүйемін. Отбасымда әкем, анам, мен, сіңілім бар. Өйткені менің отбасым да Отаныма қызмет етуде. Біз кішкене ғана бөлшегіміз. Өйткені менің үлкен ағам Отанды қорғауға үлесін қосып, соғысқан. Ал мен сауатты адам болу үшін аянбай оқып, үлгілі біліміммен үлесімді қосып келемін. Мен жұмысымды адал істеуге тырысамын. Өйткені менің жұмысым – сабақ. Сабақтан қалмай, ұстаздардың айтқанын бұлжытпай орындаймын.

3. Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстанда әдемі тау,сарыарқа даласы бар. Біздің астанамыз-Астана. Астана өте әдемі, көрнекті қала. Бұл қалада жаңадан салынған ғимараттар көп. Ең бірінші салынған ұлттық ғимараттың бірі –Бәйтерек. Мен астанаға әлі де болса барған емеспін, бірақ теледидардан үнемі көремін. Маған ұнайды. Біздің елімізде көптеген өзге ұлттар тұрады. Олар: қазақ, орыс, украин, татар, өзбек, кәріс және т.б. Басқа ұлт өкілдері болғанымен, менің жақын туысымдай көремін. Қазақ жері кең және бай, қазақ халқымының мінезі де кең. Біз қазір кішкентаймыз, болашақта бір үлкен маман болуды жоспарлаймыз. Өскен соң біз де мемлекетімізге өз пайдамызды тигіземіз деп ойлаймын.

6-тапсырма.«Жұбымды тап» ойыны.

Жайық	өсімдік
Қызыл	өзені
Дәрілік	кітап
Орал	ағашы
Су	тауы
Сексеуіл	көздері

Сергіту сәті: ән тыңдау. Фадеева Екатерина мен Бартош Валерия «Атамекен» әнін орындайды.

Өзінді тексер.

Перфокартамен жұмыс.

Сөздер	I жақ	II жақ	Сыпайы түрі	III жақ	I жақ көпше	II жақ көпше	Сыпайы түрі	III жақ көпше
оқушымыз					+			
бардыңыз			+					
оқушылар								+
бишімін	+							
келесің		+						
бардык					+			
бишісіздер							+	

3-тапсырма. Сұрақтарды қазақ тіліне аударып, бір-біріңмен өзара сөйлесіңдер.

Н.ҚАЙДАРОВА,
№1 мектеп-лицей.
Шығыс Қазақстан облысы,
Риддер қаласы.

Сұрақтарды аударыңдар	Сөйлемдерді аяқтаңдар
1. Как называется твоя Родина? 2. Где ты родился? 3. Твоя Родина красивая? 4. Какие озера, реки, горы есть у тебя на Родине? 5. Какие птицы, звери обитают на твоей земле? 6. Чем тебе дорога родная земля?	1. Менің Отаным - Қазақстан. 2. Мен Қазақстанда тудым. 3. Менің туған жерім әдемі. 4. Менің туған жерімде Балқаш көлі, Нұра өзені, таулар бар. 5. Туған жерімде аң, құстар мекендейді. 6. Туған жерім мен үшін қымбат.

Ойлан, тап. Әріптердің ішінде мақал-мәтелдер жасырынған.

1. Енгтуғанттьбжердіңенжері лодеоаккөрікті, еаелідаденек сүйіктіуак.

2. Туғангнжердей опажерлор болмас, дортуған рпаелдейор паелдло

ждлболмаслрпвк.

Жауабы:

1. Туған жердің жері де көрікті, елі де сүйікті.

2. Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Бекіту: Не өттік? Не білдік? Не үйрендік?

Рефлексия.

- Балалар, сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма? Ұнаса несімен ұнады?

Парақшаларға тілек жазып, тақтаға жабыстырыңдар. Сабағымыз аяқталды. Сабағымды Қасым Аманжоловтың «Атамекен» өлеңімен аяқтағым келеді.

Сүйем сені туған ел — атамекен.

Абзал анам сенсің ғой құшағың кең,

Жер мен көктің жаннағы бір өзіңсің,

Сенен артық не табам, қайда кетем.

Бағалау: «5» -4, «4» -7, «3» -2.

Үй тапсырмасы: 3-тапсырма, 97-бет жаттау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

(5-сынып)

Жұмыс құралдары:	Топқа бөлу кәртiшкелерi, «Менiң Отаным» сызбасы, «Оңтүстік Қазақстан» шағын фильмі, А4 форматындағы мәтіндер, плакаттар, маркерлер, қайшы, желім.
САБАҚ БАРЫСЫ:	

Кезең	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Түркі тапсырма	Талап-тары	Ұ. формасы	Күтілетін нәтиже	Бағалау
Ұйымдас-тыру кезеңі <u>Білу</u> Пәнаралық байланыс (география)	А) Сәлемдесу. Ә) Оқушыларды түгелдеу. Б) Оқушыларға кәртiшке таратып, Шығыс (Риддер, Өскемен, Зырян), Оңтүстік (Алматы, Тараз, Қызылорда, Шымкент), Солтүстік (Петропавл, Павлодар, Қостанай) Қазақстан қалалары бойынша топқа бөледі.	Оқушылар мұғаліммен амандасалды. Кезекші мұғалімнің сұрақтарына жауап береді Кәртiшкесінде жазылған қалаға байланысты топқа бөлініп отырады					
Өткенді қайталау <u>Білу</u> Өткен тақырыпты қайталау, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.	Мұғалім оқушыларға түрлі суреттер (Рәміздер, қалалар, табиғат, мерекелер, пайдалы кендер, ескерткіштер) таратады. - Балалар, қолдарыңдағы	Оқушылар сурет бойынша ақпарат бере отырып, тақтаға іледі, Сыныптастарының жауаптарын толықтырады.	«Менің Отаным - Қазақстан» сызбасы, суреттер	Өткен тақырыпты еске түсіру. Әр сурет бойынша қазақ тілінде	ұжым	Оқушылар Қазақстан рәміздері, мерекелері, табиғаты, пайдалы	мадақтау

	сурет жайлы біраз ақпарат беріп, тақтадағы «Менің Отаным» сызбасына құрастыруларыңызды сұраймын.			бірден 2-3 сөйлем құрап айту. Сыныптастарының жауаптарын толықтырып отыру.		кендері, өндіріс орындары, қалалары туралы ақпаратты естеріне түсіреді.							
Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.	А) Мұғалім оқушылардың назарына Оңтүстік Қазақстан жайлы фильм ұсынады. Ә) Фильм бойынша сұрақтар қояды: - Фильм не туралы? - Алматы, Тараз қалалары қай облыста орналасқан? - Балалар, сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы... Б) Мұғалім сабақтың мақсат-міндеттерін анықтайды.	Презентацияны мұқият қарап, мұғалімнің сұрақтарына ауызша жауап береді.	Фильм. «Оңтүстік Қазақстан». Ашық сұрақтар.	Сұрақтар қою арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау	жалпы	Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайды.	Өзін-өзі бағалау						
	<table border="1"> <tr> <td>білемін</td> <td>Білгім келеді</td> <td>білдім</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	білемін	Білгім келеді	білдім				Оқушылар (ауызша) сызбаны толтырады.					
білемін	Білгім келеді	білдім											
<u>Жаңа сабақ</u> <u>Білу</u> Тақырып бойынша білетін сөздерін еске түсіру, сөздік қорын байыту.	Парақтағы тапсырманы береді. -Балалар, мына сөздердің орысша-қазақшасын сәйкестендіру керексіздер, 5 минут уақыт беремін. Ал білмейтін сөздерді жеке белгілеп қою керек. Сөздікпен жұмыс жасайды. - Ал енді таныс емес сөздерді	Тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіріп айтады. Жаңа сөздерді сөздікке жазады. З.е. жалғауларын қайталау арқылы жіберілген кателерді	Сөздікпен жұмыс Сөздерді хормен қайталап, сөздікке жазу.	Сөздерді еске түсіру. Сөздікпен жұмыс жасау. Сөздерді мәнерлеп оқып, сөздікке жазу.	топтық	Тақырып бойынша білетін сөздерін еске түсіреді. Жаңа сөздермен танысады,	Өзін-өзі бағалау						

	сөздікке жазып қойық. Зат есімнің жалғауларын қайталау. - Сөздерде қате жоқ па? -Қай сөзде қате жіберілген? -Неліктен бұл сөзді қате жазылған деп ойлайсыз?	анықтап, дәлелдейді.	«Қатесін тап» тапсырмасы	Тақтада берілген сөздердің ішінен қате жазылған сөздерді табу, дәлелдеу		зат есімнің жалғауларын қайталайды	
<u>Сергіту сәті</u>	- Балалар, шаршаған боларсыздар. Олай болса, барлығымыз орнымыздан тұрып сергіту сәтін жасайық. «Қызыл өрік»	Теледидарға қарап, балалардың қимылдарын қайталайды.				ұжымдық.	
<u>Түсіну.</u> Мәтінді оқып аударуға және өзіндік пікір алмасуларына мүмкіндік тудыру. Сыныптас-тарын бақылау арқылы ауызкеі сөйлеу дағдыларын дамыту.	-Топпен жұмыс жасамас бұрын, мен бақылаушыларды тағайындап алуым керек. Кім бақылаушы болады? -Мынау бағалау (бақылау) парағы. Соны толтыра отырыңыз. -Қазір мен әр топқа мәтін таратамын, сол мәтін бойынша жұмыс жасаныздар, одан кейін қонаққа барып достарыңызға әңгімелейсіздер. 10 минут уақыт беремін. -Уақыттарыңыз аяқталды.	Әр топтан бағалаушыны тағайындайды. Бақылаушылар бақылау парағы бойынша жұмыс жасайды. Топпен мәтінді оқиды, аударалы, негізгісін белгілейді, әңгімелейді.	Өз сыныптастарының топтағы жұмыстарын бақылау Мәтін бойынша жұмыс	Топ мүшелерінің жұмыстарын бақылап, бағалау парағын толтыру Мәтінді оқу, аудару, негізгісін белгілеу, әңгімелеу, 10 минут		Сыныптастарын бағалайды, өз ойын білдіреді. Оңтүстік Қазақстан жайлы біліп әңгімелейді.	Өзара бағалау
<u>Қолдану.</u> Түрлі деңгейдегі сұрақтар қою арқылы оқушылардың ауызкеі сөйлеу дағдыларын дамыту.	- Әңгімелеп болсаңыздар, «Ыстық орандық» ойынын ойнайық. Ойнаймыз ба? Ыстық орандыққа кімді шақырамыз?	«Ыстық орандық» ойынын ойнайды, Маша мен Диасқа төмен және жоғары деңгейлі сұрақтар қояды.	«Ыстық орандық» ойыны	Оңтүстік Қазақстан» тақырыбы төңірегінде төмен және жоғары дәрежелі сұрақ-		Оқушылардың жоғары, төмен дәрежелі сұрақтарды қою, жауап беру дағдылары	Бірін-бірі бағалау.

К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,
В.Комаров атындағы
орта мектеп.
 Ақмола облысы,
 Шаңтөбе кенті.

КӨКТЕМГІ ЕҢБЕК

(5-сынып)

Мақсаты: білімділік – 1) суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру; 2) қосымша мәтінді оқып, сұрақтар құру; 3) үстеудің түрлерін пысықтау; 4) көктемгі еңбек жайында білімдерін кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларды еңбекке баулу; дамытушылық: сауатты сөйлеу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын, кластер, Синквейн кестесі, әңгімелеу, ассоциациялық карта. **Жабдықтары:** буклет, интерактивті такта, слайдтар. Таратпа материал: қосымша мәтін, көртішкелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, кезекшімен сұхбаттасу.

II. Ой қозғау: Балалар, бір жылда неше жыл мезгілі бар? Олар қандай?

Қызығушылықты ояту. Ассоциациялық карта: Бұл қай кезде болады?

Қар еріп, су ағады.

Сарқырап сайға толады.

Күн ұзарып, жылиды.

Бұл қай кезде болады?

Мұғалім: - «Дұрыс, көктемде».

«Әріптерді табындар» ойыны. Сөздер үлкен көртішкелерде жазулы. К...ктем, к...к...н...с, қ...стар, б...йшешек, ер...ді, б...ршік.

III. Үй тапсырмасын тексеру:

				тар кою		калып- тасады.	
Талдау. Оқушылардың талдау, зерделеу, талқылау дағдыларын қалыптастыру мақсатында бір-бірінің жауаптарын бағалау.	- Ал, енді сұрақтарыңыз болмаса, бақылаушыларға сөз береміз.	Бақылаушылар көргендерін баяндап, өз бағаларын қояды.	Өз сыныптастарының топтағы жұмыстарын бақылау, талдау.	Топ мүшелерінің жұмыстарын бағалау.	жеке	Басқаларды бақылау арқылы ауызекі сөйлеу дағдысы қалыптасады, өзгерлерге ескертулер жасау арқылы өзі де үйренеді.	Бірінбірі бағалау
Жинақтау. Жоғары деңгейлі сұрақтар қою арқылы алған білімін жинақтау.	Ал енді осы тақырыпқа жылдам постер жасап жіберуіміз керек. Ол үшін постерді төртке бөлеміз (1-табиғаты, 2-қалалары, 3-өндіріс орындары, 4-халқы)	Топпен жұмыс істейді	«Постердің бөліктері» тапсырмасы.	Мәтіннен сызба жасау, 7 мин.	топтық	Бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін тыңдауға үйренеді	Бірінбірі бағалау
Бағалау. Өзін-өзі және әріптесін бағалай білуге баулу.	Мұғалім өзін-өзі бағалау парағын тарағады: -Мен сіздерге өзін-өзі бағалау парағын беремін, соны толтырып жіберіңіздер. Кері байланыс. - Алдарыңызда жатқан стикерлерге не ұнады, қай сыныптасыңыздың қандай сөзі ұнағаны, нені білгендеріңіз жөнінде жазып, тактаға ілулеріңізді сұраймын. -Сабақ аяқталды. Барыншаларыңызбен сабаққа қатысқандарыңызға рахмет. - Сау болыңыздар!	Өзін-өзі бағалау парағын толтырады.	«Екі жұлдыз, бір тілек»		жеке	Кері байланыс	Өзін-өзі бағалау

Көктем туралы сурет салып, әңгімелеу, интерактивті тақтада көктем бейнеленген слайдтар көрсетіледі.

IV. Жаңа сабақ: Сабақтың мақсатын, барысын айту;

1) Үстеуді қайталау;

Интерактивті тақтада сұрақтар: Үстеу дегеніміз не? Үстеу қандай сұраққа жауап береді? Үстеудің түрлерін атаңдар, мысалдар келтіріңдер. Үстеудің түрлерін анықтандар: ертең, жоғары, тез, жақсы, төмен.

2) Оқулықпен жұмыс: 136-беттегі 1-тапсырма.

Сөйлемдерді жазып, сын-қимыл үстеулердің астын сызыңдар. Оқып аударыңдар.

Дархан дүкеннен тез келді.

Далада кенет жел соқты.

Алтай жай жүріп келеді.

Ол үнемі жұмыс істейді.

Олар ауызша өтініш айтты.

Алмас – өте тәртіпті бала.


3) Топтық жұмыс:

Интерактивті тақтадағы суреттермен (слайдтармен) жұмыс: оқушылар екі топқа бөлінеді.

1-топ – «Далада» тақырыбына әңгімелейді.

2-топ – «Саяжайда» тақырыбына әңгімелейді.

4) Кластер құру:



5) Мәтінмен жұмыс: оқушыларға қосымша мәтін беріледі.

Жұптық жұмыс: мәтінді оқып, бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру.

Көктемгі еңбек.

Күн жылынды. Қар ери бастады. Түнде салқын. Күндіз жылы. Көктем басталды. Жылы жел соқты. Көктемгі еңбек басталды.

Ауылда тракторшылар жер жырттып жатыр. Діқаншылар егін егіп жатыр. Дала шөбі көтерілді. Саяжайда, бақшада көкөніс егілді. Бақта жеміс ағаштарының түбі босатылды. Адамдар ағаштардың қураған бұтақтарын кесе бастады.

б) Топтық жұмыс: 2 топқа бөліну.

«Еңбек» тақырыбына мақал-мәтелдер айту сайысы.

7) Ой толғаныс: «еңбек» сөзімен 5 жол өлең құрастыру.

а) зат есім; б) сын есім; в) етістік; г) сөйлем; д) синоним.

8) Сабақты қорыту. Бағалау.

9) Үй тапсырмасы: көктемгі еңбек туралы әңгімелеу.



Э.КӘРІМОВА,

А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта

білім беретін мектеп.

Батыс Қазақстан облысы,

Орал қаласы.

МҰХАМЕТЖАН ТЫНЫШБАЕВ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – жаңа тақырып бойынша толық мағлұмат беру, білімдерін толықтыру, кеңейту, грамматикалық тақырыпты пысықтау, жаттығу жұмысы арқылы бекіту; **дамытушылық** – сөздік қорларын молайту, қазақша ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, есте сақтау, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды білімге, ғылымға баулу, ғалым өмірі мен елі үшін істеген еңбектерін мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Құрал-жабдықтар, көрнекі құралдар:** презентация (слайд), «Тау тұлға» деректі фильм, грамматикалық кесте, постерлер, маркер смайликтер, үлестірмелі тапсырмалар.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, топтық жұмыс, диалогтік оқыту, іздендіру, СТО.

Сабақтың кезеңдері.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Арайлап таң атты

Арайлап күн шықты,

Қайырлы таң, балалар!

Күн сәттілікке толы болсын.

Бүгінгі алған бағаларың

Кілең бестік болсын.

2. «Шаттық шеңбері» оқушылар бір-біріне тілек айтады, сәттілік тілейді.

3. Үй тапсырмасын тексеру. Ә.Марғұлан туралы әңгімелеу, презентация дайындау, ереже қайталау.

4. Үй тапсырмасын бекіту: *Әлкей Марғұлан кім? Ол қайда білім алды? Әлкей Марғұлан қандай мектептің негізін салушы? Біздің өтіп жатқан модуліміз қалай аталады? Ғылым дегеніміз не? Ғалым деген кім? Ғылым, білім туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? Біздің елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ғылымның дамуына қандай үлес қосуда? Техника ғылымы саласында еңбек еткен қандай белгілі тұлғаларды білесіңдер?*

Ой шақыру. «Тау тұлға» деректі фильмін көрсету.

- Бұл фильм кім туралы?

- Мұхаметжан Тынышбаев кім болған?

Сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады.

1. Презентация көрсету.

2. Сұрақ-жауап.

Сөздік жұмысы.

1. Оқу, танысу.

2. Сөйлем құру.

3. Сөз табын анықтау.

4. 1 сөзге фонетикалық талдау жасау.

Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтінді оқып, танысады.

Топтық жұмыс.

I топ сұрақ құрастырады.

II топ жоспар құрады.

III топ тірек-сызба (кластер) құрады.

Оқушылар тақтаға шығып, постерлерін қорғайды. Бірін-бірі бағалайды.

Грамматикалық тақырып. Ережені еске түсіру, қайталау.

Жаттығу жұмысы:

1. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді табу.

2. 1 сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

1900 жылы Санкт-Петербургтегі императорлық қатынас жолдары инженерлері институтына түсіп, 1906 жылы аяқтады.

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Сөйлемдегі тұрлаулы мүшелердің астын сызып, қай сөз таптарынан жасалғанын анықтандар.

1) Тынышбаев Мұхаметжан 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы Лепсі ауданы Мақаншы-Садыр ауылында дүниеге келген. 2) 1900 жылы Верныйдағы ер балалар гимназиясын алтын медальмен бітірген. 3) Алматы қаласындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына М.Тынышбаевтың есімі берілген.

2. Етістіктердің синонимдерін табу және оларды қатыстырып, сөйлем құру.

Дүниеге келген-

Еңбек етті-

Дүние салды-

Аяқтады-

3. Берілген сөздерді жікте, септе. *Ғалым, инженер*

4. **Берілген сөздерге морфологиялық талдау жаса.** *Тарихшы, аяқтады, теміржол, берілген.*

Бекіту: Рефлексия парағын толтыру. Не білдім? Не білемін? Не білгім келеді?

Бағалау.

Үйге: I топ – сөйлесу құру, II топ – әңгімелеу, III топ – презентация дайындау.

Г.МАЛИКБАЕВА,
Ново-Ильинка негізгі орта мектебі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Шемонаиха ауданы.

ЗАТ ЕСІМ, СЫН ЕСІМ, САН ЕСІМДЕРДЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – сөз таптарының түрлері зат есім, сын есім, сан есімдер туралы түсінігін бақылай отырып, өзара ұқсастығы мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, өз бетімен әрекеттене отырып, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік:** ұжымдаса отырып еңбектенуге, таза сөйлей білуге, сауатты жазуға тәрбиелеу. **Типі:** қайталау сабағы. **Түрі:** іздендіру, саяхат сабағы. **Пәнаралық байланыс:** Музыка, өзін-өзі тану пәні, тарих.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Сабақтың жүру барысымен таныстыру.

Сабақты «7 ата» ауылына саяхат жасаудан бастаймыз. «7 ата» ауылы бізге 7 түрлі тапсырма жұмысын береді.

«7 ата» ауылына саяхатымыз басталды.

I. «Аталар» ауылы (Үй тапсырмасын сұрау): 1. Сөз таптары дегеніміз не? 2. Зат есім дегеніміз не? 3. Зат есімнің түрлері қандай? 4. Сын есім деген не? 5. Сын есімнің түрлері қандай? 6. Сын есімнің сұрағы қандай? 7. Сан есім деген не? 8. Сан есім құрамына қарай қалай бөлінеді? 9. Сан есімнің сұрақтары қандай? 10. Сан есім мағынасына қарай қалай бөлінеді?

II. «Әкелер» ауылы. (Практикалық жаттығулар)

1. Жомарттың мінезі жайдары, ал Асан үнемі томаға – тұйық жүреді. (Зат есім, сын есімді тап)

Жомарт – з.е. жалқы есім, деректі, негізгі зат есім.

Мінезі – з.е. жалпы есім, дерексіз, негізгі зат есім.

Асан – з.е. жалқы есім, деректі, негізгі.

Жайдары – сын есім, негізгі сын есім, сапалы сан есім.

Томаға – тұйық – сын есім, күрделі сын есім, сапалық сан есім.

2. Бұл әсем ән - Әйгерімнің әні.

Әсем – сын есім, негізгі, сапалық сын есім.

Ән – зат есім, негізгі, деректі, жалпы.

Әйгерім – зат есім, күрделі, деректі, жалқы.

3. Еріншектің ертеңі бітпес.

Еріншектің – сын есім, туынды, қатыстық.

4. Әдепті бала – арлы бала.

Әдепсіз бала – арсыз бала.

Әдепті – сын есім, туынды, қатыстық.

Арлы – сын есім, туынды, қатыстық.

Бала – зат есім, негізгі, деректі, жалпы есім.

Әдепсіз, сорлы – сын есім, туынды, қатыстық.

5. Жақсы бала қонаққа үйір,

Жақсы тай атқа үйір.

Жақсы – сын есім, негізгі, сапалы.

Бала – зат есім, негізгі, деректі, жалпы есім.

Тай – зат есім, негізгі, деректі, жалпы есім

III. «Бала» ауылы. (Әндерді орындап, есім сөздерді табу).

1. Алтын күн аспаны

Алтын дән даласы

Думанды бастаған

Далама қарашы.

2. Өз балаңнан артық бала бар ма, ана,

Мәз боласың, жарай қалсам шаруаңа.

3. Бір, екі, үш деп орынымыздан тұрамыз,

Аққу болып ұшамыз.

Төрт, бес, алты, жеті, сегіз деп

Қайта келіп қонамыз.

IV. «Немере» ауылы. (Баламалы тест шешу).

1. Зат есім заттың санын, сапасын білдіреді. А) иә; Ә) жоқ.

2. Зат есім құрамына қарай үшке бөлінеді. А) иә; Ә) жоқ.
3. Сын есім – заттың сынын, сипатын, сапасын, түр-түсін, көлемін білдіреді. А) иә; Ә) жоқ.
4. Сын есім құрамына қарай үшке бөлінеді. А) иә; Ә) жоқ.
5. Сын есім мағынасына қарай екіге бөлінеді. А) иә; Ә) жоқ.
6. Сан есім заттың атын білдіреді. А) иә; Ә) жоқ.
7. Сан есім құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. А) иә; Ә) жоқ.
8. Сан есім мағынасына қарай 6-ға бөлінеді. А) иә; Ә) жоқ.

V. «Шөбере» ауылы (Графикалық диктант)

VI. «Шөпшек» ауылы. (Семантикалық картамен жұмыс)

Мысалдар/сөз таптары	Зат есім	Сын есім	Сан есім	Дара сан есім	Негізгі сан есім	Жалқы сан есім	Қатыстық сан есім
Бауыржан Момышұлы – халықтың мақтанышы.	+					+	
Ауылдың жаны <u>терең сай</u> , Тасыған өзен күрлідеп		+			+		
<u>Білікті</u> адам бірді, <u>білімді</u> адам мыңды жығады.		+					+
Селоның <u>100</u> адамы сарайға камалды.				+	+		
<u>1946 жылы 16 қазанда</u> атқыштар дивизиясы үлкен ерлік жасады.			+				

V. «Немене» ауылы. (Венн диаграммасы арқылы сабақты қорытындылау).

Зат есім	Сын есім
Айырмашылығы	Айырмашылығы
ұқсастығы	

Өткен сабақ бойынша білімдерін бекіту.

Бағалау.

Үйге тапсырма: Есім сөздерді пайдалана отырып «Менің отбасым» атты шығарма жазу.

БІР КҮН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙМІН

Мақсаты:	1. Білімділік: Оқушыларды қазақ тілінде емін-еркін сөйлеуге үйрету, тапсырмалар арқылы білімдерін жетілдіру, тілін жаттықтырып, сөздік қорын молайту. 2. Дамытушылық: Тапсырмалар арқылы есте сақтау, ауызекі сөйлеу, сын тұрғысынан ойлау, дағдыларын дамыту. 3. Тәрбиелік: Мемлекеттік тілін құрметтеуге, қазақ тілінің ерекшелігіне назар аудару, тәрбиелеу.		
Әдіс-тәсілдері:	Сыни тұрғысынан ойлау, диалогтік оқыту, дарынды және талантты балалармен жұмыс, оқытудағы жаңа тәсілдер, жас ерекшеліктері бойынша оқыту.		
Түрі:	Флеш моб.		
Типі:	Интербелсенді.		
Пәнаралық байланыс:	Сурет, орыс тілі, әдебиет, тарих.		
Дидактикалық қамтамасыз етілуі:	Хабарламалар, кара жәшік, сұрақтар, дана ағашы, алмалар, тапсырмалар, кеспе қағаздары, видео.		
Өлшемдік ойлау қабілеті:	7,8,9,10,11-сыныптар.		
Уақыт:	Сабақтың барысы:		
Бір күн бұрын	I. I. Хабарламамен жұмыс.	Мұғалімнің рөлі: Мұғалімдер бір күн бұрын флеш мобтың өткізілу уақыты мен өту барысы туралы хабарлама таратады.	Оқушының рөлі: Хабарламаны таратып, оқып шығады.
1 сабақтан соң 5 мин.	II. «Интеллект-туалды брейнинг» ойыны. Сын тұрғысынан оқыту. «Қара жәшікпен» жұмыс.	Мұғалім әр түрлі тақырыптар бойынша сұрақтарды құрап, жәшіктің ішіне салады. Оқушыларға ұсынады.	Оқушылар кез келген сұрақты таңдап жауап беруге тырысады, дұрыс жауап үшін жұлдызша алады.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың мақал-мәтелдер туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу дағдылары мен оқу, талдау машықтарын қалыптастыру; **тәрбиелік** – ана тілін ардақтап бағалай білуге, сөз қадірін терең ұғуға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ойлауын, ой дәлдігін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, түрлі амал-тәсілдер арқылы іздендіре отырып шығармашылыққа баулу. **Түрі:** шығармашылық ізденіс. **Көрнекілік:** проектор, кесте, тірек-сызба, суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, іздендіру. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, ағылшын тілі, бейнелеу, математика.

Психологиялық дайындық: (шаттық шеңберіне шақыру)

Мейірімді жүрекпен (жүректерін ұстайды)
Ақ пейілді тілекпен (қолдарын көкке көтереді)
Амандасып алайық (бір-бірінің қолдарын ұстайды)
Бір жадырап қалайық (бір-біріне қарап күлімдейді)
Еңбек етіп ерінбей,
Жақсы баға алайық! (бас бармақтарын көрсетеді)
Үй жұмысын сұрау:

«Ынта» тобы: 1) Тұрақты тіркес деген не? 2) Тұрақты тіркесті ғылым тілінде басқаша не деп атаймыз?

«Жігер тобы»: Суреттерге қарап, тұрақты тіркестер табу. (Қас, көз, құлақ, арасында; ит, күшік, сиыр, қиянда; бет, ауыз, мұрын, шықты; ай, жұлдыз, күн, туды.)

2 сабақтан соң 10 мин.	III. Еркін ой қозғау стратегиясы. бойынша жұмыс. «Даналық ағаш» ойыны.	Мұғалім оқушыларға сөйлемді аяқтауға ұсыныс береді. Ағаштың суреті салынып тұрады. Оқушыларға сөйлемнің басы жазылып беріледі: «Мемлекеттік тілді дамыту үшінкерек».	Оқушылар берілген алма стикерлерге өз ойын жазып, оқып шығып, ағашқа іледі. Белсенді және дұрыс жазған оқушыларға жұлдызша беріледі.
3 сабақтан соң 15 мин.	IV. «Қазақша сөйлесейік» Диалогты оқыту.	Мұғалім оқушыларға әр түрлі тақырыптар бойынша , оқушыларды жұптасып отырып, диалог құрауға ұсыныс жасайды.	Оқушылар жұптасып, тақырыпты тандап, тез арада диалог құрап, сөйлеседі. Ең белсенді және дұрыс құраған оқушыларға жұлдызша таратады.
4 сабақтан соң 10 мин.	V. «Шаттық шеңбері» ойынымен жұмыс. Сын тұрғысынан оқыту.	Мұғалім бір топ оқушыларын шеңбер түрінде тұрып, алақандарын жауып, бір-біріне жылы тілектерін айтқызады. Ойын шарты бойынша тілектер айтылып болған соң хормен сөз, сөз тіркестері мен сөйлемдерін айтқызады.	Оқушылар шеңбер түрінде тұрып, қолдымен ұстасып, бір-біріне, тілектер айтады. Одан кейін хормен қайталап айтады. Қатысқандар барлығы жұлдызшаларын алады.
5 сабақтан соң 10 мин.	VI. «Полиглот» ойыны. Дарынды балалармен жұмыс. Қорыту кезеңі: Бағалау.	Мұғалім оқушыға орыс тілінде сөз ұсынады, оқушы қазақ, ағылшын және басқа тілдерге аударуы қажет. Мұғалім бір күн бойы өткен барлық тақырыптарды қорыта келе, рефлексия өткізеді. Өткізілген жұмыстарына баға береді.	Оқушылар өз қалауы бойынша сөз тандап, бірнеше тілге аударып, полиглот атағын алып, жұлдызша жинайды. Оқушылар тыңдап, өз ойларын қосады. Флешмобтың ұнағандығы не ұнамағандығы жайлы стикерлер жапсырады.


1. Қас пен көздің арасында – лезде, тез. 2. Ит арқасы қиянда – алыс. 3. Бетінен оты шықты – ұялу. 4. Айы оңынан туды – жолы болды.

«Дарын» тобы. Кестені толтыру.

Тұрақты тіркестер	Мағына	Сұрақтар
Тілі шығу	Сөйлеу	Не істеу?
Ит өлген жер
.....	Қуану
.....	Қандай?
Таяқ тастам
.....	Өкіну
Қоян жүрек

Жаңа сабақ: Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын мына сөзжұмбақты шешу арқылы анықтайтын боламыз. Қызығушылықтарын ояту.

Сөзжұмбақ



1. Жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер. 2. Заттың атын білдіретін сөз табы. 3. Жылқы пірі. 4. Адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін сөздер. 5. Қыстың бірінші айы. 6. Балаға ең қымбат – . 7. Білім беретін мекеме. 8. Бірнеше сөйлемнен құралып негізгі ойды білдіреді. 9. Көркемдеп суреттеуде затты не құбылысты екінші затпен немесе құбылыспен салыстырып бейнелеу. 10. Сиыр пірі. 11. Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыратын сөз табы.

Қандай сөз шықты? (Мақал-мәтел)

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Мақал-мәтел» екен. Мақсатын оқушылар айтады.

Топтағы оқушылар сабақты постер арқылы түсіндіріп қорғайды.

I кезең. «Білім инемен құдық қазғандай».

III деңгей. Графикалық диктант.

II деңгей. Сөздердің баламаларын тұрақты тіркеспен жаз.

Хабарласпау – Ат ізін салмау. Жуас – Қой аузынан шөп алмас. Ренжісті – Қырғи қабақ болу. Әдемі – Үріп ауызға салғандай. Қуану – Екі езуі құлағына жету. Жек көру – Ала көзімен ату. Ұялу – Жер болу. Сөйлемей – Жұмған аузын ашпау. Ашушаң – Көк айыл. Қатігез – Тасжүрек.

I деңгей. Мақал-мәтелді толықтыру, екі тілге аудару.

1. Туған жерге ... тік. (туың-флаг-flag). 2.... жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар. (дос-друг-friend). 3. Өнер алды ... тіл. (кызыл-красный-red). 4.... жігіт жол бастар. (батыр-герой-hero). 5.... кепілі – тазалық. (денсаулық-здоровье-health).

Сергіту сәті.

II кезең. «Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – жанып жатқан шырақ».

III деңгей. Сөз құрамына талдау. *Елбасымызды, оқушыларыңызбен.*

II деңгей. Фонетикалық талдау. *Мұғалім, әліпте.*

I деңгей. Сатылай кешенді зат есімге морфологиялық талдау. *Алатау, балалық.*

III кезең. «Сөз асылы – мақал».

III деңгей. Семантикалық картаны толтыру.

	Мақал	Мәтел	Табу	Тұрақты тіркес	Эвфемизм	Дисфемизм
Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.						
Сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен.						
Дәукеннің баласы ұры, өсекші, боқмұрын.						
Кәрі түлкі қақпанға түспес.						

Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп.						
Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады.						
Алдар көсе байларды алдау мақсатында өз жанынан қосып айтады.						
Аудан мен ауылдың арасы таяқ тастам жер.						

II деңгей. Ең қысқа мақал-мәтелдерді тауып жаз.

I деңгей. Туған жердің табиғатын мақал-мәтелдер қолдану арқылы сипаттау. Шағын шығарма жазу.

IV кезең. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп»

III деңгей. Суретке байланысты мақал-мәтелдер айту.

А) Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар.
 Ә) Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады. Б) Бала тәрбиесі – бесікте. В) Ата – бәйтерек, бала – жапырақ. В) Бала тілі – бал.
 Г) Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі. Д) Еңбектің наны – тәтті, жалқаудың жаны – тәтті. Ж) Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы. Е) Бұлақ көрсең – көзін аш.

II деңгей. Әр топқа тақырып беріледі. Тақырыпқа байланысты мақал-мәтел жазу.

I топ – Ата-ана. II топ – Отан. III топ – Дос.

I деңгей. Ұсынылған мәтіндер мазмұнына мақал-мәтел жазу, жоспар құру.

I-мәтін. Мақпал әжей қолындағы жүгін ауырсынды ма, сәл жүріп барады да тоқтайды.

Сөйтеді де маңдайының терін жаулығының ұшымен сүртеді.

Мұны көрген Марат: - Болат, жүр, әжейдің заттарын үйіне апарып тастайық, - деді.

- Қойшы, ойнаймын, - деп Болат кетіп қалды. Марат әжейдің қасына келді де, жүктерін көтеруге көмектесті. Ауыл шетіндегі үйге жеткенде әжей: - Балам, өркенің өссін, азамат бол! – деп алғысын айтты, екі алманы қолына ұстатты.

- Бұл еңбегің үшін, ала ғой, қалқам, біреуін әлгі жолдасына берерсің, - деді әжей. (Сыйласаң сый көрерсің), (Үлкенге құрмет, кішіге ізет)

2-мәтін. Сен оны құрметте.

Айдар әкесімен бірге есік алдында тұрған. Балдаққа сүйенген бір адам өтіп бара жатып, кенеттен сүрініп жығылды. Оны көрген Айдар сықылықтап күліп жіберді. Айдардың әкесі күлген жоқ. Жығылған кісіге жүгіріп барды. Оны қолтығынан көтеріп тұрғызды. Анадаяй жерге ұшып кеткен балдағын әкеліп берді. Балдақты кісі Айдардың әкесіне алғыс айтып, өз жолымен жүріп кетті. Әкесі қайта келіп, орындыққа отырды. Ол Айдарға қарады да: - Балам, жаңа неге күлдің? – деп сұрады.

- Жаңағы кісінің кішкентай балаша жығылғанына күлдім, - деді Айдар. Әкесі Айдарға: - Оның не күлкісі бар? Ол Ұлы Отан соғысының мүгедегі, мұндай адамдарды, біздің барлық адамдар құрметтейді. Оларға жәрдем береді. Ал сен мүгедек адамға күлесің. Мұндай әдепсіздігіңді бұдан былай маған көрсетпе! Мүгедек адамдарды құрметте. Қолыңнан келген жақсылығыңды істе! – деді.

Айдар өзінің қылығына қатты ұялды.

- Әке, кешіріңіз! Мен білместік істедім. Бұдан былай ондай мінезден аулақ боламын! – деп кешірім сұрады.

3-мәтін. Нан – қасиетті тағам.

Нан – дастарқан құты. Нан – тоқтық, нан – байлық. Бірақ, осы асыл тағамның қасиетін кейбір балалар түсінбейді.

Бірде Сәкен мектептен келе жатыр еді. Сөмкесіндегі қатыңқырап қалған нанды алып, лақтырып тастады.

- Әй, балам-ай, нанның қадірін білмейсің. Мына біздер, бүкіл ауыл азаматтары, егінжайда астық үшін арпалысып жүрміз. Ал сендер, аппақ нанды үзіп-жұлып жеп, қалғанын жерге тастайсындар, - деді ренжіп әкесі. Ол үндемей келе жатты да: - Кешір, көке! – деп артқа қарай жүгіре жөнелді де, жаңағы тастаған нанын алып келді.

V кезең. Тест сұрақтары. Көршісімен ауыстырып тексеру.

1. Мақалды аяқтаңыз. Тау мен тасты ... бұзады, адамзатты сөз бұзады. А) Көңіл; В) Мұз; С) Ой; Д) Шөп; Е) Су.

2. Достық туралы мақалды табыңыз.

А) Өнерлінің өзегі талмас.

- В) Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас.
С) Отан оттан да ыстық. Д) Ұрлық түбі – қорлық.
Е) Ер дәулеті – еңбек.

3. Мақалдың жалғасын табыңыз.

Жеті жұртың тілін біл, Жеті түрлі

- А) елге құрмет; В) тіл біл; С) тас жарады;
Д) білім біл; Е) ұлт жоқ.

4. Білім кілті – тіл. Мәтелдің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- А) Знание – ключ к языку; В) Язык и знание – сила;
С) Знание – сила; Д) Люби и береги свой язык;
Е) Язык – ключ к знаниям.

5. Мақал-мәтелдерден антонимді табыңыз.

- А) Еңбек етсең емерсің.
В) Мың досың болса да аз, бір қасың болса да көп.
С) Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.
Д) Мектеп-кеме, білім-теңіз. Е) Оқу инемен құдық қазғандай.

VI кезең. Бағалау.

VII кезең. Үйге тапсырма: III деңгей. Үш мақалға ребус жасау. II деңгей. 130-жаттығу. I деңгей. Ойтолғау жазу. «Бірлік бар жерде – тірлік бар».



Ә.ГАЛЕЕВА,

Розовка жалпы орта білім беретін мектеп.

Павлодар облысы,

Павлодар ауданы.

МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен тақырыптарды қайталап, оқушылардың алған білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – оқушылардың ауызекі сөйлеу, есте сақтау

қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұқыптылыққа, ата-ананы сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Түрі:** нәтиже, қайталау сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет. **Көрнекіліктер:** АҚ слайдтар, кестелер, сызбалар, сөзжұмбақ, жетондар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сәлемдесу. 2. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

- Балалар, мен қазір қысқаша әңгіме оқимын, ал сендер мұқият тыңдандар.

Қолқанат

Сәкен ұқыпты болды. Үстін таза ұстайтын еді. Біз жетеуіміз. Сәкен бәрімізден үлкен. Жаздығүні ол бізден бұрын оянады да, үй шаруасына көмектеседі. Ол бізді бұлаққа алып барады. Мөлдір бұлақ басында жуынамыз. Сәкен әуелі кішкентай қарындастарымыз Рахима, Халима, Сәлималарды жуындырады. Олардың шапшатын тарап, өріп береді. Содан кейін барып, өзі жуынады. Біздің күндегі әдетіміз- осы. Апамыз Сәкеннің маңдайынан сүйіп:

- Қолқанатым менің,-дейтін.

- Балалар, әңгіме кімнің отбасы туралы?

- Дұрыс, Сәкен Сейфуллиннің отбасы туралы.

- Ол кім?

- Ақын, жазушы, драматург.

- Ал, ендеше, балалар, бүгінгі біздің тақырыбымыз қалай аталады деп ойлайсыңдар? Дұрыс, «Менің отбасым». Нәтиже сабақ. Өйткені осы тарауда өтілген тақырыптарды қайталап, әр түрлі тапсырмалар орындау арқылы пысықтаймыз.

Сабақтың грамматикалық тақырыбы: Көптік, жіктік, тәуелдік жалғаулары.

- Балалар, қазақ тілінде неше жалғау бар?

- Қазақ тілінде төрт жалғау бар: жіктік, көптік, тәуелдік, септік.

- Ал септік жалғауымен біз келесі сабақтан бастап танысамыз. Балалар, сабағымызды бастамас бұрын, біз үш топқа бөлініп отырайық. Әр топтың оқушылары, яғни сендер, өз топтарыңа ат қоюларың керек. Сендерге сондай үй тапсырмасы берілген еді.

- Ал бірінші топ қалай аталады?

- Неге олай атадыңдар?

- Ал екінші, үшінші топтар қалай аталады?

Сөздік жұмысы. Сұраққа жақсы жауап берген топтың оқушылары жетондарға ие болады.

II. Мотивация кезеңі.

- Балалар, біз бүгінгі сабағымызда сендердің отбасыларыңа қонаққа барамыз. Ал оны қалай істейміз? Сендер өз отбасы мүшелеріңнің суреттерін алып келдіңдер. Сол суреттер бойынша біз сендердің әңгімелеріңді тындап, үйлеріңдегі кісілермен танысамыз. Міне, менің қонаққа барамыз дегенім сол. Енді, балалар, назарларыңды мына тақтаға аударыңдар.

Тақтада әр оқушының суреттері слайд бойынша тізілген. Оқушылар бір-бірден тақтаға шығып, өзінің отбасы туралы әңгімелеп береді. Мұғалім әр оқушыға бір-екі сұрақ қояды.

- Сен қай ауылда тұрасың?

- Сенің әжең, атаң бар ма?

- Олар қайда тұрады? т.б.

- Міне, балалар, біз сендердің үйлеріңде қонақта болдық.

Мен біраз шаршадым. Ал сендер ше? Енді демалсақ қайтеді?

III. Сергіту сәті. Сергіту жаттығулары.

Тік ұста бойыңды,

Жоғары соз қолыңды.

Тағы да соз жоғары,

Жеткіз жираф бойына.

1, 2, 3, 4, 5. Қандай жақсы кез,

Қолымызды көтеріп,

Саусақтарға қарайық.

Қолымызды кең жайып,

Қайта алға қояйық!

1. «Ойна да ойла»- дегендей қазір үш топтың оқушылары «Отбасы» сөзжұмбағын шешеді. (1 минут уақыт беріледі). Қай топтың оқушылары бірінші болып жауабын дұрыс жазса, сол топтың оқушылары бірінші орынға ие болады.

2. Ал, келесі ойынымыз «Кім көп сөз табады?» деп аталады. Ойынның шарты: Шеңберді айнала әріптер жазылған. Сол әріптермен сөздер құрастыру керек. Сағаттың тіліндей әріптерді оңға да, солға да қолдануға болады. Тек «А» әрпі мен «і» әрпін екі рет қолдануға болады.

Сол сөздердің ішінде отбасына байланысты қандай сөздер бар?

Бұл ойынға екі минут уақыт беріледі.

- Балалар, мен сендерге келесі сабаққа отбасына байланысты өлең, тақпақ немесе жұмбақ дайындап келіңдер деген едім. Сол тапсырманы орындадыңдар ма?

Егор мен Саша қазір сендерге өздері дайындап келген жұмбақ өлеңдерін айтып береді.

1. Жұмбақты шеш.

Маған да, саған да,
Жақын туыс бес адам.

Үш әріптен тұратын,

Оңға оқы, солға оқы

Өзгермейді еш одан.

Бәрі де өз жұрағатың,

Айтады кәне, кім атын?

(А..а, а..а, а...а, а..а, і..і).

2. **Кел, санайық.**

Үйде нешеу екенбіз?

Кел, санайық екеуміз.

Бас бармағым-әкем,

Балаң-үйрек-апам,

Орган терек-ағам,

Шылдыр шүмек- мен,

Кішкене бөбек-сен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

IV. Сабақты пысықтау.

- Балалар, біз бүгін лексикалық тақырыптарды қайталадық, ал енді грамматикалық тақырыптарды да қайталайық. Көптік жалғауының ережесін кім айтады? (Оқушы айтып болған соң тақтада кесте пайда болады). Жіктік жалғауы мен тәуелдік жалғауының ережесін де оқушылар мысалдар келтіру арқылы айтып береді. Сонан соң осы үш тақырып бойынша үш топқа кәртішкелер беріледі.

1. *Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғаңдар.*
2. *Ағаш, сағат, үй, гүл, адам, кітап, дәптер, қағаз, қалам.*
3. *«Суретші» сөзін жекеше түрде жіктеңдер.*
4. *«Ауылым» сөзін жекеше түрде тәуелдеңдер.*

- Балалар, Алена мен Славаның тапсырмаларын тыңдайық.

А) Алена 44-беттегі 1-тапсырмаға қарап, өз әңгімесін құрастыруы керек.

Ә) Слава 46-беттегі 4-тапсырмаға қарап, үлгі бойынша диалог құрастыру керек.

Оқушылар бұл тапсырмаларды дәптерлеріне жазады.

V. Қорытынды. Бағалау.

-Балалар, бүгін біз сабақта «Менің отбасым» тарауы бойынша тақырыптарды қайталап, әр түрлі тапсырмаларды орындадық. Бұл сабақта сендер өз отбасыларыңды сыйлап, ата-аналарыңды құрметтеп, оларға көмектесетіндеріңді айттыңдар. Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Оқушылар өз пікірлерін айтады.

Сонан соң үш топ оқушыларына ақ парақ таратылады. Ол параққа әр топтың басшысы өз тобындағы оқушыларға бағалар қояды. Соңында мұғалім қойылған бағаларды талқылап, өз бағасын айтады.

VI. Үй жұмысы: 1. Көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларын қайталау. 2. «Менің анам» әңгімесін дайындау.

Г.НАУХАНҚЫЗЫ,
№7 орта мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

АСЫРМАЛЫ ШЫРАЙ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – көктем мезгілі және сын есімнің шырайлары туралы алған білімдерін пысықтап, толықтыру. Асырмалы шырайдың жасалу жолдарын білу, сөйлемде дұрыс пайдалана білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, шығармашылық дағдыларын арттыру. Тіл байлығын, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – табиғатты сүйе білуге, әдемілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» әдісінің бірнеше элементтері (ой қозғау, кластер, венн диаграммасы, семантикалық карта, топтастыру) сұрақ-жауап, диалог, топтық жұмыс, мәтінмен жұмыс, салыстыру. **Көрнекілігі:** кесте, интербелсенді тақта, слайдтар, алма ағашының суреті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Сәлемдесу; б) Психологиялық дайындық.

- Балалар, біз бүгінгі сабағымызды да әдеттегідей тренингтен бастаймыз. Ол үшін ортаға шығып, шеңбер құрайық.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Ой қозғау.

- Балалар, мен сендерге жұмбақ айтамын, ал сендер шешуін табыңдар. Егер де шеше алсаңдар сабақтың тақырыбын білеміз.

Қар еріп, су ағады,

Сарқырап сайға толады.

Күн ұзарып, жылиды,

Бұл қай кезде болады? (көктем)

- Жарайсындар, балалар!
- Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Көктем. **Асырмалы шырай** (слайд)

III. Жаңа сабақ (слайд)

а) Сабақтың мақсатын айту.

ә) Дәптерлеріне жаздыру.


б) Топқа бөлу.

- Енді әрі қарай бүгінгі жаңа тақырыбымыз бойынша тапсырмаларды топқа бөлініп орындаймыз. Ол үшін мына жердегі гүлдерден өздеріне ұнағанын қалап алындар. Бәйшешек гүлін тандаған оқушылар «Бәйшешек» тобы, қызғалдақ гүлін тандағандар «Қызғалдақ» тобы болады.

1. Топтастыру. Флипчарт

Көктем дегенде сендердің ойларыңа не келеді?

Балалар өз ойларын айтып, интербелсенді тақтаға жазады.



2. Өлең оқу.

- Жарайсындар, балалар, ал көктем туралы қандай өлеңдер білесіңдер?

Абай Құнанбайұлының «Жазғытұры», «Көктем» өлеңдері оқылады. **3. Сөздік жұмысы. Тыңдалым.**

1) Жаңа сөздерді мұғалім оқиды. 2) Хормен оқу. 3) 1-2 оқушыға оқыту. 4) Сөз тіркесін, сөйлем құрғызу.

Асыға – с нетерпением; меруертгүл – ландыш; жан бітеді – оживляются; төлдейді – дают приплод; ұйықтайтын – спящие; оянады – просыпаются.

4. Мәтінмен жұмыс. Оқылым (Мәтінді мұғалім оқиды, содан кейін оқушылар тізбектеп оқиды).

Көктем

Көктем - жылдың төрт мезгілінің бірі. Біз көктемді асыға күтеміз. Көктемде күн жылынады. Қар, мұз еріп, күн ұзарады. Ағаштар бүршік атады. Құстар жылы жақтан ұшып келіп, ұя салады. Көктемде мал төлдейді. Егіс жұмысы басталады. **Жас** ағаштар отырғызылады. Көктемнің бәйшешек, қызғалдақ, меруертгүл гүлдері **қызыл, сары** гүл ашады. Жәндіктерге жан бітеді. Қыста ұйықтайтын аңдар оянады.


5. - Балалар, мәтін бойынша екі топ бір-біріне 3-4 сұрақтан қояды.

- «Бәйшешек» тобы «Қызғалдақ» тобына сұрақ қояды, ал «Қызғалдақ» тобы «Бәйшешек» тобына (Жауабын оқушылар бағдаршам түстерімен бағалайды).

6. Сын есімді қайталайық: Сын есім дегеніміз не? Сын есім қандай сұраққа жауап береді? Сын есімнің қандай түрлерін білесіңдер? Сын есімнің қандай шырайлары болады? Сын есімнің күшейтпелі шырайы қалай жасалады? Салыстырмалы шырай қалай жасалады?

7. Асырмалы шырайдың ережесін түсіндіру.

- Балалар, енді сын есімнің асырмалы шырайымен танысамыз. (Слайд)



8. - Енді, мәтіннен сын есімді табайық. Сын есімдерден асырмалы шырай жасаңдар. (Әр топтан оқушы шығып, сын есімнің шырайларын жасап, бір сөйлем құрады.)

Activstudiomen жұмыс.

9. Флипчарт бетіндегі сын есімдерді шырай түрлерінде жазу.

- Балалар, келесі тапсырманы интербелсенді тақта арқылы орындаймыз. Сын есімнің қай шырайына жататынын «қосу» белгісімен белгілейміз.

Сын есім. Жай шырай. Салыстырмалы шырай. Күшейтпелі шырай. Асырмалы шырай.

1. Төзімділеу. 2. Ақылды. 3. Әп-әдемі. 4. Ең терең. 5. Ұзақ. 6. Ластау. 7. Ап-арық. 8. Тым жалқау. 9. Ыңғайлырақ. 10. Аса жүйрік. 11. Топ-толық. 12. Дәмдірек.

IV. Сергіту сәті.

10. Шығармашылық жұмыс.

- Балалар, қазір екі топқа өлең беремін. Сол өлеңді оқып, бір-біріңмен ақылдасып, **мазмұны бойынша** сурет салыңдар. 5 минут уақыт беріледі, **содан кейін ол суретті қорғайсыңдар**.

- Ал енді өз суреттеріңді көрсетіп, қорғайық. Не бейнеледіңдер? Жұмыстарыңды қалай атадыңдар?

11. Ертегі «Көктем сыры». (слайд)

- Жарайсыңдар. Жұмыстарың әдемі шықты.

Енді, балалар, «Көктем сыры» атты ертегіні тамашалайық. (Көрініс қою)

Жүргізуші: - Ерте, ерте, ертеде аң патшалығы болыпты. Аң патшасы – арыстан серуендеп келіп, жолбарысқа: - «Жар салдыр. Аң біткен жиналсын»,- депті.

Жолбарыс: - Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Аң патшасы – арыстан баршаңызды өзінің сарайына шақырып жатыр. Тез жиналыңыздар.

Жүргізуші: - Сарайдың жанына аң біткен топырлап толып кетті.

Арыстан: - Бәріңе бір сұрақ беремін. Көктем сәні неден?

Қасқыр: - «Гүл, тақсыр»,- деді Қасқыр. «Жасыл желек»,- деді Ит. «Мөлдір су»,- деді Қоян. «Нөсер»,- деді Тиін. «Ашық аспан»,- деді түлкі. «Салқын самал»,- деді Бұғы. «Еңбек»,- деді Піл. «Шаттық»,- деді Елік. «Күлкі»,- деді Борсық.

- «Сен неге үндемейсің?»- деді арыстан Бұлғынға қадала.

- «Тақсыр, мен айтатын ештеңе қалған жоқ. Меңінше, көктем сәні- осы айтылғандардың бәрі. Солардың бәрін қоссақ, көктемнің сәні шығады».

Бұлғынның сөзіне бәрі қол соғып, риза болды. Аңдар көңілді тарапты.

V. Сабақты бекіту:

12. Ой толғау.

- Сабағымызды қорытындылай келе Венн диаграммасы бойынша жұмыстанамыз. Қазір біз қыс мезгілі мен көктем мезгілін салыстырамыз.

13. Сұрақ- жауап: -Бүгінгі сабағымыз не туралы? -Көктем қандай жыл мезгілі? - Қандай көктемгі мерекелерді білесіңдер?

8-наурыз –Халықаралық әйелдер күні. Бұл күні аналарды, әжелерді, қыздарды құттықтаймыз.

22-наурыз – Наурыз мерекесі. Наурыз мерекесі – жыл басы, күн мен түннің теңелетін күні. Ұлыстың ұлы күні.

1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Биыл Қазақстан халқы «Қазақстан халықтарының ассамблеясының» 20 жылдығын тойлауда.

9-мамыр –Жеңіс күні. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл 70 жылдығы тойланады.

7-мамыр –Отан қорғаушылар күні. Бұл мереке Отанымызды қорғайтын азаматтардың мерекесі.

Сын есімнің неше шырайы бар? Асырмалы шырай қалай жасалады?

VI. Қорытынды.

Рефлексия: - Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар? Сізге не ұнады? Өздеріңнің ойларыңды мына стикерлерге жазып, оқып, содан кейін Алма ағашына барып жабыстырыңдар.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: «Көктем» туралы әңгімелеу, жаңа сөздерді жаттау. Асырмалы шырайы туралы ереже жаттау, 5 сөйлем құру.

**Ж.ЖҰЛҚАШЕВА,
А.НАЛИЕВА,
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы
орта білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.**

ӨМІРІ ӨТКЕН КҮНДЕ, ӨЛЕҢІ БІЗБЕН БІРГЕ

Мұғалім: - Сәлеметсіз бе, құрметті қонақтар, балалар. Бүгін біздер – өлкеміздің мақтанышы, Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның «Халық жазушысы», ақын Қадыр Мырза Әлінің 80 жасқа толуына орай «Өмірі өткен күнде, өлеңі бізбен бірге» тақырыбында әдеби-сазды кеш өткізгелі отырмыз.

Шарамыздың мақсаты: Жас ұрпақтың Отанына деген мақтаныш сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу; Ақынның шығармашылығын насихаттау арқылы кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру; Оқушылардың көркем шығарманы мәнерлеп оқу қабілетін дамыту.

Шарамызды талантты жерлес ақынның сөзіне жазылған «Өз елім» әнімен ашуға рұқсат етіңіздер.

Алдарыңызда 11-сынып оқушысы Көптелова Алина.

«Өз елім». Сөзін жазған: Қадыр Мырза Әлі, әнін жазған: Нұрғиса Тілендиев.

2. Шараның өту барысы:

Сөз кезегін жүргізушілерге береміз. Айым, Айжан, сөз өзіңізде.

Айжан: - Сөзің – семсер, ойың орда бұзады,
Өзің едің өлең-жырдың қыраны.
Кітабыңды көрген сәтте сөреден
Желкілдеді көңілімнің құрағы.

Айым: - Көкпарыңды сиясы әлі кеппеген
Оқымақ боп қолыма алдым еппенен,

Оқығанда атойлаған жырыңды,
Жүзім жылып, болып кетті от денем.

Айжан: - Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының алғашқы Әнұраны мәтінінің авторларының бірі, ақын, жазушы, публицист, сыншы, драматург Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығына арналған «Өмірі өткен күнде, өлеңі бізбен бірге...» атты әдеби-сазды кешке қош келдіңіздер!

Презентация арқылы ақынның өмір жолына шолу.

Айым: - «Қадырды білмейтін қазақ әсте жоқ. Қадырды әріп танымаған бүлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі. Өзін білмесе де, сөзін біледі.» Шынында да Қадыр Мырза Әлі өмір бойы қолынан жүйрік қаламы түспеген үлкен дарын, үлкен талант иесі.

Айжан: - Ақын 1935 жылы 15 қаңтарда Жымпиты топырағында дүниеге келген. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын балалар журналы «Балдырғаннан» бастайды.

«Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған.

Айым: - Шығармашылығы мектеп қабырғасында жүргенде басталады. Тұңғыш өлеңі 1954 жылы республикалық «Пионер» журналында басылып шықты. «Көктем» атты тұңғыш жинағы 1959 жылы жарық көрді. Содан бергі уақыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мектеп оқулықтарына енді.

Айжан: - Ақынның «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене Қожанасырлар» (1961), «Данышпан» (1961), «Ноян-қоян» (1962), «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964) атты кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Ой орманы» (1965), «Дала дидары» (1966), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1971), «Көш» (1973), «Жерұйық» (1976), «Алақан» (1977), тағы

басқа көптеген жыр жинақтарында нәзік лирикалық сезімді терең философиялық ой-толғаныстарымен шебер ұштастырған.

Айым: - Ақынның «Атамекен», «Өз елім», «Жылдар-ай», «Дала», «Қазақстан», «Жер-ана», «Ару қала Алматы», «Жеңіс жыры», тағы басқа 200-дей өлеңіне ән жазылып, 1984 жылы «Күндер-ай» деген атпен жеке жинақ болып шықты.

Айжан: - Оның сөзіне Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев, Әсет Бейсеуов, Сейдолла Бәйтерекөв сияқты белгілі сазгерлер ән жазды. Ақын сөзіне жазылған әндерді орындаушылар да аз емес. Олардың қатарында: Қарақат Әбділдина, «Музарт» тобы, Бақыт Шадаева, тағы басқа көптеген атақты әншілер.

Айым: - Драматургияда Алдар көсе туралы «Сақалдың саудасы» атты сатиралық комедия мен Махамбеттің соңғы күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты драмасын жазды. Соңғы шығармасы үшін 1997 жылы Махамбет атындағы сыйлыққа ие болды. Бірнеше пьесасы республика театрларының репертуарына еніп, сахнада қойылған.

Айжан: - Ақын өлеңдері ағылшын, француз, неміс, болгар, венгір, фин тілдеріне аударылған. Ал өзі әлем әдебиетінен Овийдің, Румидің, Гейненің, Гюгоның, Лермонтовтың, Есениннің, Расул Гамзатовтың, Межелайтстің, Петифийдің жырларын қазақ тіліне аударған.

Айым: - 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын иеленді. 2005 жылы «Парасат», 2010 жылы I дәрежелі «Достық» ордендерімен марапатталды.

Айжан: - Елімізде талантты ақынды еске алу кештері, Қадыр оқулары жиі өтіп тұрады. Біздің мектеп оқушылары да осы іспеттес шараларға белсене қатысуда. Көптеген мұражайлар мен ескерткіштер бар, көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Алдарыңызда мектеп кітапханасындағы ақын кітаптарының көрмесі. Міне, бүгін де біз жерлес ақынымыздың шығармашылығын еске түсіріп, сөз кезегін Қадыр атамның өлеңдеріне берейік.

Айым: - Ақындық өнер – өнер біткеннің алды екендігіне сөз жоқ. Шын талант үшін ақындық-өнер емес, өмір. Заманның қилы қияндарында өмірі өлеңіне, өлеңі өміріне айналған талант тағдыры ғана талайлы болмақ. Мұндай талант үшін өлеңсіз өмір жоқ. Қадыр Мырза Әлі өмірі өлеңді, өлеңі өмірлі талант.

Айжан: - Қадыр Мырза Әлі поэзиясы сан қырлы. Ақылды, адал еңбекті, пәк махаббатты, биік адамгершілікті, Отан, дәуір, халық, қазақы мінезді, елге, жерге деген сүйіспеншілікті жырларына арқау еткен.

Алдарыңызда 6 сынып оқушысы Өтепқалиев Нұржан «Өмірбаян орнына».

Айым: - Туған елден бастапсың-ау жыр басын
Туған жырың сыр айтысар сырласың.
Мен неліктен іркілемін жырламай,
Асқар таудай алдымда сіз тұрғасын.

Айжан: - От ішінде, өрт ішінде жүргенде,
Басыңды име, тізе бүкпе, именбе!
Ер еңкейсе, еңкейеді жалғыз-ақ
Туған жердің топырағын сүйгенде.

Айым: - Біздің халқымыздың Атамекенін ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту-қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Туған жер дегенде қаны қызбайтын, жүрегі елжіремейтін адам баласы бола қоймас. Олай болса ақынның туған жер тақырыбындағы поэзиясына кезек береміз.

6-сынып оқушысы Жеңісова Зарина «Қамыстыкөл», 8-сынып оқушысы Лигновская Анастасия «Отан туралы толғау» өлеңдерін оқиды.

Айжан: - Қадыр – ұлтын шексіз сүйген ақын. Оның «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» атты өлеңі ұлтына, қазағына деген мақтаныш сезімге толы.

Ортамызға 11-сынып оқушысы Жәрдемова Айымды шақырамыз. Қарсы алыңыздар! 6-сынып оқушысы Құжасова Дильназ «Іргетас», 7-сынып оқушысы Манджари Элина, «Бір бұтақтың алмасы», 8-сынып оқушысы Донскова Евгения «Пушкин және дала» өлеңдерін оқиды.

Айым: - Ақынның әр өлеңін оқыған сайын қанаттанасың, рухтанасың, жігерленесің. Бірде бала, бірде дана боласың, сүйсінесің, тамсанасың, күй тартқандай боласың, халқымыздың бүкіл болмысы көз алдыға келеді. Басыңнан бақайшығыңа дейін ұлттық асыл қасиеттерімен, құндылықтарымен қаруланасың.

Айжан: - Қадыр музасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар. Қадыр лирасының сыңғыры бөлек, сыры терең.

Айым: - Ұнатамын халық әнін сарынды,
Биіктеткен ой-санамды, арымды.
Ізгілікті әндерінен Қадырдың
Парасаттың шұғыласы тарады.

Алдымызға «Асыл әже» әнімен II-сынып оқушысы Жасұланова Айжанды шақырамыз. 6-сынып оқушысы Набокина Виктория. «Әке». 4-сынып оқушысы Нариманова Айлана. «Ағасы мен інісі».

Айжан: - Махаббат тақырыбы-қай халықтың да есігіне еніп, терезесінен жарық болып түскен ортақ тақырып. Ал қазақтың Қадыры үшін ешқашан тақырыбын жоймас мәңгі тақырып. Оның қай кітабын алсаң да, «махаббат» деген ұғымын танығандай боласың.

Айым: - Қос қарашық мені көріп жанбаса,
Бақыт деген бақыт емес, далбаса.
Өмірді шын сүйем деген өтірік,
Өле сүйген бір адамың болмаса.

Айжан: - Жүрегіңе мен де ие, мен де ие,
Махаббатпен ойнама, ол киелі!

Ғашықтықтың азабын тартқан жанды

Қатарына қосар ем әулиенің- деген ақын қаламы қызға емес, өзіне ғашық қылғандай. Махаббат отына өртенгенін, суығына тонғанын батыл айтса да, байыптан аспаған. Ендігі кезекті махаббат тақырыбына береміз.

7- сынып оқушысы Мамедова Малейка. «Мың жұлдыз».

Айым: - Ақ Жайық өңірі қашанда ақынға да, азаматқа да ежелден кенде болмаған. Әр ақыны мен азаматының өз биігі

бар. Солардың ішінде Қадыр Мырза Әлі- ақындық жағынан да, азаматтық жағынан да ел тарихында биіктен көрінген, халқының сый-құрметіне бөленген қайраткер.

Айжан: - Қадыр шығармашылығы қазақ поэзиясында ерекшеленіп, ғасырдан ғасырға тарих көшімен бірге ілесіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, мәңгі жасай бермек.

3-сынып оқушысы Хамидолла Ажар. «Уақыт туралы уақытында айтылған әңгіме».

Айым: - Уақыт-ай,
Өтініш те, наз да менен-
Қалаймын өзгергенін аздап әлем.
Ақынсың:
Күнге нұрмен,
Көкке бұлтпен,
Жапанға жаңбырменен жазған өлең.

Айжан: - Ендеше, өзі айтқан күн нұрсыз, көк бұлтсыз, жапан жаңбырсыз болуы мүмкін емес десек, төл әдебиетіміздің, қазақ поэзиясының Қадыр Мырза Әлісіз болуы да мүмкін емес. Өйткені ол-адамзат ойшылдары қатарында саналатын алып тұлға, жыр әлемінде суырылып алға шыққан дарабоз ұлы ақын!

Айым: - Сондықтан да Қадырдың өлең жолдарын кітап окитын қазақ жатқа айтады, жадында ұстайды. Қадыр атамыздың жырлары елімізбен бірге жасай берсін дей отырып, бүгінгі кешімізді ақынның сөзіне жазылған «Атамекен» әнімен аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Айжан: - Тамылжыған сыршыл әннен сан қилы
Кең даламның жұпар иісі аңқиды.
Қуат алам сырға толы әуеннен
Жан дүниеге шуақ төккен әуелден.

Айым: - «Атамекен». Сөзін жазған: Қадыр Мырза Әлі, әнін жазған Ескендір Хасанғалиев.

(Әдеби-сазды кешке қатысушы оқушылар, мұғалімдер және қонақтар бірге «Атамекен» әнін орындайды.)

А.АЙШИКОВА,
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 8-СЫНЫПҚА **АРНАЛҒАН НӘТИЖЕ САБАҚ** **ТАПСЫРМАЛАРЫ**

(Жалғасы. Басы өткен санда)

6-МОДУЛЬ. Табиғат.

Автобус Бурабай көлінің шығыс жиегін жағалай Шортанды қаласына қарай даңғыл жолмен зырғып келеді. Ауыл үйлері бірінен соң бірі қалып жатыр. Көк жалын түсті тоқымалы буалдыр нұрына малынған ағаштардың тасасынан көл жарқырай түсуде. Бағанағы оңтүстік – батыс жақтағы жасыл жиек ашылған шымылдықтың бірте – бірте созылып, Бурабайдың батыс жағын орай дөңгеленіп келеді.

Міне, көл аумағы түгел көрініп, алақанның аясындай дөп – дөңгелек болып, мөлдіреп жатыр. Қолмен әдемі орнатқан зәулім мұнарадай көкке шаншылып, батыс жақ жағада, бұрай жолды Көкшеге иек артып, Оқжетпес шыңы көлге төніп тұр. Біріне – бірі көрік беріп, жараса қабысқан мөлдір көл, айналадағы жасыл тау, жасыл дала көкжиекпен ұштасып жатқан көк теңіз сияқтанады да, Оқжетпес сол теңіз ортасындағы жартастай көрінеді.

ІІІ деңгей. Бурабай көліндегі Оқжетпес шыңы қалай суреттелген? Ілік септігінде тұрған зат есімдерді теріп жазып, сөз тіркестерін құраңдар.

ІІ деңгей. Мәтіннің негізгі мазмұнын ашатын эпизодтарды табыңдар. Мәтінге жоспар құрап, әңгімелендер.

І деңгей. Әдебиеттерден Бурабай туралы қосымша мәліметтерді жинақтап, реферат жазыңдар.

Таза бұлақ

Бұл бұлақтың қасына бір жолаушы келеді. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен. Айнала қалың ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын қазандай бір тасты қойыпты да, тасқа: - Ей, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол, - деп жазыпты.

Жолаушы бұлақтан шөлі қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көзі түседі.

Сонда жолаушы былай ойлайды: - Бұл жазылған сөз – ақыл сөз екен. Бұлақ күні – түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара – бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол – жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сөйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Бұдан мынадай ғибрат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланба, тоқталып қала ма, сөйтсең, ақырында сенде де үлкейіп, мұратына жетесің деген, деп білемін, - деп ойлайды жолаушы.

ІІІ деңгей. Сөйлемдерді аяқтаңдар. Бұлақтың суы - ... , Таста былай жазылыпты: «...». Бұл жазылған сөз - Бұдан мынадай ғибрат алуға болады: - ... , ... , Бұлақ дегеніміз не?

ІІ деңгей. 1. Мәтінге күрделі жоспар құрып, мазмұнын әңгімелендер. 2. Мәтіннен туынды зат есімді тауып, сөз құрамына қарай талдандар.

І деңгей. «Адал қызмет қыл, тоқталып қалма» деген сөз тіркестерін қалай түсінесіңдер? Өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

7-МОДУЛЬ. Сабаққа дайындық.

Қазақ тілі сабағында

Біз бүгін қазақ тілі сабағында мақал –мәтелдер туралы оқыдық. Мақал-мәтел туралы бұған дейін де білетінбіз. Бұл жолы да көр нәрсе үйрендік. Мақал-мәтелдер бізді ата-балаларымызбен жалғастырып жатқан көпір сияқты. Мақал-мәтелдер арқылы олардың өсиетін тыңдай аламыз. Олардың әрбірінен ата-бабамыздың бізге қалдырған баға жетпес тәрбиесін көре аламыз. Бір жағынан, мақал-мәтелдерді өмір сүру қағидалары десек те болады. Өйткені олардан керекті ақылдың бәрін таба аламыз, нені істеу керек, нені істемеу керек екенін білесің. Адам саған бағыт беріп отырады, демек мақал-мәтелдерді оқып үйренген адам өмірден өз жолын таба алады. Сондықтан «ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді» деген мақал осыған байланысты айтылған.

ІІІ деңгей. 1. Мәтінге сұрақтар құраңдар. 2. Мәтіндегі берілген мақал – мәтелді жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

ІІ деңгей. 1. Мәтінге жоспар құрап, әңгімелендер. 2. Білім, оқу туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер? Еске түсіріп, жазыңдар.

I деңгей. Сендердің сыныптарыңда «Қазақ тілі сабағы» қалай өтетіні туралы әңгімелеңдер.

8-МОДУЛЬ. E-mail пошта.

E-mail поштада қазақша сөйлесейік.

Хатқа бұрыннан бар файлды, ол не сызбалық кескін, дыбыс, мәтіндік құжат, мұрағат болсын, қоса салу қажет болған жағдайда Outlook Express бағдарламасында «тіркеу» батырмасын пайдалана аламыз.

Тіркеу батырмасын басқаннан кейін файлдарды таңдауға арналған сұхбат терезесі ашылады. Сен өзіңе қажетті файлды тауып, оны бөлектеп алып, «тіркеу» әмірінің батырмасын басуыңыз керек.

Осы файлдың атауы «біріктіру» жолында көрініс табады. Тіркеу жетесі кез келген пішімді жөнелтуді қамтамасыз ете алады. Әдетте әрбір пошта жәшігінде тіркелген файлдар көлемі бойынша белгілі бір шектеулер бар.

III деңгей. 1. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындаңдар. 2. Мәтіндегі басқа тілден енген термин сөздерді теріп жазандар.

II деңгей. 1. Хаттарды файлдарға тіркеу туралы рет-ретімен айтып беріңдер. 2. Сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар. Файл, батырма, жөнелту, тіркеу.

I деңгей. Жоғарыда берілген мәтін бойынша хаттарға файлдарды тіркеу туралы айтып беріңдер.

9-МОДУЛЬ. Ауылдағы көмек.

Халық дастарқанынан үзілмей келе жатқан қасиетті әрі қастерлейтін сыйлы тағамы – сары май. Оның тағамдық қуаты өте жоғары. Майсыз қазақ үйінің сәні де, дәмі де татымсыз көрініп тұрады. Әр отбасы алдымен май жинайды. Сүттен қаймақ, қаймақтан май шығады. Ауылға барғанда, әжеме май шайқауға көмектесемін. Әуелі қаймақты ыдысқа салып былғадым. Оған біраз уақыт кетті. Содан соң қаймақ туырылып, май түзіле бастады. Менің шайқаған майым өте дәмді болды, әжеме ұнады.

III деңгей. 1. Сұрақтарға жауап беріңдер. 2. Сабатқас құрмалас сөйлемді талдап, түрін анықтаңдар.

II деңгей. 1. Мәтін бойынша диалог құрап, өзара сөйлесіңдер. 2. Құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер. 3. Мәтіннен есімшелерді теріп жазыңдар.

I деңгей. Берілген мәтінді әрі қарай жалғастырыңдар.

Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл!

М.ЗЕЙНЕЛҚАНҚЫЗЫ,

Евразия технологиялық университеті.

АНА ДЕГЕН – АЛТЫН ҚАЗЫҚ, АЛТЫН БАҚ!

«Біз отбасымызбен Джержинский ауылында тұрдық, әкенді ауылдас ретінде танитынмын»- деген әңгімесінен кейін, анамның көздері нұрланып, қайта өзін сол ауылда жүргендей сезініп, жас балаша қуанып қалды. Осы тақырып менің қызығушылығымды оятып, анамның өткен қызықты шақтарын сұрай бастағанымда «Әй, сен де қоймайды екенсің»- деп, реніш білдірген. Бұл – әрине, ренжіген кейпі емес, сағыныштың жетегінде қалып қалған сезімін айтуға ұялғаны. Бірақ, ойды ой қозғап, сауалымды қызықтыра түсуге тырыстым. Содан орындыққа жақсылап жайғасып, сөзін нақтылай, көтеріңкі дауысымен ары қарай жалғастырды:

«Жалпы менің нағашыларым Мәскеу қаласынан көшіп келген. Ал шешем Целиноградта туылған. Лепсі станциясынан 1962 жылы әке-шешем Джержинский ауылына көшіп барды. Ол кезде мен 12 жасар жеткіншек едім. Мен әкенді алғаш көргенімде оның аяғы ауырып, екі балдақпен жүретін. Одан біраз уақыт көрінбей кеткен еді. Өйткені ол Талғардағы санаторийде жатып емделіп шығыпты. 1966 жылы 20 жастағы жігіт еді. Әкең өте сұлу, бойшаң, өткір көзді, ат жақты, қыр мұрынды, толқын шашты, өткір тілді, жауырыны жерге тимейтін ауыл арасында палуанның өзі болатын»- деп, тамағын кенеп алып, орындықтың қаттылығы бата бастағаннан қипақтап, күн нұрына шағылысқан көзін қалқалап, ойынан жаңылысып қалды. Көктемнің әсем шуақты күні денені қыздырып, сүйсіндіріп барады.

Көзін қысыңқырап, қолына ұстаған ағаштың бұтасымен жерге белгісіз бір сызықтарды сала отырып, әңгімесін қайта бір арнамен толықтыра түсті:

«Он когда мне сделал предложение сказал: «Наши дети будут красивые и умные». Шутя говорил: «Қамшымен кішкене сабап

тұрамын сені» деп, арасында жымыып қояды. «Мы поженились и жили у брата. Это был 1969 год, 27 августа. Мы через месяц поехали к нему домой. У меня были странные ощущения, как будто жизнь перевернулась. Потому что я привыкла жить свободно, так как у них большая семья - три сестры и семь братьев»- деп, ұртын кішкене томпайтып, мұңайған кейіп танытты. Ия, мен анамды түсінуге тырыстым, өйткені қазақ отбасында бала-шаға көп болады. Ал, бұл кісі өзінің Митька деген ағасымен ғана өсті. «У них семья была большая и они разговаривали на родном языке. Я не могла разговаривать на казахском языке. Потом постепенно научилась. Детей было много. Было весело, шумно и радостно. В сентябре мы с мужем поступили в Капальское Ветеринарное училище. После окончания переехали в Алакольский район, где муж начал работать ветеринаром. А я работала в ветеринарной аптеке. У нас родилась девочка, которую мы назвали Айжан. Несмотря, на то что мы стали маленькой семьей мы все равно как дети играли с соседями в игру «Русская лапта». Соседи были чечены: Зайна, Зарган, Тахир, Зара. Было такое ощущение как будто детство продолжается»- деген шаттықтан елең ете түстім. Анама деген сүйіспеншілігім мен ынтықтығым осыдан кейін өршелеп, денемнен суық діріл шаншып өткендей сезімде болдым. Жанарымда қалғып тұрған жасты шығара алмай, анама мелшиіп қараған күйімде бір сәт үнсіздікте қалдым. Япырмай! Мен сондай сезімге қатты берілгенім жарамас. Анам ернін тістеп тағы үнсіздікке багты. Жеңіл күрсініп, сөзін толық аяқтамастан: «Я варила суп и борщ. Не могла делать лапшу. Муж мне помогал готовить лапшу. Он очень хорошо и вкусно готовил». Осы тұста Мағжанның бір өлең жолдары еске түскені: «Жас келіннің күйеуі, Мұңын ашар сүйеуі...». Әкем анамның еркелігін түсінуге тырысқан.

«Он учился в КНР, с трудом разговаривал по русски, но при этом быстро осваивал и запоминал предметы и особенно быстро и успешно справлялся с практическими работами. Родом был из КНР. Когда-то его прадеды во время голода ушли за границу. Потом они занимались всем родом земледелием и скотоводством. По линии свекра кроме матери никого не было. По линии свекрухи старший брат Баяхмет Керуенбаевич был акимом района. Во

время переезда из КНР в СССР всем родственникам помог взять гражданство. Дети писали по арабски. Но когда переселились в Казахстан, быстро освоили кириллицу.

Өткенін еске түсіріп, сағыныштың лебі өршіп, езу тартып, бір нүктеге ұзақ қарап отырды да: «У нас семья была большая и дружная. Муж детям строго не относился. Никогда не обижал. Он был музыкантом, играл на гармошке и домбре, мандолине. Был любимым отцом, мужем и другом» -деп, еңсесін биік көтеріп, қызарып тұрған күнге бір қарап, маған бір қарап, тыңдап отырсын ба дегендей көздерімен күлімдеп, бір марқайып қалды.

Әкеміздің мейірімділігін көріп өскендіктен сағынып жиі еске алып отырамыз.

Түсіме еңсең сол баяғы кейіпінде

Ал, мен өксіп оянушы ем кей күнде.

Құлаған ай жерге түскен шытынап

Жарты ай болып қадалып тұр бейітінде. (С.Қалиев)

«Я немного фантазируя рисовала и шила. Вышивала канву и узоры. Детям шила распашонки, ползунки, праздничные наряды. Занималась вязанием. Я всегда участвовала в традиционных мероприятиях»- деп тағы біраз үндемей отырып қалды. Тек үй шаруасымен ғана шектелмей, мамандығы бойынша 35 жыл еңбек етіп, аянбай тер төкті.

Бойына қазақ әйеліне тән қасиеттерді дарытқан анам – отбасылық қана емес, қоғам мүшесі ретінде де өнер-білім саласында өз әлеуетін дамытқан адам. Алты баланы дүниеге әкеліп, немерелеріне тәрбие беріп, өмірлік тәжірибесін бөлісіп, апалық парызын орындауда. Өмірдің тауқыметін көп көрсе де, бұл фәнидің сынағына мойынсынбай тек алға ұмтылумен ғана жүрді. Үнемі: «Осы сендерді ойласам көмейімнен бір пиражок өтпейді»- дейтін анам өмірін тек балаларына арнап келеді. Атақты француз жазушысы Виктор Гюго айтқандай: «Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя». «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетіп жүрген» аналарға басымды иіп, мың тағзым етемін.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 06.05.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 850. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№5, 2015 ж., 144 бет, Алматы.